

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған (екінші кезең) орта мерзімді жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 тамыздағы N 884 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары (бұдан әрі - Жоспар) мынадай құрамда бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған негізгі бағыттары (1-бөлім);

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік реттеуіштері (2-бөлім);

3) 2006-2008 жылдарға арналған қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың тізбесі (4-бөлім);

4) қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі 2006-2008 жылдарға арналған басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі (5-бөлім).

2. Күпия.

3. Күпия.

4. Жоспар құрамында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған маңызды көрсеткіштерінің болжамы (3-бөлім) мақұлданысын.

5. Ұлттық компанияларды дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған негізгі бағыттары мен негізгі көрсеткіштерінің болжамы (6-бөлім) назарға алынсын.

6. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері тиісті облыстар мен қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарларын уақтылы әзірлеуді және заңнамада белгіленген тәртіппен бекітуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйі және Жоспардың іске асырылу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін тоқсан сайын хабардар етсін.

8. "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы (бірінші кезең)" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 маусымдағы N 560 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 23, 291-құжат) күші жойылды деп танылсын.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 6 т а м ы з д а ғ ы
N 8 8 4 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары

МАЗМҰНЫ

1-бөлім. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған негізгі бағыттары

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.27. N 129 қаулысымен

Кіріспе

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесіне с ә й к е с ә з і р л е н д і .

Жоспарда сыртқы және ішкі факторларға қарай 2006-2008 жылдарға арналған экономиканы дамытудың қарқындары негізделеді және орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының экономиканың жеке және мемлекеттік секторларын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау саласындағы іс-қимылы айқындалады.

Стратегиялық жоспарларда, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауларында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасында айқындалған мақсаттарға қол жеткізу және басымдықтарды іске асыру үшін экономика салаларын дамыту саласындағы 2006-2008 жылдарға арналған міндеттер және оларды шешу жолдары Жоспарда айқындалады.

1. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және 2005 жылға арналған дамуын бағалау

2004 жылы 2003 жылмен салыстырғанда жалпы ішкі өнім (бұдан әрі - ЖІӨ) 9,4%-ға өсті және 5542 млрд. теңгені құрады.

Экономиканың өсуіне өнеркәсіп елеулі үлес қосты, мұндағы жоғары даму қарқынын оның құрамдас секторларының тұрақты дамуы қамтамасыз етті. 2004 жылы 2003 жылмен салыстырғанда өнеркәсіптік өндірістің өсуі 10,1%-ды құрады, оның ішінде тау-кен өнеркәсібі - 12,7%-ға, өңдеуші өнеркәсіп - 8,9%-ға, өндіріс және электр энергиясын, газ және су тарату - 3,5%-ға өсті.

2003 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 0,1%-ға өсті және 694,7 млрд. теңгені құрады.

Қызметтер секторындағы неғұрлым ауқымды өсу байланыста қамтамасыз етілді, мұнда кәсіпорындар мен ұйымдар көрсететін қызметтер көлемі 2003 жылғы деңгейден 32%-ға асып түсті және 150,8 млрд. теңгені құрады.

2003 жылмен салыстырғанда көліктің барлық түрлерімен тасымалдау 9%-ға өсті және 1840 млн. тонна жүкті құрады.

2004 жылы инфляция деңгейі орта есеппен 6,9%-ды құрады.

Қаржы рыногының барлық сегменттерінің тұрақты дамуы елдің ішкі кредит рыногын едәуір жандандыруға және өндірістік сектор мен қызметтер секторын дамытуға бағытталатын ақша қаражатының мөлшерін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Екінші деңгейдегі банктердің экономика саласына кредиттік салымдары 2005 жылғы желтоқсанның аяғында 1484,3 млрд. теңгені құрады және 2003 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 51,8-ға өсті.

2004 жылы қазақстандық өнім экспорты барлық тауарлар номенклатурасы бойынша 2003 жылмен салыстырғанда 55,5 %-ға ұлғайды. Нақты көлем құны мен индексі бойынша шикі мұнайдың және мұнай өнімдерінің (газ конденсатын қоса алғанда) экспорты 2003 жылдың деңгейінен тиісінше 61%-ға және 19%-ға жоғары болды.

Темірден жасалған жалпақ илек экспорты 7%-ға ұлғайды, бұл ретте сатудан түсетін түсім 15%-ға, тазартылған мыс - 4%-ға және 64%-ға, өңделмеген мырыш - 14%-ға және 42%-ға, өңделмеген қорғасын - 21%-ға және 86%-ға ұлғайды.

2004 жылы Қазақстанға тікелей Шетелдік инвестициялардың нетто-ағымы 5,5 млрд. АҚШ долл. асты, бұл 2003 жылғы осыған ұқсас көрсеткіштен 2,5 есеге көп.

Шетелдік қарыз капиталының мол ағылуымен қатар экспорттан түсетін валюталық пайда түсімдері ішкі валюта рыногында шетелдік валютаның шамадан тыс ұсынылуына себеп болды. Ішкі валюта рыногына көрсетілген қысым салдарынан АҚШ долларына қатысты теңгенің айырбас бағамы номиналды қымбаттады. 2004 жылғы қаңтар-желтоқсанда теңгенің орташа өлшенген айырбас бағамы бір доллар үшін 136,04 теңгені құрады, жыл басынан бері АҚШ долларына қатысты номиналды мәндегі теңге

9,30% - ға

нығайды.

2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы халықтың нақты есептелген кірісі 13,2%-ға көтерілді. 2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы бір жұмыскердің орташа жалақысының нақты өсуі 13,9%-ды құрады.

2005 жылғы бірінші жарты жылда сыртқы экономикалық жағдайлар мен елдегі жүргізіп отырған экономикалық саясат экономика дамуының жоғары қарқынын сақтауға мүмкіндік берді.

Экономика өсуінің жоғары қарқынын сақтауға әсер еткен негізгі факторлар мыналар: әлемдік тауар рыноктарындағы шикізатқа жоғары бағалар, негізгі капиталға едәуір көлемде инвестициялар тартуға мүмкіндік берген елдегі қолайлы экономикалық ахуал және тікелей шетелдік инвестициялар, халықтың ақшалай табыстарының өсуі есебінен ішкі сұраныстың кеңеюі және бөлшек сауда тауар айналымының ұлғаюы; тұтыну рыногында бағалардың және негізгі валюталарға теңге бағамының күрт ауытқуларының болмауы.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің бағалауы бойынша 2005 жылғы қаңтар-маусымда ЖІӨ-нің өсуі 9,1%-ды құрады. Өсудің жоғары қарқыны өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында өнім шығарудың есебінен қамтамасыз етілді. Құрылыс индустриясы экономиканың өсуіне едәуір үлес қосты. Қызметтер секторында көрсетілетін қызметтердің көлемі өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда жоғары болды.

Ағымдағы жылғы бірінші жарты жылда өнеркәсіп өнімдерін (тауарларын, қызметтерін) өндіру көлемі 2294,6 млрд. теңге құрады және өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 7%-ға ұлғайды.

Ауыл шаруашылығында өнім өндіру 4%-ға ұлғайды және 167,2 млрд. теңгеге жетті.

Құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі 240,4 млрд. теңге құрады және өткен жылғы деңгейден 33,8%-ға асты.

Өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда көліктің барлық түрлерімен жүктерді тасымалдау 2,8%-ға өсті, бөлшек тауар айналымының көлемі 10,8%-ға ұлғайды, байланыс қызметтерінің көлемі 21,2%-ға өсті.

2004 жылғы желтоқсанға қарағанда инфляцияның жалпы көлемін сипаттайтын тұтыну бағаларының индексі маусым айында 3,5%-ды құрады. Инфляцияның орташа жылдық мәні 7,3%-ды құрады.

Ағымдағы жылғы алты айда теңгенің орташа өлшенген айырбас бағамы бір доллар үшін 131,21 теңгені құрады, жыл басынан бері АҚШ долларына қатысты номиналды мәндегі теңге 3,84%-ға құнсызданды.

Ұлттық қордың ақшаларын (5,2 млрд. АҚШ долл.) қоса алғанда, елдің жалпы халықаралық резервтері 13,2 млрд. долл. құрады.

2005 жылғы алты айда ақша массасы 11,1 %-ға ұлғайды және 1833,3 млрд. АҚШ

д о л л .

қ ұ р а д ы .

2005 жылы қаңтар-маусымда Қазақстан Республикасының сыртқы тауар айналымы 21,2 млрд. АҚШ долл. құрады және өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 49,2%-ға ұлғайды. Экспорт көлемі 53,1%-ға өсті және 13,1 млрд. АҚШ долл. жетті, тиісінше импорт - 43,4%-ға және 8,1 млрд. АҚШ долл.

Жұмыссыздардың саны маусым айында 640,6 мың адамды құрады және өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2%-ға ұлғайды. Жұмыссыздардың деңгейі экономикалық белсенді халықтың 7,7%-ын құрады.

2005 жылғы маусымда жұмысшыларға аударылған орташа айлық номиналды жалақы 32152 теңге құрады және 2004 жылғы маусым айымен салыстырғанда 14,4%-ға өсті. Нақты жалақы 6,0%-ға артты.

Қаржы секторының тұрақты дамуы мен халықтық нақты табыстарының өсуі халық салымдары өсуінің негізгі факторлары болды, бұл 2005 жылғы алты айдың нәтижелері бойынша 13,7%-ға ұлғайды және 509,5 млрд. теңгеге жетті.

Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің бағалауы бойынша 2005 жылы 2004 жылға қарағанда ЖІӨ-нің нақты өзгеруі 8,8%-ды құрайды.

Экономикалық өсу өнеркәсіптегі өндіріс қарқынының 6,7%-ға өсуімен қатар жүреді

Тұтастай республика бойынша егіс алаңының құрылымы өткен жылғы деңгейде сақталады және 17,9 млн. га құрайды, оның ішінде 14,3 млн. га. жерге дәнді дақылдар (күздік дақылдарды есепке алғанда) егіледі.

2004 жылмен салыстырғанда астық өндіру 4,8%-ға ұлғаяды және 13,0 млн. тоннаны құрайды, оның ішінде бидай 10,0 млн. тоннаны құрайды. Ауыл шаруашылығында өндіріс көлемінің өсуі 100,5%-ды құрайды деп күтілуде.

Құрылыс қарқыны 2004 жылғы қарқыннан 9,5%-ға жоғары болады. Саладағы өсу, негізінен, тұрғын үй құрылысын кеңейту есебінен қамтамасыз етіледі.

2005 жылы 61 млн. тонна мұнай мен газ конденсаты өндіріледі, бұл 2004 жылғы деңгейден 2,7%-ға артық.

Қазақстандық өнімдердің экспорты 2004 жылғы деңгейден 24,9%-ға асып түседі және 26,8 млрд. АҚШ долларын құрайды.

2004 жылмен салыстырғанда импорт 20,1%-ға ұлғаяды және 18,6 млрд. АҚШ долларын құрайды.

Бағалау бойынша орташа жылдық мәндегі инфляция 5-7% аралығында сақталады.

2. Экономиканың 2006-2008 жылдары жұмыс істеу жағдайлары

Параграф 1. Сыртқы жағдайлар

Әртүрлі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалауы бойынша 2006-2008 жылдары әлемдік экономика бірқалыпты қарқынмен дамиды. Әлемдік экономиканың өсуінде АҚШ, Қытай, ЕО елдері және Жапония айқындалушы рөл атқарады.

Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша 2004 жылы әлемдік экономиканың өсуі 4%-ды құрады. Банк 2005-2006 жылдары әлемдік экономиканың жыл сайын 3,2% өсуін болжап отыр. 2004 жылмен салыстырғанда өсу қарқынының бәсеңдеу болжамы әлемдік экономиканың теңгерімсіздігін ескере отырып жасалды, бұл АҚШ-тағы қосарлы жоғары тапшылықтың, еуропа елдеріндегі экономиканы қалпына келтірудің созылып кетуінің; Қытай экономикасындағы белгісіздіктің және оның қызып кету ықтималдығының, сондай-ақ мұнайдың болжанбайтын бағаларының әсерінен пайда болып отыр.

Банк мамандарының бағалауы бойынша орта мерзімді перспективада осы факторлардың әлемдік экономиканың өсуіне әсері сақталады.

Валюта рыногында америка долларының әлсіреуімен сипатталатын өткен жылдардағы үрдіс жалғасады деп күтілуде. 2004 жылы негізінен екі фактор - АҚШ бюджетінің тапшылығы мен сауда теңгерімінің күшеюі доллар бағамының өзгеруіне келеңсіз әсерін тигізді. Көрсетілген факторлардың салдарынан АҚШ доллары бағамының әлсіреуі евроға қатысты 8,7%-ды, жапон иеніне қатысты 3,7%-ды құрады.

Халықаралық валюта қорының (бұдан әрі - ХВҚ) болжамы бойынша 2005 жылы әлемдік экономиканың өсуі 4%-дан астам болады.

Қор мамандарының пікірі бойынша мұнайдың қымбаттауы, инфляцияның жеделдеуі және ағымдағы шоттардың теңгерімсіздігі әлемдік экономиканың өсуі үшін айтарлықтай қауіп төндіреді.

ХВҚ бағалауы бойынша Азияның дамушы елдеріндегі ЖІӨ-нің өсу қарқыны 2004 жылғы 8%-дан 2005 жылы 7%-ға дейін бәсеңдейді. Өңірдегі экономиканың өсуі, негізінен, ішкі сұраныстың айтарлықтай кеңеюі есебінен болады деп күтілуде.

Азия Даму Банкінің мәліметтері бойынша 2004 жылы Азия-Тынық мұхиты өңіріндегі дамушы елдердің жиынтық ЖІӨ-сі 7,3%-ға ұлғайды. Бұл 1997-1998 жылдардағы валюта-қаржы дағдарысы уақытынан бергі өңірдегі ең жоғарғы өсу қарқыны. Рекордтық көрсеткішке белгілі бір дәрежеде халық кірістерінің жоғарылауы және ішкі сұраныстың өсуі, Қытайдың серпінді экономикалық дамуы, өңірдегі сауданы және экономикалық ықпалдасуды одан әрі жандандыру сияқты факторлардың есебінен қол жеткізілді.

Банк мамандарының болжамы бойынша мұнайдың жоғары бағаларына және 2004 жылғы желтоқсандағы апатты цунами салдарларына қарамастан, 2005 жылы Азияның дамушы елдеріндегі экономикалық өсу қарқыны жоғары болады және 6,5%-ды құрайды. 2006-2007 жылдары олардың экономикалық өсу қарқыны орта есеппен 6,6-6,9% - ға жетуі мүмкін.

Азия-Тынық мұхиты өңіріндегі дамушы елдердің экономикалық өсуіне індеттер,

террорлық қауіп, энергия тасығыштарға бағалар өсуінің жалғасуы және АҚШ-тағы зор сыртқы сауда тапшылығының салдарынан валюта бағамдарының тұрақсыздығы теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Тауар рыноктары

2005 жылы қазақстандық экспорттың негізгі тауарларының әлемдік бағалары сақталды. Энергия тасығыштар мен металдардың әлемдік бағаларының жоғарылауын көп жағдайда, Қытай мен басқа да дамушы елдердің шапшаң дамуы, шикізат өндіру мен жеткізудегі зілзала апаттары және биржа трейдерлерінің алып-сатарлық белсенділігі нәтижесінде туындаған үзілістер айқындап берді.

Ағымдағы жылдың бірінші жарты жылында әлем рыногында негізгі экспорт тауарларына қолайлы конъюнктура сақталды. Дүниежүзілік банктің мәліметтері бойынша 2004 жылдың тиісті кезеңмен салыстырғанда "Brent" маркалы мұнайдың әлемдік орташа бағасы 47,2%-ға ұлғайды және бір баррель үшін 49,63 АҚШ долларын құрады. Мыстың әлемдік бағасы 20,6%-ға, мырыштікі - 23,4%-ға, қорғасын - 18,9%-ға ұ л ғ а й д ы .

Халықаралық энергетика агенттігінің (IEA) болжамы бойынша 2005 жылы әлемдегі мұнай тұтыну деңгейі тәулігіне 84,27 млн. баррельді құрайды. Қытайда шикізат тұтынудың азаюы, АҚШ-та тауар запастарының өсуі және Таяу Шығыс елдерінде мұнай өндірудің ұлғаюы бағалардың төмендеуіне ықпал етуі мүмкін.

IEA мәліметтері бойынша Қытайда мұнайға сұраныстың өсу қарқыны 2004 жылғы 21%-бен салыстырғанда 2005 жылдың басында 5,4%-ға дейін азайды.

Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы (бұдан әрі - ОПЕК) 2005 жылы шикі мұнайға жаһандық сұранысқа қатысты өз болжамын күніне 80 мың баррельге ұлғайтты. Әлемдік мұнай картелінің веналық штаб-пәтерінде жарияланған ОПЕК-тің сараптамалық баяндамасында аталғандай, 2005 жылы мұнайға жаһандық сұраныс күніне 1,73 миллион баррельге өседі.

2005 жылы әлемдік тауар рыногында мыс тапшылығы байқалатын болады.

International Copper Studi Group (ICSG) бағалауы бойынша 2005 жылдың аяғына қарай рынокта мыстың жетіспеуі 260 мың тоннаны құрайды.

Societe Generale француз банкінің талдаушылары 2005 жылғы мыстың құнына қатысты қаңтардағы болжамды қайта қарады. Осылайша, мыстың орташа бағасы бір тонна үшін 2980 АҚШ доллары деңгейінде болжанып отыр, бұл алдыңғы болжамнан 9,7%-ға жоғары. Банктің бағалауы бойынша 2005 жылы металға сұраныс 3,9%-ға - 17,4 млн. тоннаға дейін ұлғаяды, соның нәтижесінде 50 мың тонна мөлшерінде тапшылық п а й д а б о л а д ы .

Орта мерзімді жоспарда мыс рыногына қатысушылар металдың биржалық запастарының азаюын және Қытай тарапынан сұраныстың ұлғаюын болжап отыр.

Қорғасын бағасы ұлғаюының жалғасуы әлемдік экономиканың дамуымен, Қытай сұранысының өсуімен, сондай-ақ шикізат өндіру жағдайларының күрделенуімен түсіндіріледі, 2005 жылғы наурызда Лондон металдар биржасында қорғасынның орташа құны бір тонна үшін 1004,6 долларды құрады және 11,3%-ға ұлғайды. Бұл ретте қойма запастары 34 мың тоннадан 33-ке дейін азайды.

Ұзақ мерзімді перспективада Қытай, АҚШ және Жапония тарапынан сұраныстың одан әрі өсу үрдісі, сондай-ақ әлемдік тауар рыноктарында қорғасын запастарының азаюы ықтимал. Қорғасын рыногына алып-сатарлық фактор зор әсерін тигізеді, талдаушылардың бағалауы бойынша бүгінде қорғасын бағасының шамамен 20%-ын " алып-сатарлық үстеме" құрайды.

Қорғасын құнына қатысты болжамдарда бағалардың 2005 жылы жоғарылауы және 2006 жылы төмендеуі күтіледі.

2005 жылы жалпы әлемдік сұраныстың ұлғаюы және мырыштың биржалық жоғары бағасының сақталуы болжанып отыр. Goldman Sachs талдаушыларының болжамдары бойынша Қытай тарапынан сұраныстың өсуі және жаңа металл көздерінің болмауы салдарынан 2005 жылы мырыштың орташа жылдық құны 28%-ға өсуі мүмкін. Тұтастай алғанда, өткен жылмен салыстырғанда сұраныстың 2%-ға ұлғаюы болжанып отыр.

Лондон металдар биржасының мәліметтеріне сәйкес, қаңтар-маусымда мырыштың орташа айлық бағасы бір тонна үшін 1294 АҚШ доллар деңгейінде белгіленді. 2005 жылдың басынан бері мырыш 23,5%-ға қымбаттады.

Әлемдік экономиканың бүгінгі жалпы өрлеуіне байланысты барлық өзге металдарға сұраныстың өсуі сияқты алюминийге әлемдік сұраныс өседі. Бұл ретте алюминий тапшылығы байқалатын болады, бұл глиноземнің ірі импорттаушысы болып отырған Қытай тарапынан болатын жоғары сұраныспен байланысты. Қазіргі уақытта Қытай әлемдегі бүкіл алюминийдің 20%-ынан астамын тұтынады.

Алюминий бағасының 2005 жылға арналған болжамдарының басым көпшілігінде осы металл бағаларының өсуі болжанады. Мысалы, Societe Generale француз банкі алюминийдің орташа бағалары болжамын 6%-ға - бір тонна үшін 1950 долларға дейін көтерді. Болжамды бағалардың жоғарылауы алып-сатар инвесторлар тарапынан металға сұраныстың шапшаң ұлғаюы салдарынан болды.

Тұтастай алғанда, Morgan Stanley сарапшыларының бағалауы бойынша 2005 жылы болаттың бағасы 2004 жылғы орташа көрсеткіштен асып түседі. Мысалы, 2004 жылғы орташа көрсеткішпен салыстырғанда 2005 жылы ыстықтай басылған рулонды болат құны 9%-ға ұлғаяды және бір тонна үшін 480 долларды құрайды. Сонымен қатар, талдаушылар ыстықтай басылған болат құны 2006 жылдың өзінде 15%-ға - орта есеппен бір тонна үшін 409 долларға дейін азаяды деп күтуде.

Қазақстан, бүгінде әлемдік экономикалық жүйеге біріккен шағын рынокқа ие бола отырып, өзінің негізгі сауда-саттық жасайтын әріптестерінің тұрақты дамуына мүдделі.

Сарапшылардың бағалауы бойынша жалпы алғанда, АҚШ пен ЕО-дағы қалыптасқан экономикалық ахуал Қазақстанның экономикасына теріс әсер етпейді. Қазақстандық экспорттық тауарларға деген сұраныс едәуір жоғары және жақын перспективада бұл елдермен сыртқы сауданың көлемі сақталады.

АҚШ долларына қатысты теңгенің нақты нығаюы және кірістердің өсуі кезінде инвестициялық және тұтынылық сұраныс негізінен алыс шетелдермен болатын импорттың есебінен қамтамасыз етіледі.

Қытайдың қарқынды дамуы сыртқы сауда операциялар бойынша көрсеткіштердің жақсаруын болжауға мүмкіндік береді және бұл елдің қаржы рыногында қазақстандық экспорттың кеңеюі және жылжу мүмкіндіктерін күшейтеді.

Жақын перспективада республиканың негізгі сауда әріптесі Ресеймен тауар айналымы төмендемейді деп күтілуде.

Мұнай рыногы бағалардың жоғары деңгейімен және өндірудің, сол сияқты тұтынудың тұрақты өсуімен сипатталады, бұл мұнай экспорттаушылар үшін барынша қолайлы. Жалпы, әлемде мұнай тұтынудың ұлғаюы және бағаның жоғары болуынан мұнай, Қазақстанның сыртқы саудасының экспорттық құрамына қолайлы әсер етеді.

Астықтың, сондай-ақ әлемдік запастар өндірісінің, оның ішінде республиканың негізгі сауда әріптестерінің бірі Қытайда төмендеуі алдағы жылдарда қазақстандық бидайдың экспорт көлемінің тұрақты сақталуында негізгі фактор болмайды.

Қытай, АҚШ, Жапония, Германия, Оңтүстік Корея, Италия, сондай-ақ бірқатар елдердің тарапынан түсті металдарға сұраныстың және оны тұтынудың ұлғаюы Қазақстанның металлургиялық кешенінің дамуына оң әсер етеді.

Қара металдар рыногындағы кейбір ахуалдың нашарлауына қарамастан автомобиль өнеркәсібі мен кеме құрылысы үшін болат өніміне Қытайда қажеттіліктің өсуі бұл өнім экспорты көлемінің ұлғаюы үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Параграф 2. Ішкі жағдайлар

2006-2008 жылдары экономиканы дамытудың жоғары қарқынын қамтамасыз ету үшін экономиканы өсірудің барлық негізгі факторларын жедел дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалатын болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі осы аралықтағы инфляцияны ұстап тұру мақсатында ақша-кредит саясатын қатандату жөніндегі шараларды қабылдайтын болады. Қайта қаржыландырудың ресми ставкасының реттеуші функцияларын күшейту үшін практикаға тоқсан сайын қайта қарауды және қайта қаржыландырудың ресми ставкасын ақша рыногының жалпы жай-күйіне, қарыздар бойынша сұраныс пен ұсынысқа, инфляция мен инфляциялық күтілімдердің деңгейіне қарай белгілеуді енгізу жоспарланып отыр.

Теңгенің айырбас бағамының серпіні сыртқы жағдайлармен де, Ұлттық Банктің

бағамды ішкі валюта рыногына шетел валютасының ағынына байланысты қалыпты өзгеруін қамтамасыз ете отырып, теңге бағамының күрт ауытқуларын болдырмауға бағытталған саясатымен де айқындалатын болады.

Алдыңғы жылдардағыдай, бұл жылдары да өнеркәсіпті дамыту негізінен басты екі стратегиялық құжатта: Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1095 Жарлығымен бекітілген Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасында және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясында (бұдан әрі - Стратегия) айқындалатын болады.

Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2003 жылға қатынасы бойынша 2005 жылы мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемін 2,7-3 есе ұлғайту ұйғарылып отыр.

Мұнай-газ секторын тұрақты дамыту Қазақстандағы экономикалық өсуді қамтамасыз етудің кепілі болып табылады.

Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін Стратегияның екінші кезеңін іске асыру жалғасатын болады. Экономиканың басым салаларында кластерлік бастамаларды дамыту үшін негіз құру бұл кезеңнің негізгі қорытындысы болады.

Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді жасау мен дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту бұл міндетті шешудегі бірінші қадам болды және бұл перспективада экспортқа бағдарланған жаңа өндірістер құруға мүмкіндік береді. Аталған Жоспарға жеті пилоттық кластерлер енгізілді: туризм, құрылыс материалдары, тоқыма өнеркәсібі, тамақ өнеркәсібі, металлургия, мұнай-газ машиналарын жасау, көліктік логистика. Қабылданған шаралар кейінгі жылдары экономиканың осы салаларына кластерлік ұстанымды кең ауқымда енгізу үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Кластерлік бастамаларды дамытуға бағытталған жекелеген басым инвестициялық жобалар, сондай-ақ инновациялық сипаты бар жобалар даму институттары арқылы қаржыландырылатын болады.

Қаржы даму институттарының инвестициялық жобаларының портфелі қаржыландыруда даму институттарының 530 млн. АҚШ долл. астам қатысу үлесі бар жалпы сомасы 1776 млн. астам АҚШ долл. қаржыландыру үшін мақұлданған 96 инвестициялық жобалардан тұрады.

Қазақстанның инвестициялық қоры үш жоба бойынша - құны 269,15 млн. АҚШ долл. табақ шыны, құны 80 млн. АҚШ долл. электрмен пісіру тік жікті құбырлар және Қарағандыда құны 269 млн. АҚШ долл. сортпрокат өндірісінің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуді бастады. Өндірістік инфрақұрылымды қалыптастыруға бағытталған, перспективалы жобалар болып табылатын құны 150 млн. АҚШ долл. Шар-Өскемен темір жол желісін салу жөніндегі

жобалау жұмыстары жүргізілуде.

2005 жылы даму институттарының 21,5 млн. АҚШ долл. қатысу үлесімен қаржыландыру үшін 525,2 млн. АҚШ долл. сомасында 29 жоба мақұлданды.

"Инжиниринг және технологиялардың трансферті орталығы" АҚ қатысуымен 2004-2005 жылдары Қарағанды, Орал және Алматы қалаларында жарғылық капиталдарының жалпы сомасы миллиард теңгеден асатын үш өңірлік технопарк құрылды.

Технопарктер қызметінің негізгі мақсаты отандық ғылыми-техникалық әзірлемелерді және перспективалы шетелдік технологиялар трансфертін енгізудің тиімді тетігін жасау арқылы экономиканың нақты секторының технологиялық дамуына жәрдемдесу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 сәуірдегі N 387 қаулысымен Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді.

Бағдарлама мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен конкурстық негізде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық гранттық қаржыландыру жүйесін енгізуді көздейді.

Республикада инвестициялық преференциялар беру 2003 жылғы 8 қаңтарда қабылданған "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. 2005 жылғы мамырда "Кейбір заңнамалық актілерге инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Онда бірқатар басымдықтарға ие инвестициялар беруді мемлекеттік қолдау шараларының жаңа тетігі қаланған. Олар:

- отандық, сол сияқты шетелдік инвесторларды тең деңгейде қолдау және ынталандыру;

- инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінімдерді қарау мерзімдері едәуір қысқартылған (отыз жұмыс күніне дейін);

- оларды беру тәртібі және инвесторларға инвестициялық жобаны іске асыру үшін әкелінетін жабдықтар мен оған құрамдауыштардың импорты кезінде кедендік баждарды төлеуден босату тетігі оңайлатылды;

- 10 жылға дейін корпорациялық салықтан босату түрінде салық преференциясының әрекет ету мерзімі Салық кодексіне сәйкес келтірілген;

- келісім-шарт бойынша инвесторлардың инвестициялық міндеттемелерді орындау мониторингінің барынша ашық және нақты рәсімдері белгіленді;

- мемлекеттік заттай гранттар беру схемасы өзгертілді.

"Инвестициялар туралы" Заң инвестициялар көлемінің төменгі шегін белгілемейді, ол қызметтің басым түрлерінде инвестицияны жүзеге асыратын шағын және орта бизнес кәсіпорындарын қоса алғанда, оны қолдану аясын кеңейтеді.

Мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында активтерді басқару жөніндегі бірқатар мемлекеттік функцияларды рыноктық ортаға беру арқылы

мемлекеттік меншіктің құрылымын оңтайландыру жүргізіледі.

2006-2008 жылдары әлемдік рынокта мұнайға қолайлы баға конъюнктурасының сақталуы экономика өсуінің негізгі факторларының бірі болады.

Тауарлар мен инвестициялық ресурстарға ішкі сұраныстың кеңеюі инвестициялық ресурстардың импортын едәуір ұлғайтуға мүмкіндік береді.

3. Қазақстан Республикасын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған мақсаттары, міндеттері және басымдықтары

Параграф 1. Стратегиялық міндеттерді шешу саласында

2000 жылмен салыстырғанда 2008 жылы ЖІӨ-ні екі еселеу Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Жолдауына сәйкес экономикалық саясат саласындағы Үкіметтің басты стратегиялық міндеті болып табылады. Бұл міндетті шешу үшін орташа 8,5%-ға жыл сайын экономиканың өсуін қамтамасыз ету көзделіп отыр.

Азаматтардың өмір сүруінің жоғары стандарттарын жасау орта мерзімді кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады, бұл Қазақстанның әлемнің тиімді дамушы елдерінің қатарына кіруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін 2010 жылға қарай жан басына шаққанда 5000 АҚШ долларынан асатын, ал 2015 жылға қарай 9000 АҚШ доллары деңгейіне дейінгі ЖІӨ-ге қол жеткізу қажет.

1-сурет. ЖІӨ-ні еселеу жөніндегі кесте
суретті қағаз мәтіннен қараңыз.

Көзі: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Параграф 2. Орта мерзімді міндеттерді шешу саласында

2006-2008 жылдары әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары Президенттің "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына Жолдауында, стратегиялық жоспарларда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Бағдарламасында, Индустриялық-инновациялық даму стратегиясында айқындалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес болады.

Инновациялық экономика құру және экономиканың шикізаттық емес секторын дамыту жөніндегі белсенді жұмыс экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға
ы қ п а л е т у і т и і с .

Жоспарланып отырған кезеңде бәсекеге қабілетті экономика негіздерін құру үшін мынадай міндеттерді шешу ұйғарылып отыр:

2006-2008 жылдары ЖІӨ-нің орта есеппен 8,5%-ға орташа жылдық өсу қарқынын қамтамасыз ету;

инфляцияның орташа жылдық деңгейін 5-7%-дық межеде қамтамасыз ету; сақтандыру жүйесін дамыту;

кәсіпкерлік ортаның бастамаларын іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау; металлургия, тоқыма салаларында, тамақ өнеркәсібінде, мұнай-газ машина жасауда, құрылыс индустриясында, туризмде, көлік-логистикалық қызметтерде пилоттық кластерлерді құру және дамыту;

ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру және өңдеу саласында кластерлік бастамаларды іске асыру арқылы аграрлық өндірісті индустрияландыру;

ауылдық аумақтардың әлеуметтік проблемаларын шешу және ауыл халқы мен қала халқының арасындағы өмір сүру деңгейінің алшақтығын азайту;

ғылымды қажетсінетін өндірістерді және ғарыш қызметін дамыту;

болашақтың жоғары технологиялы және ғылымды қажетсінетін өндірістері үшін кадрлық әлеуетті қалыптастыру;

халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерінің өмірін лайықты қамтамасыз ету; тұрғын үй проблемасын жеделдете шешу;

белсенді, жан-жақты және теңестірілген сыртқы экономикалық саясатты жүргізу;

Алматы қаласында өңірлік қаржы орталығын құру тұжырымдамасын одан әрі іске асыру.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың 2006-2008 жылдарға арналған басымдықтары болып мыналар айқындалды:

ел экономикасының Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын одан әрі іске асыру, жеке сектормен ынтымақтастықты тереңдету;

ғылымды, білім беруді және халықтың кәсіби біліктілігін дамытудың қазіргі заманғы және тиімді жүйесін құру;

тұрғын үй құрылысын дамыту;

денсаулық сақтау жүйесін одан әрі жетілдіру;

шағын кәсіпкерлікті дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені;

халықты зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыруды одан әрі арттыру; қоршаған ортаның ластану деңгейін қысқарту;

мемлекеттің астанасы Астана қаласын дамыту.

4. Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету

Ескерту. 4-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.15. N 395 қаулысымен.

Параграф 1. Макроэкономикалық саясат және 2006-2008 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы

Қазіргі уақытта экономиканың "қызып кету" болдырмау проблемасы елдің тұрақты макроэкономикалық дамуын қолдау бөлігінде ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы уақыттарда Қазақстанның экономикасында белгілі бір үрдістер бар, олардың дамуы орта мерзімді перспективада экономиканың "қызып кетуіне" әкелуі мүмкін.

Қазақстанның экономикасы жоғары қарқынмен өсуде. 2000 жылдан бастап ЖІӨ өсуінің орташа қарқыны 10,3%-ды құрады. Алайда, экономикалық өсу ең бастысы әсер етуі күшейіп бара жатқан шикізат секторының дамуына байланысты.

Инвестициялардың құрылымы олардың басым бөлігінің экономиканың шикізат және сатылмайтын салаларына бағытталаатынын көрсетті. Елдің жалпы экспортындағы мұнай мен газ конденсаты экспортының үлесі ұлғаюда.

2005 жылғы бірінші жарты жылда өткен жылмен салыстырғанда кейбір инфляциялық процестердің күшеюі байқалады. Бұл экономика "қызып кетуінің" басталуының басты белгілерінің бірі болып табылады.

Ағымдағы жылғы жарты жылдың қорытындылары бойынша қаңтар-маусымда инфляцияның деңгейі 3,5% құрады, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,1 пайыздық пункт жоғары. Ал жылдық мәнде 2005 жылғы қаңтар-маусымда инфляция деңгейі өткен жылғы осы кезеңіне қарағанда орташа 7,3% құрады (2004 жылы 6,9%).

Инфляцияға монетарлық факторлардың үлкен әсер етуі жалғасуда. Соңғы жылдары экономикаға қысым жасай отырып, ақша массасы жоғарғы қарқынмен өсуде. Ақша ұсынысы экономиканың өсуі қарқынынан едәуір оза отырып, қарқынды өсуін жалғастыруда.

Сыртқы рынокта қарыз алушылар ретінде банктердің белсенді қатысуы банк секторының экономиканы кредиттеу көлемінің өсуіне ықпал етті. Өз кезегінде банктердің сыртқы қарыз алуының өсуі ссудалық капиталдың төмен құнымен сипатталатын сыртқы рыноктағы қолайлы жағдайға негізделген.

2000 жылмен салыстырғанда екінші деңгейдегі банктердің сыртқы қарыздары 2004 жылы 34,5 есе өсті, 2001 жылмен салыстырғанда банктік емес жеке сектордың қарыздары 4 есеге өсті.

Сыртқы қарыз алудың және кредит беру көлемінің өсуімен қатар банктердің тәуекелдері де өсуде және екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфелінің сапасы нашарлауда.

1999 жылмен салыстырғанда 2004 жылдың соңында ақша массасы 6 есе, экономикадағы екінші деңгейдегі банктердің кредиттері 10 есеге өсті, ал номиналды ЖІӨ 2,7 есеге ғана өсті.

"Либералды" ретінде сипатталатын, соңғы уақыттарда жүргізіліп отырған фискалдық саясаттың елдің макроэкономикалық жағдайына белгілі бір әсері бар. Экономиканың "қызып кетуі" туындауы үшін белгілі бір алғышарттар байқалуда, атап айтқанда мемлекеттік бюджет шығыстары өсуінің орташа қарқыны номиналды ЖІӨ-нің өсу қарқынын басып озуы.

Либералды фискалдық саясат жүргізуден ақша агрегаттарының жылдам өсуімен қатар экономика өсуінің жоғарғы қарқыны инфляциялық процестердің жылдам жүруіне ықпал етті.

Мұнайға жоғары әлемдік бағаға байланысты мұнай секторының шапшаң дамуы, белсенді фискалдық саясатын жүргізу, инфляциялық процестерді жеделдету және ақша массасының өсуі 2001 жылдан бастап АҚШ долларына қатысты теңге бағамының нығаюына ықпал етті. Өз кезегінде ұлттық валютаның нығаюы отандық қайта өңдеу өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне және импорттың жаппай көбеюіне әкеліп соғуы мүмкін.

Экономиканың бұдан әрі "қызып кетуін" болдырмау және орта мерзімді перспективада макроэкономикалық тұрақтылықты арттыру мақсатында шаралар кешенін қабылдау қажет.

Зерттеулер жүргізу негізінде жаңа мұнай кен орындарын пайдалануға тартуды есепке ала отырып, ұзақ мерзімді перспективаға арналған мұнай мен газ өндірудің барынша қолайлы кестесін әзірлеу қажет. Қазіргі уақытта Қазақстанда мұнай өндіруді еңсеру орынсыз, түсетін кірістерді экономиканы реформалауға, оның шикізаттық бағытынан кету, іске асырылатын бағдарламаларға мұрындық болатын басқа да факторларды жұмылдыруға жұмсау қажет.

Бұдан әрі мұнайға жоғары әлемдік баға және шетел капиталының көп көлемде елге ағылуы жағдайында фискалдық, сол сияқты ақша-кредит саясатын қатаңдату қажет.

Ақша-кредит саласында ақша агрегаттарының өсуіне бақылауды күшейту, сондай-ақ пайыздық ставкаларды өзгерту арқылы ақша рыногына әсер етудің тиімділігін арттыру қажет.

Қаржы секторын дамыту саясаты халықтың еркін ақша қаражатын инвестициялардың көзіне айналдыру үшін бағалы қағаздар рыногын одан әрі дамытуға бағытталуы тиіс. Бұдан басқа, екінші деңгейдегі банктердің сыртқы қарыз алуының шамадан тыс өсу қарқынын тежеу жөнінде шаралар қабылдау қажет.

Бәсекеге қабілетті экономика құру мақсатында Қазақстанның бәсекелі басымдықтарына сәйкес экономиканың секторларын дамыту, инфрақұрылым саласындағы реформалардың жалғасуы қажет. Білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы стратегияларды іске асыру жолымен өнімділігі жоғары жұмысшы күшін құруға көп көңіл бөлу қажет. Ғылым мен инновацияларды дамыту саласында жоғары білім мен ғылым жүйесін айтарлықтай жаңарту қажет.

Экономика дамуының жоғарғы қарқынын қамтамасыз ету үшін 2006-2008 жылдары

экономика өсуінің барлық негізгі факторларын жедел дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалады.

Қазақстан Республикасының 2005-2008 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштерінің болжамы

Ескерту. Таблица жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.05.15. N 395 қаулысымен.

Көрсеткіштер	2005 есеп	Болжам		
	2007	2008		
ЖІӨ, млрд. теңге	7457,1	8725	9988	11459
Өткен жылға %-бен ЖІӨ-нің нақты өзгеруі	109,5	108,3	108,3	108,9
ЖІӨ, млрд. АҚШ долл. ресми бағам бойынша	56,1	68,7	78,6	90,2
ЖІӨ, млрд. АҚШ долл. сатып алу қабілетінің шамасы (САҚШ) бойынша	160,7	173,9	194,2	218,1
Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ долл. ресми бағам бойынша	3703	4486	5092	5799
Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ долл. САҚШ бойынша	10619	11358	12571	14018
Тұтыну бағалары индексі (жылға орташа алғанда), %-бен	7,6	5,7-7,6	5-7	5-7
Ақша базасы, млрд. теңге	663	939	1184	1416
Ақша массасы, млрд. теңге	2065	2789	3561	4413
Экономиканы монеталандыру деңгейі, %	271	32	35,7	38,5
Тауарлар экспорты, млрд. АҚШ долл. (ФОБ)	28,2	29,4	29,9	31,2
Тауарлар импорты, млрд. АҚШ долл. (ФОБ)	17,9	21	23,4	26
Негізгі капиталға инвестициялар, млрд. теңге	2205,2	2602,1	2992,5	3411,4
өткен жылға %-бен	122,2	118	115	114
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі, млрд. теңге	763,2	806,3	866,5	936,2
өткен жылға %-бен	107,3	102	102,2	103
Өнеркәсіптік өнім көлемі, млрд. теңге	5124,1	5806,3	6512	7382,3
өткен жылға %-бен	104,6	104	104,2	106,7
Мұнай мен газ конденсатын өндіру, млн. тонна	61,9	62,5	64	70
Мұнайдың әлемдік бағасы (Brent коспасы), бір баррель үшін АҚШ доллары	54,4	55	54	53
Мұнайдың экспорттық бағасы, бір баррель үшін АҚШ доллары	45,2	44	43,2	42,4

Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің бағалауы бойынша 2006-2008 жылдары ЖІӨ өсуінің жылдық орташа қарқыны орташа алғанда 8,5% құрайды, жинақталған экономикалық өсу 27,7% құрайды.

2006-2008 жылдары мұнайға қолайлы баға конъюнктурасының әлемдік рынокта

сақталуы экономика өсуінің негізгі факторы болады. Brent маркалы мұнайдың әлемдік бағасы бір баррелі үшін 53-55 доллар шегінде болады, ал экспорттық бағасы бір баррелі үшін 42,4-44 доллар аралығында қалыптасады деп болжам жасалуда.

Сауда теңгерімінің оң сальдосы 2006-2008 жылдары орташа жылына 6,7 млрд. а с т а м А Қ Ш д о л л . к ұ р а й д ы .

Инвестициялық сұраныстың кеңеюі бірінші кезекте, кәсіпорындардың жеке қаражаты есебінен алынатын инвестицияларды қаржыландырудың ішкі көздеріне байланысты болады. Негізгі капиталға инвестициялардың орташа жылдық өсуі 2006-2008 жы л д а р ы 1 5 , 7 % к ұ р а й д ы .

2006-2008 жылдары өнеркәсіптің өсу қарқынының ұлғаюы болжанып отыр, ол орташа алғанда 5% құрайды.

5. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету

Параграф 1. Ақша-кредит саясаты және қаржы секторын дамыту Ақша-кредит саясаты

2006-2008 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты саласындағы негізгі мақсаты бағалар тұрақтылығын қамтамасыз ету болады.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатының операциялары бойынша ықпал ету шараларын күшейтеді және өзінің негізгі ставкаларының реттеуші рөлін одан әрі жоғарылатуға жәрдемдесетін болады.

Айтарлықтай экономикалық өсу және Қазақстанға шетелдік валюта ағымының ауқымды көлемі сияқты 2004 жылы инфляцияның жоғарылауына ықпал еткен негізгі факторлар 2005 жылы да өз әсерін сақтайды деп көзделуде. Бұдан басқа 2004 жылы өндіруші кәсіпорындар бағаларының 23,8%-ға жоғары өсуі 2005 жылы тұтыну бағалары өсуінің айқындаушы факторына айналуы мүмкін. Осы факторлардың инфляцияға ықпал етуін азайту үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатын күшейту жөніндегі шараларды қолданатын болады.

Ақша-кредит саясатын күшейту Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми ставкаларының кредиттер бойынша рыноктық ставкаларға ықпал ету бағытын өзгертуді көздейді. Егер өткен жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шаралары банктердің экономикаға кредит беру, оның ішінде ставкаларды төмендету жөніндегі қызметін жандандыру жөніндегі міндетті шешуге бағытталса, "экономиканың қызып кетуіне" жол бермеу қажетті жағдайларында ставкаларды төмендету мәселесі түпкі мұрат ретінде қойылмайды. Осыған байланысты 2005 жылғы 1 ақпаннан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми ставкасы жылдық 7%-дан 7,5%-ға дейін, ал 11 шілдеден бастап 7,5% - дан 8% - ға дейін артты.

Қайта қаржыландырудың ресми ставкасының реттеуші ерекшеліктерін күшейту

үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша рыногының жалпы жағдайына, қарыздар бойынша сұраныс пен ұсынысқа, инфляцияның деңгейіне мен инфляциялық күтулерге байланысты үнемі (тоқсан сайын) қайта қарайды және белгілейді.

Тұтастай алғанда, 2006-2008 жылдар ішінде ақша базасы мен ақша массасы шамамен 2 есе ұлғаяды деп күтілуде. Алайда соңғы жылдары байқалып отырған инфляция мен инфляциялық күтілімдердің қалыптасуына монетарлық факторлар әсерінің әлсіреу үрдісі салдарынан ақша базасының мұндай маңызды кеңеюі инфляциялық қысым көрсетпейді. Дегенмен, монетарлық факторлар есебінен инфляциялық әлеуеттің жинақталуын болдырмау мақсатында ұзақ мерзімді кезеңде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі банк жүйесінің шамадан тыс өтімділігін стерилизациялау жолымен ақша базасын кеңейту қарқындарын төмендету жөніндегі шараларды қолданатын болады.

Шамадан тыс өтімділік проблемасының өткірлігін бәсеңдету және банктер өтімділігін неғұрлым икемді түрде реттеу үшін ең аз резервтік талаптарды қалыптастыру тетігіне тиісті өзгерістер енгізіледі. Бұл мақсатта Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ең аз резервтік талаптар нормативтерін, сондай-ақ оларды орындау тәртібін сақтауға тиіс банктер міндеттемелерінің құрылымын айқындаудың әртүрлі нұсқаларын қарайды және тиімді ақша-кредит саясатын жүргізу үшін барынша оңтайлы нұсқасы таңдалып алынады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі өзінің күш-жігерін ақша-кредит саясаты құралдарының әрқилы түрлері және қысқа мерзімді ставкалардың реттеуші рөлін жоғарылату бойынша ставкаларды келісуге жұмсайды. Инфляция бойынша болжамдардың дәлдігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі трансмиссиялық тетік моделін әзірлеу жөніндегі жұмысты жалғастырады. Ашық рынок операциялары кеңейтіледі, меншікті бағалы қағаздар портфелін ұлғайту және жаңа қаржы құралдарын дамыту жөнінде шаралар қабылданады.

Валюталық реттеу және валюталық бақылау саласында Қазақстандағы валюта режимін одан әрі ырықтандыруға бағытталған саясат іске асырылады. 2005 жылғы 17 желтоқсанда күшіне енетін "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңына 2005 жылғы 17 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті қол қойды. Бұл заң ұлттық валютаның толық айырбасталу қағидаттарына біртіндеп көшу үшін тиімді база құрады.

Жаңа заңға сәйкес 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап Ұлттық банк валюталық операциялар жүргізу үшін рұқсаттар алуға арналған талаптарды толық жояды. Лицензиялау режимі валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметке ғана таралады. Валюта түсімін қайтару талаптары сыртқы сауда келісім-шарттарында айқындалған мерзімдерге байланысты белгіленеді, бұл валюталық операцияларды жүзеге асыру тәртібін едәуір жеңілдетеді және сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың валюталық заңнама талаптарын орындауға шығасыларын

қ ы с қ а р т а д ы .

Валюталық режимді ырықтандыру жеке сектордың инвестициялық шешімдерді қабылдауына мемлекеттің әкімшілік араласуын қысқартуды қамтамасыз етеді және қазақстандық капиталдың шетелдік рыноктарды барынша белсенді жаулап алуы үшін ж а ғ д а й л а р ж а с а й д ы .

Валюталық режимді толық ырықтандырудың міндетті шарттарының бірі - заңсыз сипаттары бар операцияларды шектеуші және қадағалаушы жүйенің болуы. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауында заңсыз жолмен алынған ақшаны заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы әрекет ету жүйесін құру жөніндегі шаралар кешенін қамтитын заң жобасы жатыр. Онда барлық мүдделі тараптардың, оның ішінде банктердің қатысуымен, өйткені олардың ақпараттық ағымдары құрылатын жүйенің іргетасы болып табылады, және олардың мүдделерін ескере отырып, ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің тиімді жүйесін құру көзделеді.

Төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету саласында төлем жүйелерінің тиімді және сенімді қызмет етуін қамтамасыз ету олардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуді қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру, Ұлттық банкаралық төлем карточкалары жүйесінің төлем құралдарының жаңа түрлерін дамыту жөніндегі шаралар қ о л д а н ы л а т ы н б о л а д ы .

Сонымен қатар, төлем карточкаларына қызмет көрсету және сауда (қызмет көрсету) ұйымдарында төлем карточкаларын қабылдау желісін кеңейту бойынша бірыңғай ұлттық желі құру жөніндегі жұмыс жалғасын табады.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу саласында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі өз қызметін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігімен тығыз үйлестіретін б о л а д ы .

Ақша-кредит саясаты қаржы рыногының тұрақтылығын сақтауға ықпал ететін болады. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың тұжырымдамасына сәйкес қаржы рыногын одан әрі дамыту оның барлық сегменттерін халықаралық стандарттарға жақындату бағытында жүргізілетін болады. Экономиканың нақты секторының қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұрақты және тиімді қызмет ететін қаржы жүйесін қалыптастыру жалғастырылады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) қалыптастыру жөніндегі мемлекетаралық және ведомствоаралық топтардың, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының және Орталық Азия Ынтымақтастығының жұмысына белсенді қатысуға ниеттеніп отыр.

Параграф 2. Қаржы секторын дамыту

Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау

Орта мерзімді перспективада қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау осы саладағы жаңа мемлекеттік саясат мүдделерін, ел экономикасының қазіргі заманғы дамуын және халықаралық ынтымақтастық жағдайларын ескере отырып жүзеге асырылады.

Халықаралық оның ішінде Еуропалық одақ қабылдаған стандарттарға барынша толық жақындату мақсатында қаржы ұйымдарын реттеуді одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасын табады.

Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеудің және қадағалаудың бірыңғай жүйесін құруға бағытталған кешенді шараларды іске асыру мақсатында орта мерзімді перспективада:

қаржылық қадағалаудың жаңа басымдықтарын ескере отырып, оның заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;
қаржы рыногының инфрақұрылымын дамыту, қаржы ұйымдарының қызметіне қойылатын талаптарды арттыру.

Қазақстанның банк секторын реттеуді халықаралық стандарттарға жақындату мақсатында Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) де Қазақстанның банк жүйесін Банктік қадағалау жөніндегі Базель Комитетінің капитал барабарлығының "Капиталды есептеудің және капитал стандарттарының халықаралық конвергенциясы" (International Convergence of Capital Measurement and Capital Standards) (Базель II) жаңа келісіміне көшіруді жүзеге асыруға шешім қабылдады. Көрсетілген келісімде кредиттік, рыноктық және операциялық тәуекелдерді бағалаудағы ұстанымдардың баламалылық қағидатының, яғни банктерді барабар капиталдандырудың және тұтас банк жүйесінің тұрақтылығын осылайша күшейтетін тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдірудің негізі қаланған.

Қаржы рыногын реттеу мен қадағалауды дамытудың орта мерзімді кезеңге арналған басым бағыттарына:

Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамыту тұжырымдамасын іске асыру ;

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру;

Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру;

Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру;

қаржы секторындағы инвестициялау, бағалы қағаздар рыногы мен жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі мәселелерін шешу;
қаржы ұйымдарын капиталдандыру деңгейін одан әрі жоғарылату жөнінде шаралар

қ а б ы л д а у ;

қаржы ұйымдарының тәуекелдерді басқарудың қазіргі заманғы жүйелерін одан әрі енгізуін қамтамасыз ету;

Алматы қаласының халықаралық қаржы орталығы жұмысының табысты қызметіне жәрдемдесу;

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті сақтандыру түрлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау;

қаржы ұйымдарын қадағалау мен пруденциялық реттеудің тәуекелдерді бағалауға негізделген жүйесін жетілдіру;

қаржы ұйымдарының тәуекелдерді басқару жүйелерін дербес бағалауды жүргізуіне қойылатын талаптарды, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйелерін тәуелсіз сыртқы бағалауға қойылатын талаптарды айқындау;

Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында шетелдік қаржы ұйымдарының Қазақстан Республикасының қаржы рыногына қол жеткізу тұжырымдамасын әзірлеу;

халықтың қаржы рыногы туралы білімін және халықтың сақтандыру және инвестициялық мәдениетін одан әрі арттыруды ынталандыру болып табылады.

Банк секторы

2006-2008 жылдардағы банк секторын дамыту саласындағы қызметтің басым бағыттары:

оның әлемдік рыноктарға жедел кіруі мен белсенді халықаралық ынтымақтастығы үшін ұлттық банк секторының ашықтығын және инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету;

тиісінше жылжымайтын мүлікке және банк тәуекелдеріне кредит беру көлемінің шамадан тыс өсуімен байланысты проблемаларды, оның ішінде:

ипотекалық қарыз беретін банктердің өтімділік деңгейін жоғарылату; сақтандыру ұйымдарын капиталдандыруға қойылатын талаптарды неғұрлым қатаң жаңа сақтандыру сыныбы - ипотекалық сақтандыруды енгізу мүмкіндіктерін қарау;

қарыз алу шарттарының ашықтығы мен салыстырылуын қамтамасыз ету үшін кредиттер бойынша сыйлықақылар ставкаларын белгілеудің бірыңғай тәртібін айқындау;

ипотекалық кредиттер бойынша қамтамасыз етуді тәуелсіз бағалаушылармен жыл сайынғы қайта бағалау.

Сақтандыру рыногы

Отандық сақтандыру индустриясын дамытудың бірінші кезектегі міндеттерін айқындаудағы елеулі оқиғалардың бірі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 шілдедегі N 729 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын қ а б ы л д а у б о л д ы .

Бағдарламаның басты мақсаты мемлекеттің, азаматтардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық, экономикалық, әлеуметтік және өзге тәуекелдерін басқарудың тиімді рыноктық құралдарының бірі ретінде сақтандырудың ролін және орнын нығайтуға бағытталған ұлттық сақтандыру индустриясын одан әрі реформалау б о л ы п т а б ы л а д ы .

Бағдарламада айқындалған негізгі міндеттер: жеке сақтандыруды, оның ішінде оның ұзақ мерзімді және жинақтаушы түрлерін д а м ы т у ;

өзара сақтандыру жүйесін дамыту;
халықтың сақтандыру мәдениетін арттыру;
сақтандыру ісін ақпараттандыру және автоматтандыру деңгейін көтеру;
міндетті сақтандыру саласында мемлекеттік саясатты жасау және оның тиімділігін а р т т ы р у ;

сақтандыру рыногының инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру;
сақтандыру саласында мамандарды даярлау және біліктілігін арттыру;
сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау стандарттарын жоғарылату;
қайта сақтандыру және ортақ сақтандыру тетіктерін жетілдіру болып табылады.

Осы Бағдарламаны іске асыру: ұлттық сақтандыру индустриясының тұрақтылығын және сенімділігін нығайтуға, елде жеке сақтандыруды дамытудың бастапқы негізін қалауға; міндетті сақтандырудың тиімді жүйесін құруға мүмкіндік беретін ұлттық экономиканың басым салаларының қажеттіліктерін халықты әлеуметтік қолдауды ескере отырып міндетті сақтандыру саласында ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты ж а с а у ғ а ;

сақтандыру рыногының толыққанды инфрақұрылымын құруға қолдау көрсетуге, сақтандыру саласында кадрлық әлеуетті жақсартуға; жаңа сақтандыру өнімдері мен технологияларды енгізуді жандандыру, сақтандыру қызметтерінің сапасын жақсарту және оның тізбесін көбейту; сақтандыру рыногының субъектілерін қадағалау мен реттеу стандарттарын арттыру ;

халықаралық рыноктарға ұлттық сақтандыру рыногының бірігу процесін тереңдету және сақтандыру (қайта сақтандыру) схемасы.

Тұтастай алғанда, ұлттық сақтандыру индустриясын дамыту мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті алғышарттарды

ж а с а у ғ а

ы қ п а л

е т е д і .

Сақтандыру саласындағы агенттік қызметінің басым бағыттары:
сақтандырудың әртүрлі сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру статистиканың қалыптасқан дерекқоры негізінде тәуекелдер сыныптамасын әзірлеу;
Депозиттерді сақтандырушылардың халықаралық ұйымының ұсынымдарын ескере отырып, жеке тұлғалардың салымдарына міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ж ү й е с і н ж е т і л д і р у ;
сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тәуекелдерін басқару жүйесінің болуы жөніндегі талаптарды белгілеу болып табылады.

Бағалы қағаздар рыногы

Бағалы қағаздар рыногы қызметінің стандарттарын белгілеу, корпорациялық басқаруды жақсартуға ынталандыру және қаржы рыногының тәуекелдерге неғұрлым бейім салаларына қадағалау ресурстарын шоғырландыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1385 қаулысымен Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді. Бағдарламада бағалы қағаздар рыногын одан әрі дамытудың негізгі мақсаттары мен міндеттері айқындалады, ол рынокты жандандыруға және қазіргі проблемаларды кешенді шешуді қамтамасыз етуге арналған.

Бағалы қағаздар рыногын (БҚР) дамыту тұтастай алғанда мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті алғышарт жасауға ықпал етеді. Бұдан басқа, белгіленген шаралар өтімді бағалы қағаздар тізбесін кеңейтуге, корпорациялық басқаруды, эмитенттердің және БҚР-ның басқа да қатысушыларының ақпаратты ашу тәртібін жетілдіруге ықпал етеді.

Мемлекеттік қарыз алу және акциялардың мемлекеттік пакетін басқару тәртібін жетілдіру, халықтың инвестициялық мәдениетінің деңгейін арттыру жөніндегі шаралар өткізіледі. Бағдарламада Қазақстанда сертификатталған халықаралық инвестициялық талдаушылардың келуіне қажетті жағдайлар жасау, инвесторлардың құқықтарын қорғауды жоғарылату, бағалы қағаздар рыногына қатысушыларды қадағалау мен реттеудің тиімділігін арттыру көзделеді.

Болжанып отырған кезеңге арналған саясат мынадай мәселелерді шешуді қамтиды:
кредиттік рейтингтік бағалауларды, оның ішінде бағалы қағаздардың листингі және институционалдық инвесторлардың активтерін инвестициялауға қойылатын талаптарды белгілеу кезінде қазақстандық ұлттық шәкіл бойынша қолдануды кеңейту;
бағалы қағаздар рыногының бірқатар индекстерін әзірлеуін қамтамасыз ету бойынша ақпараттық және талдамалық агенттіктермен жұмыс;
дефолт жағдайына бағалы қағаздар рыногы лицензиаттарының жекелеген тәуекелдерді еркін сақтандыруын ынталандыру;

бағалы қағаздар рыногының лицензиаттарын бағдарламалық техникалық қамтамасыз етуге және бағдарламалық қамтамасыз етуді сертификаттауға қойылатын талаптарды әзірлеу;

сауда-саттық ұйымдастырушысының, орталық депозитарийдің, оның ішінде номиналды ұстаушылар мен тіркеушілердің ақпаратты резервтік көшіру және сақтау жүйесіне қойылатын талаптарды белгілеу.

Мемлекеттік емес зейнетақы қорларының үнемі өсіп отыратын инвестициялық әлеуеті, сондай-ақ қаржы рыногының өзге де қатысушыларының инвестициялық белсенділігінің артуы Қазақстанның бағалы қағаздар рыногын серпінді дамытуға қолайлы әсер етеді.

Агенттік бағалы қағаздар рыногын реттеуді халықаралық стандарттарға, ЕурАзЭЖ, БЭЖ, ШЫҰ, өзге де халықаралық ұйымдар шеңберінде тиімді біріктіру талаптарына сәйкес келтіру жөніндегі іс-шараларды өткізеді.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі

Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту, салымшылардың және алушылардың құқықтарын қорғау, ұзақ мерзімді ішкі инвестициялар көзі ретінде зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1359 қаулысымен Жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды.

Бағдарламада жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың орта мерзімді перспективаға арналған негізгі басымдықтары айқындалады және мынадай іс-шараларды қабылдау:

халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуын кеңейту; міндетті зейнетақы жарналары бойынша "бір салымшы - бір қор" талабын іске асыру жолымен міндетті зейнетақы жарналарын төлеу тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету және міндетті зейнетақы жарналары бойынша агенттердің берешегін азайту;

алушының зейнетақы алуға құқығына ие болған сәтіндегі инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерінде жинақтаушы зейнетақы қорларындағы міндетті зейнетақы жарналарының сақталуы жөніндегі кепілдіктерді мемлекеттің орындауы тәртібін белгілеу;

жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың жауапкершілігін айқындау, салымшылардың (алушылардың) мүдделерін қорғау;

зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыру, зейнетақы активтерінің көлеміндегі ұзақ мерзімді қаржы құралдарының үлесін ұлғайту, жинақтаушы

зейнетақы қорларының портфельдеріндегі қаржы құралдарының бағалық және валюталық тәуекелдерін азайту, ұзақ мерзімді индекстелген мемлекеттік бағалы қағаздар шығару, жобалық инвестицияларды дамыту мен акциялар рыногын ж а н д а н д ы р у ;

жинақтаушы зейнетақы жүйесі субъектілерін қадағалауды дамыту әрі оның тиімділігін арттыру және Халықаралық Зейнетақы реттеуіштері Қауымдастығының (INPRS) Жеке зейнетақы қорларын реттеу қағидаттарын енгізу көзделеді.

Б а ғ д а р л а м а н ы і с к е а с ы р у :
х а л ы қ т ы ң ЖЗЖ-мен қамтылуын кеңейтуге;
мемлекеттік емес зейнетақы қорлары (МЗҚ), зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар (ЗАИБЖАҰ) қызметінің қаржылық сенімділігін ж ә н е а ш ы қ т ы ғ ы н а р т т ы р у ғ а ;

зейнетақы активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдары ұсыныстарын ұ л ғ а й т у ғ а ;

әртүрлі МЗҚ-ның салымшылары арасында зейнетақы жинақтарын инвестициялаудан түсетін кірістерді тұрақтандыруға;

ЖЗЖ субъектілерін қадағалау және реттеу тиімділігін арттыруға жәрдемдеседі.

ЖЗҚ үшін инвестициялық мүмкіндіктердің кеңеюін, өтелгенге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді қаржы құралдарының ұлғаюын ескере отырып, орташа өлшемді номиналды кіріс 4,5% - 6,5%-ды құрайтын болады деп күтілуде, жүйе қалыптаса бастаған алғашқы кезде пайда болған қате шоттар саны едәуір қысқарады; "бір салымшы - бір қор" қағидаты іске асырылатын болады және ЖЗҚ-ға төлемдердің тиімділігі артады.

Орта мерзімді кезеңде жинақтаушы зейнетақы жүйесі саласында мынадай міндеттер ш е ш і л е т і н б о л а д ы :

шоғырландырылған қадағалауды жетілдіру және жосықсыз бәсекені шектеу;
зейнетақы активтерін шетелдік басқарушы компанияларға берудің орындылығына т а л д а у ж ү р г і з у ;

зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорлары мен ұйымдарда корпоративтік басқару қағидаттарын және тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу.

Параграф 3. Фискалдық саясат

Ескерту. 3-параграфқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.15. N 395 қаулысымен.

2006-2008 жылдары фискалдық саясат Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 мамырдағы N 523 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005-2007 жылдарға арналған Орта мерзімді фискалдық саясатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі бекіткен стратегиялық

және бағдарламалық құжаттарда айқындалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келетін болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған Орта-мерзімді фискалдық саясатында алдағы үш жылдық кезеңге арналған салық-бюджет саясаты, оның ішінде бюджеттердің болжамды көрсеткіштері, бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттары, республиканы әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру тәсілдері, бюджетаралық қатынастарды дамыту бағыттары, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш саласындағы саясат, ықтимал фискалдық тәуекелдер айқындалады.

2006 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 1 қыркүйектегі N 1641 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасына сәйкес Ұлттық қор жаңа жұмыс істеу жүйесіне көшуді жүзеге асыратын болады.

Бюджет саясаты

Орта мерзімді фискалдық саясатқа сәйкес қалыптастырылатын бюджет саясаты 2006-2008 жылдары тұрақты экономикалық өсуді қолдауға бағытталады.

Бюджет саясатының орта мерзімді перспективаға арналған негізгі міндеттері:

бюджеттік заңнаманы жүйелендіру;

бюджеттік жоспарлауды жетілдіру;

бюджет жүйесінің сыртқы экономикалық конъюнктураға тәуелділігін азайту;

мемлекеттік шығыстардың тиімділігін және нәтижелілігін арттыру;

перспективалы бюджеттік жоспарлау рөлін арттыру;

жүргізіп жатқан әлеуметтік реформаларды, білім беруді дамытуды, денсаулық сақтауды, ауыл шаруашылығын және қоғамдық инфрақұрылымды қаржылық қамтамасыз ету;

көлеңкелі экономиканың үлесін азайту;

бюджетаралық қатынастардың ашықтығын және тұрақтылығын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдаланудың тетігін жетілдіру;

мемлекеттік меншікті басқару жүйесін жетілдіру болып табылады.

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқару саласындағы саясат

Ескерту. Кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.15. N 395 қаулысымен.

2006-2008 жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш саласындағы саясаты мынадай бағытта іске асырылатын болады:

мемлекеттік борышты басқару жөніндегі жүйені жетілдіру;
бюджеттің қалыптасқан мұнай емес тапшылығы мөлшерін негізге ала отырып, жүргізіліп отырған жинақтар саясатын ескере, республикалық бюджет тапшылығы мен үкіметтік борыш өлшемдерін айқындау;

үкіметтік борыш құрылымындағы сыртқы борыштың үлесін біртіндеп азайту.
Үкіметтік борыш құрылымындағы сыртқы борыштың үлесін біртіндеп азайту республикалық бюджет тапшылығын қаржыландырудың жалпы құрылымындағы сыртқы қарыздар есебінен республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру үлесін қысқарту жолымен жүзеге асырылады.

Үкіметтің қарыздар портфелін әртараптандыру мақсатында бір мезгілде ішкі рынокта қарыз алу ұлғайған кезде сыртқы қарыз алу көлемін азайтылатын болады.

Үкіметтік қарыз алу, сондай-ақ қор нарығында тиісті бағдар белгілеу үшін айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздардың жеткілікті көлемін ұстап тұру мақсатында да пайдаланылады. Нақты жинақтау мақсатында үкіметтік қарыз алу саясаты бес жылдық перспективада кепілдік берілген борышты ескере отырып, Ұлттық қор активтерінің нарықтық құнына үкіметтік борыштың 50-70% арақатынасына қол жеткізуге бағдарланатын болады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының мемлекеттік борышын басқару жүйесі қайта қаралатын болады. Мониторинг мемлекеттік борыш бойынша ғана емес, мемлекеттің басым қатысуымен акционерлік қоғамдардың борыштық міндеттемелерін өзіне қамтитын барлық мемлекеттік сектордың борышы бойынша да жүргізілетін болады.

Мемлекеттік борышты басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін қабылдау үшін Мемлекеттік борышты басқару жөнінде тұжырымдама әзірленетін болады. Тұжырымдамада борышты басқару стратегиясы, мемлекеттік борыш құрылымы мәселелері, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарының борыштық міндеттемелерін реттеу мәселелері мен мемборышты басқарудың ұйымдық негіздері өз көрінісін табады.

Ішкі қарыз алу көлемінің ұлғаюы зейнетақы активтерін орналастыру үшін сенімді және өтімді қаржы құралдарын (оның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздарды) жинақтаушы зейнетақы қорларына беру қажеттілігіне байланысты.

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш саласында жүргізіліп отырған саясаты шеңберінде 2006-2008 жылдары мынадай міндеттерді (бағыттар бойынша) шешу көзделіп отыр:

бюджет тапшылығы мен борыш көрсеткіштері бөлігінде:
мұнай емес тапшылықтың көлеміне негіздей отырып, Мемлекет басшысы

айқындаған міндеттерді есепке алып, республикалық бюджеттің оңтайлы өлшемдерін айқындау және орта мерзімді перспективада бюджеттің теңгерімділігіне қол жеткізу;
жинақтар саясаты шеңберінде үкіметтік борыш оңтайлы мөлшерін айқындау;
ішкі қарыз алу бөлігінде:
жылдар мен қағаз түрлері бойынша бөліністе мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының орта мерзімді кезеңге арналған болжамды схемасын жасау;
ішкі қарыздарды тарту мерзімдеріне қарай қарыз алудың түрлі құралдарын қолдану;

рыноқтағы ахуалға қарай қарыз алудың жалпы көлеміндегі индекстелген және купондық міндеттемелер арасындағы оңтайлы ара қатынасты белгілеу жолымен пайыздық тәуекелдерді азайту;
бағалы қағаздар рыногындағы бағдарларды ("benchmark") белгілеу;
шығарылымдардың жалпы санын қысқарта отырып, кезінде мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару көлемін ұлғайту;
айналыс мерзімін ұлғайта отырып, пайыздарды төлеу кезеңділігін азайту;
міндеттемелердің орындалмау тәуекелін азайту және қысқа және орта мерзімді перспективада үкіметтік ішкі борышты өтеу жөніндегі төлемдердің ең жоғары шегін төмендету, бұл үшін орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығаруға қайта бағдарлану көзделіп отыр;
сыртқы қарыз алу бөлігінде:

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасына, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарына, донор - халықаралық қаржы ұйымдарының тиісті орта мерзімді кезеңге арналған елдік бағдарламаларына сәйкес Қазақстан Республикасын дамытудың стратегиялық маңызды мәселелерін шешуге бағытталған инвестициялық жобаларды қаржыландыруға сыртқы қарыздарды тарту;

экономиканың басым салаларында сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылатын, жаңа инвестициялық жобаларды дайындау оның ішінде:
ауыл, су және орман шаруашылықтарында;
жол саласында;
өндірістік инфрақұрылымды дамыту;
астананы одан әрі дамыту;

жаңа жобаларды іріктеуді күшейту және Қазақстан Даму Банкінің өтемдік негізде қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың банктік сараптамасын жүзеге асыруға қойылатын талаптарды;

республикалық инвестициялық жобалар тізбесіне енгізілетін жобалардың дайындалу сапасы мен сараптамасын жақсартудан көрінетін қарыз қаражатын тиімді пайдалану;

теңгенің айырбас бағамы өзгерген жағдайда теріс салдарды азайту мақсатында Үкіметтің сыртқы қарыздар портфелін қарыздардың валюталары бойынша ә р т а р а п т а н д ы р у ;

Үкіметтің бірлесіп қаржыландыру үлесін бір мезгілде ұлғайта отырып, донорлардың сатып алу рәсімдері бойынша шектеулерді жұмсарту шартымен инвестициялық жобаларды қаржыландыруға сыртқы қарыздарды тарту; борышты өтеу және оған қызмет көрсету бөлігінде: неғұрлым қымбат қызмет көрсетілетін үкіметтік қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу жолымен үкіметтік борышты белсенді басқару; жергілікті атқарушы органдардың мерзімі өткен борыш міндеттемелерін өтеу және реттелмеген борыш міндеттемелері проблемаларын жедел шешу жөнінде белсенді ш а р а л а р қ а б ы л д а у ;

Фискалдык тәуекелдерді болжау.

Бұдан басқа, Ұлттық қор активтерінің елеулі қысқартуына жол бермеу мақсатында (бір жағынан Ұлттық қорда жинақтау жүзеге асырылғанда, ал екінші жағынан шамадан тыс үкіметтік қарыз алынады) бюджет тапшылығын үкіметтік қарыз алу есебінен қаржыландыру деңгейі бес жылдық кезең үшін орташа жылдық мәнінде ЖІӨ-нің 1%-нан аспайтын мөлшерде шектелетін болады. Осылайша, бюджетке түсімдердің деңгейіне жағымсыз әсер ететін қолайсыз экономикалық конъюнктура кезеңінде бюджет тапшылығының көрсеткіші бес жылдық кезең үшін орташа мән шеңберінде ұлғаю жағына қайта қаралуы мүмкін.

Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру

2006-2008 жылдары мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру саласындағы мемлекеттік саясат мынадай міндеттерді іске асыруға бағытталады:

мемлекеттік кәсіпорындардың, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың бейінді емес қызмет түрлерін рыноктық ортаға беруді қамтамасыз ету;

стратегиялық маңызды компаниялардың мемлекеттік акциялар пакетін басқару жөніндегі мемлекеттік холдингтік компания құру;

мемлекеттік органдар, мемлекеттік кәсіпорындардың, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару органдарында мемлекет мүддесін білдіретін лауазымды тұлғалар тарапынан мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін а р т т ы р у ;

заңнама талаптарына сәйкес стратегиялық маңызы бар экономика салаларында мемлекеттік меншік мониторингін қамтамасыз ету;

аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің тиімді жұмыс істеуі мақсатында заңнамада белгіленген тәртіппен оларға коммуналдық меншікті бөліп беру; мемлекеттік меншік объектілерін есепке алу жөнінде бірыңғай дерекқор құру.

Алдағы кезеңде мемлекеттік меншік объектілерінің орынды әрі тиімді пайдаланылу нысанына оларға түгендеу жүргізу мемлекеттік кәсіпорындардың, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың қызмет түрлерін түгендеу бойынша мемлекеттің жекелеген экономика салаларына қатысу мақсаттарына сай келмейтін қызмет салаларын айқындау үшін жүргізілетін жұмыс қорытындыларын есепке ала отырып жүзеге асырылады. Көрсетілген қызмет түрлері, сондай-ақ пайдаланылмайтын немесе мақсаты бойынша пайдаланылмайтын мемлекеттік мүлікті қоса алғанда, мұндай қызмет сол арқылы жүзеге асырылатын мүлік заңнамада белгіленген тәртіппен бәсекелі ортаға берілуі тиіс.

Стратегиялық маңызды компаниялардың мемлекеттік акциялар пакетін басқару тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік холдингтік компания құрылады.

Есепті жыл қорытындылары бойынша мемлекеттік меншікті басқаруды талдау, мемлекеттік органдар мен оларға бағынысты ұйымдар басшыларының есептерін тыңдауды жүргізу уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан да, мемлекеттік кәсіпорындардың, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың (серіктестіктердің) басқару органдарында мемлекет мүддесін білдіретін лауазымды тұлғалар тарапынан да мемлекеттік меншік объектілерін басқару тиімділігін арттыру қажеттігін анықтап берді.

Таяу жылдары мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерін бақылау тетігін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Жасалған нормативтік құқықтық базада мемлекеттік меншік мониторингін жүргізу тәртібін айқындалады, меншік нысанына қарамастан, экономиканың стратегиялық маңызды салаларындағы аса ірі кәсіпорындарды кешенді тексеру осы мониторинг шеңберінде жүргізіледі. Алдағы кезеңде "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, қабылданған заңи нормативтік құқықтық кесімдерді практикалық іске асыру жөніндегі жұмыс жалғасады. Мониторинг объектілері, меншігінде не басқаруында мониторинг объектілері бар жеке немесе заңды тұлғалар өздерінің қызметін объективті түрде көрсететін ақпарат беретін болады, ал электрондық дерекқорды енгізу мемлекеттік органдарға заңнамада белгіленген тәртіппен мониторинг объектілері туралы дұрыс ақпаратты жедел алуға, мәліметтерді экономикалық болжамдарды жасау және жекелеген мониторинг объектілері мен (немесе) экономика салалары қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Бюджет кодексінде, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңында жергілікті мемлекеттік басқару органдарының өкілеттіктері мен қаржыландыру көздері айқындалған. Осыған

байланысты, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы заңнамада көзделген өкілеттіктерді іске асыру үшін жақын арада аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдіктері өздеріне қажет мүлікпен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл үшін мемлекеттік тұрғын үй қоры объектілерін қоса алғанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы мемлекеттік мүлікке түгендеу жүргізу; әкімдіктерге қажетті мүлік тізбесін айқындау және заңнамада белгіленген тәртіппен оны жергілікті мемлекеттік басқару органдарына бекітіп беруді қамтамасыз ету керек.

Мемлекеттік меншік объектілерін толық әрі дұрыс есепке алуды қамтамасыз ету үшін бірыңғай дерекқор құру және жүргізу көзделіп отыр. Осыған байланысты, мемлекеттік мүлік есебін жүргізу мәселелері бойынша республикалық және коммуналдық меншіктің уәкілетті органдары арасындағы өзара іс-қимылдың айқын тәртібін дайындау керек.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына сәйкес мемлекеттік активтерді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында мемлекеттің активтері мен міндеттемелері теңгерімін жасау әдістемесі әзірленеді.

Мемлекеттік мүлікті басқару жүйесінің құрылымдық бөлшегі бола отырып, жекешелендіру жариялылық, ашықтық, бәсекелестік қағидаттарын сақтай отырып, белгілі бір салаларға және нақты кәсіпорындарға қатысты мемлекет мүддесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Салық саясаты

Ескерту. Кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.15. N 395 қаулысымен.

2006-2008 жылдары салық саясатының негізгі бағыттары:
салық төлеушілер үшін қашықтық және ақпараттық қызмет әдістерінің көмегімен салықтық әкімшілендіру процестерін одан әрі жетілдіру және дамыту;
салықтық есептілікті талдаудың және оның камералдығының тәсілдері мен әдістерін дамыту;
ақпараттық қызметтерді біріктіру, мемлекеттік органдармен ақпараттық өзара іс-қимылды жетілдіру және тиімділігін арттыру;
шағын және орта бизнес субъектілеріне салық салуды жетілдіру;
халықтың әл-ауқатының өсу жағдайы кезінде қазақстандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін күшейту мақсатында 2008 жылдан бастап заңды тұлғалардың кірістерінен салық жүктемесін жеке тұлғаларға біртіндеп қайта бөлудің мүмкіндігін қарау болады.

6. Бәсекелестікті қорғау және дамыту, табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу

Параграф 1. Бәсекелестікті қорғау және дамыту

Экономиканың одан әрі өрлеуі мемлекетті дамытудың басты басымдығы болып қала береді және ол бәсекелестікті қорғау жағдайларында ғана болуы мүмкін.

Тауар рыноктарында салауатты және адал бәсекелестікті дамыту мақсатында бәсекелестікті қорғау әрі дамыту және монополистік қызметті шектеу қажет.

Қолданыстағы монополияға қарсы заңнаманы қазіргі заман ақиқатына сәйкес келтіру үшін "Бәсеке және монополиялық қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленді, қазіргі уақытта ол Қазақстан Республикасы Мәжілісінің қарауында жатыр. Заң жобасы субъектілердің монополиялық мінез-құлқының алдын алуға бағытталған және жаңа компаниялардың пайда болуына, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар арасында салауатты бәсекелестікті дамытуға ықпал ететін жағдай туғызады.

Қолданыстағы заңнама шеңберінде заңи кесімдер әзірленуде. Мысалы, Республиканың тауар рыноктарындағы бәсеке жағдайын талдау мен бағалауды және бір немесе бірнеше рынок субъектілерінің үстем (монополиялық) жағдайын белгілеуді жүргізу жөніндегі нұсқаулық пен Монополиялық жоғары және монополиялық төмен бағаны айқындау жөніндегі әдістеме сияқты нұсқаулықтар әзірленді.

Сонымен қатар, бәсекелестікті қорғау мәселелерін реттейтін құқық нормаларын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру туралы мәселе өзекті болып табылады. Бұл, бірінші кезекте, қазақстандық экономиканы әлемдік экономикалық кеңістікке жоспарлы біріктірумен байланысты.

Нормативтік құқықтық және әдіснамалық базаны жетілдіру мақсатында бәсекелестікті қорғау саласында "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жаңа редакциясы негізінде Халықаралық бәсеке желісі (бәсекелестікті қорғау жөніндегі органдарды біріктіретін халықаралық ұйым) қабылдаған ұсынымдарға сәйкес келетін заңи кесімдерді қабылдау жоспарланып отыр.

Экономика салаларындағы бәсекелестік дәрежесін айқындау мақсатында тауар рыноктарын талдау жүргізіледі, соның нәтижесінде осы салалардағы бәсекелестікті дамыту және монополиялық қызметті шектеу жөнінде нақты ұсыныстар дайындалады.

Бұл жұмыс, сондай-ақ жүргізіліп жатқан темір жол көлігі салаларын монополиясыздандыруға, электр энергетикасы саласындағы қайта құруларға байланысты жүргізілуде, бұлар ірі рынок субъектілерінің үстем болу үлесін нақтылауды және жаңадан құрылған шаруашылық жүргізуші субъектілердің үстемдік жағдайын айқындауды талап етеді.

Коммуналдық қызметтер мен әлеуметтік маңызды тауарлар бағаларының (тарифтерінің) өсуіне жол бермеу мақсатында жергілікті тауар рыноктарында үстем жағдайға ие болып отырған шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін қадағалауға ерекше көңіл бөлінеді.

Бұдан басқа, тауар рыноктарындағы бәсекелестік дәрежесін айқындау мақсатында оларға талдау жүргізілетін болады. Мемлекеттік реттеуді азайту немесе мемлекет тарапынан араласуды азайту мүмкіндігі жөніндегі ұсыныстар осындай талдаулардың нәтижесіне айналуы тиіс. Мұндай шаралар тиісті тауар рыноктарындағы бәсекелі қатынастарды дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, монополизм көріністерін асыра пайдаланудың, рынок субъектілерінің монополиялық бағаларды белгілеу жөніндегі сыбайласуының жолын кесу, басқа субъектілерді рыноктан шеттету және олардың рынокқа кіруін шектеу, рынок субъектілерінің шаруашылық қызметіне мемлекеттік органдардың негізсіз араласуының жолын кесу мәселелері жөніндегі мемлекеттік бақылау бойынша шаралар күшейтілетін болады.

Кәсіпкерлік бостандығы мен тұтынушылар құқықтарын қорғаудың қоғамдық жүйесін нығайту, бәсеке мәдениетін арттыру басым мәнге ие болады.

Параграф 2. Тариф саясаты

Орта мерзімді кезеңде тариф саясатының негізгі бағыты табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тариф белгілеудің тиімді жүйесін құру болады. Тариф саясаты мынадай қағидаттарға негізделетін болады: тұтынушылар мен табиғи монополия субъектілері мүдделерінің теңгерімін сақтау; табиғи монополия субъектілерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін шығындар мен пайданы жабу; орта мерзімді негіздегі тарифтер тұрақтылығы;

Қазақстанды әлемдік экономикаға біріктіру процесін қамтамасыз ету мақсатында тарифтерді негізсіз сараландырудан бас тарту; табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділігін арттыру.

Табиғи монополиялар саласында тариф саясатын дамыту тұжырымдамасын, сондай-ақ 1999 жылғы 13 шілдедегі "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін іске асыру шеңберінде орта мерзімді кезеңде тариф саясатының негізгі міндеттері:

экономиканың тиісті секторларын қайта құрылымдау бағдарламаларының шеңберінде табиғи монополияға жататын қызмет түрлерін нақтылау; табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеу және бақылау әдістерін, соның ішінде:

табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік сметаларды орындауын талдау;
тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) инвестициялық және шекті деңгейін бекіту әдістемесін әзірлеу;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін техникалық және қаржылық сараптауды жүргізу талаптары мен ережелерін белгілеу;

табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызмет (тауарлар, жұмыстар) түрлері бойынша кірістерінің, шығындарының және тартылған активтерінің бөлек есебін енгізу жөніндегі есепті мәліметтерін талдау;

табиғи монополиялар субъектілері жүзеге асыратын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуды бақылауды күшейту;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерге (бағаларға, алым ставкаларына) қосылатын амортизациялық шегерімдердің мақсатты пайдаланылуын бақылау;

инвестициялық бағдарламаларды бағалау әдістерін енгізу;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) тұтынушылардың құқығын, соның ішінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктерді (үкіметтік емес ұйымдарды) тарта отырып, табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтері (бағалары, алым ставкалары) жобаларын қарау кезінде міндетті түрде бұқаралық тыңдаулар жүргізу арқылы кеңейту жолымен кеңейту;

табиғи монополияның барлық салаларында табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызмет (тауарлар, жұмыстар) түрлері бойынша кірістерінің, шығындарының және тартылған активтерінің бөлек есебі ережесін әзірлеу және енгізу;

табиғи монополия субъектілеріне негізгі құралдарды тұрақты жаңарту үшін жағдайлар жасау, салалардың инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында тартылған активтерді өтеуді қамтамасыз ету;

табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерін (бағаларын, алым ставкаларын) есептеудің тұжырымдамалық ұстанымдары мен неғұрлым оңтайлы (қолайлы) әдіснамасын айқындау;

ұсынылатын қызметтер (тауарлар, жұмыстар) сапасының көрсеткіштеріне қарай тарифті (бағаны, алым ставкаларын) айқындау тәртібін әзірлеу және белгілеу;

табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) есептеу аспаптарын сатып алуға және орнатуға жұмсаған шығындарын қосу тәртібін айқындау;

табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тұтынушылардың тең қол жетімділігі тәртібін бекіту болып табылады.

2003 жылы тартылған активтердің реттелетін базасына пайда ставкасын есептеу әдісі енгізіле басталды. Бұдан басқа, табиғи монополиялардың электр және жылу энергетикасы саласында қызметтер көрсететін бірнеше субъектісі орта мерзімді

тарифтер бойынша жұмысқа ауысты. Осыған байланысты аталған субъектілердің қызметіне талдау жүргізіледі, сондай-ақ табиғи монополиялардың барлық салаларында тариф құрудың орта және ұзақ мерзімді әдістемесіне іс жүзінде көшу аяқталады.

Реттеудің жаңа тетіктерін дамыту бағытында мынадай міндеттерді шешу қажет:

табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне тарифтер деңгейінің өзгеру серпінінің экономика салаларына және тұтынушылардың жекелеген топтарына әсерін бағалау модельдерін әзірлеу;

салалардың ерекшеліктерін ескере отырып, тарифтердің экономикалық негізді саралануын айқындау;

қызметтерді мемлекеттік субсидиялау тетіктерін әзірлеу;

табиғи монополия субъектілерінің қызметін бақылау және сараптау тетіктерін жетілдіру. Көрсеткіштердің теңгерімді жүйесі негізінде субъектілер қызметінің мониторингі жүйесін құру;

реттеуші орган қызметін ақпараттандыру.

7. Сауда және сыртқы экономикалық қызмет

Параграф 1. Сыртқы сауда саясаты

2006-2008 жылдары сауда мен сыртқы экономикалық қызметтегі жұмыстардың негізгі бағыттары:

"Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыруға;

сауда және қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметін қазіргі заман талаптарына сәйкес келтіруге (Қазақстан Республикасындағы сауда және қоғамдық тамақтандыру объектілеріне қойылатын біліктілік және техникалық талаптарды қолдану жөнінде ұсынымдар тұжырымдауға);

әртүрлі сауда түрлерін дамытуға, өңіраралық сауданы дамытуға ықпал ететін және ішкі рынокқа әлеуметтік маңызды тауарлардың тұрақты жеткізілуін қамтамасыз ететін қазіргі заманғы инфрақұрылымды және сауда саласы кәсіпорындарын құруды ынталандыруға;

ауыл шаруашылығы өнімдері рыноктарында бәсекелі орта құруға және тұтыну тауарлары бағаларының негізсіз өсуіне жол бермеуге;

Қазақстан Республикасында тауар биржаларының қызметін одан әрі дамытуға;

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Қорғас" Халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығын (ХШЫО) құру туралы негіздемелік келісімді іске асыруға;

экспортты әртараптандыру және жалпы экспорт көлеміндегі қосылған құны жоғары

өнімнің үлесін ұлғайту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдауға;
уәкілетті органдармен және мүдделі кәсіпорындармен консультациялар жүргізу жолымен қазақстандық тауарларға қатысты шетелдік мемлекеттер бастамашы болған демпингке қарсы талқылауларды реттеу жөніндегі іс-шараларды жүргізуге;
қазақстандық тауарларды сыртқы рыноктарға экспорттық жеткізудің және сауда теңгерімінің оң сальдосының өсу серпінін сақтауға жәрдемдесуге;
өндірісті әртараптандыруға жәрдемдесуге және экспортқа бағдарланған тауарлар мен қызметтер өндірісін ұлғайтуға;
сауда теңгерімін жақсарту және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі - ТМД) елдерімен оң сальдоға көшу мақсатында ТМД елдеріне экспорттық жеткізулерді ұлғайтуға жәрдемдесуге;

Икемді кеден-тарифтік саясат жүргізу және қорғау, демпингке қарсы және өтемдік шараларды қолдану жолымен отандық өндірушілердің мүдделерін тауарлардың өсіп кеткен импортынан қорғауға бағытталған шараларды қабылдауға бағытталады болады.

Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру

Сыртқы экономикалық саясаттың 2006-2008 жылдарға арналған басым бағыттарының бірі Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі жұмыстарды жалғастыру және Қазақстанның сыртқы саудадағы мүддесін кемсітудің алдын алу үшін аталған ұйымның тетіктерін белсенді пайдалану болып табылады.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі қорытынды құжаттарды дайындауға көшу Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі көпжақты және екіжақты келіссөздер жүргізудің нәтижесіне айналуы тиіс, мұнда Қазақстанның экономикалық мүддесі барынша ескеріледі.

Орта мерзімді перспективада Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі келіссөз процесін аяқтау және ДСҰ-ның тең құқылы мүшесі мәртебесін иелену күтіліп отыр. Осыған байланысты барлық міндеттерді, оның ішінде өңірлік бірлестіктер шеңберінде қайта қарау және ұлттық заңнаманы ДСҰ нормаларымен сәйкестендіру жөнінде жұмыс жүргізіледі.

Халықаралық экономикалық бірігуге қатысу

Елдің әлемдік экономикаға өзара тиімді бірігуі, оның халықаралық еңбекті бөлу жүйесіндегі рөлін оңтайландыру үшін жағдайларды қалыптастыру сыртқы экономикалық саясаттың 2006-2008 жылдарға арналған негізгі басым бағыттарының бірі болып табылады.

Қазақстанның әлемдік экономикаға трансформациясының аса маңызды шарты саудадағы әріптес елдерді таңдауда икемді саясат жүргізу: үшінші елдер арқылы

транзитті барынша азайту мақсатында Еуропа мен Азия елдерінің таяу рыноктарын неғұрлым толық пайдалануға, өңірлік одақтармен өзара іс-қимылды күшейтуге, еркін сауда аймағының артықшылықтарын барынша пайдалануға бағытталған өткізу рыногын әртараптандыру болып табылады.

Алдағы кезеңге арналған аса маңызды іс-шаралардың бірқатары: саудада преференциялық режимді белгілеу жөнінде екіжақты және көпжақты келісімдер жасау жөніндегі келіссөздерді одан әрі жүргізу;

өңірлік бірлестіктер (ТМД, ЕурАзЭҚ, БЭК, ШЫҰ және ОАО) шеңберінде экономикалық бастамаларды жылжыту;

Қазақстанның халықаралық экономикалық ұйымдардың қызметіне қатысуымен байланысты мәселелер жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру болып табылады.

8. Адами капиталды дамыту

Параграф 1. Білім жүйесін дамыту

2006-2008 жылдары білім беру саласындағы негізгі міндеттер:

Білім берудің 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру ;

халықтың барлық жігінің сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету;
12-жылдық жалпы орта білім беруге көшуге дайындық және кезең- кезеңімен
к ө ш у д і б а с т а у ;

Техникалық мамандықтар бойынша біліктілігі жоғары кадрларды басымды даярлықпен қамтамасыз ете отырып, жоғары білімді кадрлар даярлаудың мемлекеттік білім беру тапсырысы құрылымын жетілдіру;

сапаны бағалаудың ұлттық жүйесін құру;

бірыңғай ұлттық ақпараттық ортаны қалыптастыру;

білім беру процесін оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз етуді жетілдіру;

білім беру бағдарламаларын әртараптандыру және олардың икемділігі, жоғары оқу орындары желісін оңтайландыру және академиялық бостандықтарды кеңейту негізінде жоғары кәсіптік білім беру сапасын арттыру;

магистрлік және докторлық бағдарламалар бойынша жоғары білікті кадрлар даярлауға көшуді жүзеге асыру;

білім берудің кредиттік жүйесін енгізу;

кредиттерді қайтару жөніндегі мемлекет кепілдігін қамтамасыз ете отырып, екінші деңгейдегі банктер арқылы студенттік кредиттер берудің қазіргі заманғы жүйесін құру;

ұлттық жоғары оқу орындарына шетелдік оқытушылар мен консультанттарды тарту

;

жыл сайын "Болашақ" бағдарламасы шеңберінде үздік үш мың студентті әлемнің озық жоғары оқу орындарында даярлау;
жоғары кәсіптік білім беру үшін оқулықтар мен оқу құралдарының жаңа буынын әзірлеу және шығару;
шетелдегі кез келген елде тағылымдаманы қоса алғанда, жыл бойы ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған грант мәртебесі бар жыл сайынғы мемлекеттік " Үздік оқытушы " стипендиясын төлеу арқылы профессорлық-оқытушы құрамды қолдау болады.

Параграф 2. Кәсіптік орта білімді мамандар мен жұмысшы кадрларды даярлау жүйесін дамыту

Ең жаңа технологиялар талаптарына және еңбек рыногының қажеттілігіне сәйкес оқып жатқандарды тиімді кәсіптік қызметке даярлауды қамтамасыз ету үшін 2006-2008 жылдары мынадай міндеттерді шешу:

білім берудің халықаралық стандарттық сыныптамасының өлшемдеріне сәйкес бастауыш және орта кәсіптік білім беру және кадрлар даярлаудың жүйесін қайта құрылымдау ;

халықтың барлық жігінің кәсіптік бастауыш және орта білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету және олардың білікті техникалық және кәсіптік білім алуға мүдделілігін арттыру ;

біліктілігі жоғары жұмысшы кадрларын және орта буын мамандарын даярлау үшін экономиканың нақты секторын тарту тетіктерін құру;

оқитындардың еңбек рыногындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін кәсіптік дағды алуы үшін жағдайлар жасау;

оқитындардың еңбек рыногындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін кәсіби дағды алуына жағдайлар жасау;

кәсіптік орта білім мен техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша кәсіптік орта білімнің бір бөлігін орта білім беру жүйесінің құраушы бөлігі болып табылатын техникалық және кәсіптік білімге трансформациялау;

кәсіптік орта білім берудің жекелеген бағдарламаларын жаңа - ортадан кейінгі кәсіптік білім беру деңгейінде көшіру;

бастауыш және орта кәсіптік білімі бар кадрлар даярлауды кластерлік бастамаларды ескере отырып, жүзеге асыру ;

оқытудың кредиттік жүйесін енгізу қажет.

Параграф 3. Ғылым мен инновацияларды дамыту

2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясының басымдықтарына сәйкес ғылыми зерттеулер ресурс үнемдеуші және экологиялық таза технологияларды әзірлеуге, экономиканың шикізаттық бағытталуынан ауытқуға, өндірістік кәсіпорындардың экспортқа бағдарлануын жоғарылатуға және өндірісті әртараптандыруға бағытталған.

Осыған байланысты бірінші кезектегі міндеттер:

Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарлама міндеттерін іске асыру;

Қазақстанда ұлттық ғылыми-технологиялық және өңірлік технологиялық парктер, технологиялық бизнес-инкубаторлар құру;

технологиялар трансферті жүйесін дамыту; шағын инновациялық кәсіпорындарды дамыту мен қолдаудың нәтижелі тетіктерін құру;

инновациялық кәсіпкерлік саласында кадрларды даярлау және қайта даярлау; инновациялық кәсіпкерлікті ақпараттық қолдауды дамыту; ғылыми әзірлемелерді, жаңа технологияларды коммерцияландыру үшін венчурлық, оның ішінде шетелдік капиталды тарту.

Қазақстанның стратегиялық мүддесін негізге ала отырып, орта мерзімді кезеңде мыналарды жүзеге асыру:

республиканың әлеуметтік-экономикалық даму қажеттіліктеріне және әлемдік ғылымның даму үрдістеріне сәйкес орта мерзімді кезеңге арналған іргелі зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыруды қамтамасыз ету;

ғылыми және инновациялық инфрақұрылым субъектілерін (ғылыми ұйымдарды, технопарктерді, технополистерді, инновациялық орталықтарды, технологиялық бизнес-инкубаторларды, ғылыми-технологиялық аймақтарды және т.б.) дамыту және қолдау;

инновациялық даму саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру; отандық және шетелдік қаржы институттарымен бірлесіп, венчурлік инновациялық қорлар құру, инновациялық жобаларды венчурлік қаржыландыру тетіктерін әзірлеу және іске асыру;

инновациялық сала үшін мамандар даярлау мақсатында республиканың жетекші университеттері базасында инновациялық жобаларды басқару жөніндегі менеджерлерді, инновациялық кәсіпорындар үшін инженер-техник мамандарды даярлауға, сондай-ақ мамандарды қайта даярлауға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу; шетелдік озық технологияларды тарту жүйесін құру;

отандық ғылым мен технологиялардың жетістіктерін алға жылжыту мақсатында отандық әзірлемелердің деректер банкін құру және экономиканың нақты секторының инновациялық әзірлемелерге мұқтаждығын талдау жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Параграф 4. Халықтың әл-ауқатын арттыру

Халықтың кірістері

Әлеуметтік-экономикалық дамудың алдағы кезеңге арналған орта мерзімді жоспарының халықтың әл-ауқаты саласындағы мақсаты жалақының жалпы деңгейін көтеру, зейнетақы және басқа да әлеуметтік төлемдер мөлшерін арттыру болып табылады.

Халықтың кірістерін одан әрі жоғарылату, оның ішінде бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен жоғарылату көзделіп отыр.

Бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың қызметкерлеріне жалақы төлеу жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс бюджет саласының қызметкерлеріне жалақы төлеу жүйесін одан әрі жетілдіру шеңберінде жалғасады.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін: зейнетақы мөлшерін жыл сайын арттыру және зейнетақылар мен жәрдемақыларды уақтылы төлеуді қамтамасыз ету;

әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қызмет көрсету нормативтері мен шетелдік тәжірибені ескере отырып, ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеуді жетілдіру жұмысын жалғастыру көзделеді.

2006 жылдан бастап базалық мемлекеттік төлемдер ең төменгі күнкөріс деңгейіне негізделіп отырып айқындалатын болады.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту және орташа тапты құру

Шағын және орта бизнес субъектілерінің белсенділігін арттыру мақсатында 2006-2008 жылдары кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайларды жақсарту жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына

Жолдауына сәйкес Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленді.

Бағдарламаның мақсаты шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызметінің аясын барынша кеңейтуге және олардың қызметін жандандыруға бағытталған институционалдық жағдайларды жетілдіру есебінен Қазақстанның бәсекеге қабілетін арттыру болып табылады.

Бағдарлама шеңберінде жүргізілетін жұмыстардың негізгі бағыттары: шағын және орта бизнес мәселелері бойынша заң шығарудың жаңа регламентін

қабылдау жолымен заңнаманы жетілдіру;
шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдердің нәтижелілігін қадағалау институтын енгізу;
әрбір мемлекеттік органда "құқықтық ақпарат кабинетін" енгізу;
әкімшілік кедергілерді азайту және бюрократиясыздандыру;
кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамыту болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері:

мемлекеттің жеке сектормен өзара іс-қимылының жаңа идеологиясын құру;
кластерлік-желілік ұстаным негізінде өмір сүруге қабілетті инфрақұрылымдық жүйені құру және қамтамасыз ету;
шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін барынша ашық заңнамалық негіз құру;
шағын және орта кәсіпкерліктегі көлеңкелі айналымды қысқарту.

Күтілетін нәтижелер.

2005 жылы "Кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданады.

Бизнеске әкімшілік қысымды азайту үшін ұсыныстар әзірлеу және кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру үшін мүдделі мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлердің салалық бірлестіктерін тарта отырып заң жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы құрылатын болады.

Қазақстан Республикасының бірқатар заңдарына (шамамен 18 заң) өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделіп отыр, олардың қабылдануы мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларын қысқартуға әрі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін преференциялар құруға мүмкіндік береді.

2005 жылы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін арнаулы салық режимінің қолданылу аясын кеңейту бөлігінде өзгерістер енгізіледі.

Сондай-ақ кластерлік-желілік ұстаным негізінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың экономикалық моделі әзірленеді.

2005 жылы Үлкен қаржы маркеті құрылады.

2006 жылы мемлекеттің бейінді емес функцияларын шағын және орта кәсіпкерлікке беру жүргізіледі.

Шағын және орта бизнесті дамыту үшін 2005 жылы "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамына республикалық бюджет қаражатынан қосымша 10 млрд. теңге бөлінеді.

Үш жыл ішінде шағын және орта бизнес субъектілеріне кредит беру 95 млрд. теңгеге дейін ұлғаяды.

Параграф 5. Кедейшілік пен жұмыссыздықты азайту

2006-2008 жылдары кедейшілік пен жұмыссыздықты азайту саласындағы негізгі мақсат еңбек рыногында белсенді саясатты жүзеге асыру арқылы кедейшілікті азайту және тиімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жұмыссыздық деңгейін төмендету, жұмыс күшінің сапасын арттыру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы N 68 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру 902,1 мың жаңа жұмыс орнын құру, 403,1 мың адамды жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру, 333,5 мың адам үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, 70,8 мың жұмыссызды кәсіптік оқуға және қайта даярлауға жіберу есебінен еңбек рыногындағы шиеленісті төмендетуге мүмкіндік б е р е д і .

Бағдарламада халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін өсіруді ынталандыруға, мақсатты топтардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесуге, халықтың жұмыспен қамтылуы саясатын ақпараттық қолдауға, жұмыспен қамту саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру көзделеді.

Параграф 6. Халықты әлеуметтік қамсыздандыру

Ескерту. 6-параграфқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.15. N 395 қаулысымен.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін дамытудың орта мерзімді кезеңге арналған негізгі бағыттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1241 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасында (бұдан әрі - **Б а ғ д а р л а м а**) а й қ ы н д а л ғ а н .

Бағдарлама шеңберінде мынадай міндеттерді шешу:

республикалық бюджет қаражатынан (жасына, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты) төленетін жәрдемақылар мөлшерін есептеу әдістемесін біртіндеп өзгерту жолымен әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің базалық деңгейін қ а л ы п т а с т ы р у ;

ең төменгі күнкөріске қатысты базалық әлеуметтік төлемдер мөлшерін айқындау;

мүгедектігіне және асыраушысынан айырылуына байланысты төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін одан әрі ұлғайту;

негізгі әлеуметтік тәуекелдерді (қарттықтың басталуы, еңбек қабілетінен айырылу, асыраушысынан айырылу, жұмысынан айырылу) әлеуметтік сақтандыру жүйесін д а м ы т у ;

жинақтаушы зейнетақы жүйесінің төлемдерін оңтайландыру (Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық арқылы) көзделуде.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін біртіндеп ұлғайту көзделіп отыр.

Перспективада базалық зейнетақы мөлшерін ең төменгі күнкөрістің 75%-ын құрайтын деңгейге дейін ұлғайту жоспарлануда.

2006 жылы барлық санаттағы мүгедектерге және жасына байланысты жәрдемақы алушыларға, сондай-ақ мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алушыларға төленетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар ұлғайтылатын болады.

2006 жылғы 1 шілдеден бастап өңірлік әскери жанжалдарға қатысушылар мен халықтың кейбір басқа да санаттары үшін арнайы мемлекеттік жәрдемақылар мөлшері ұлғайтылады, сондай-ақ әлеуетті құрылымдар зейнеткерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы мөлшерін сараланған арттыру жүзеге асырылады.

Параграф 7. Денсаулық сақтау

Ескерту. 7-параграфқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.15. N 395 қаулысымен.

2006-2008 жылдары денсаулық сақтау саласындағы саясатты іске асырудың негізгі мақсаты мемлекет пен адам арасындағы денсаулық сақтау үшін ынтымақтасқан жауапкершілік қағидаттарына негізделген медициналық көмек көрсетудің тиімді жүйесін құру жолымен халық денсаулығының жай-күйін жақсарту болып табылады. Бастапқы медициналық-санитарлық көмекті одан әрі дамыту - басым бағыттардың бірі.

Мақсатты іске асыру Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады.

Денсаулық сақтау жүйесін дамытудағы басты басымдықтардың бірі ана мен бала денсаулығын қорғау болып табылады.

Ана мен баланы қорғау қызметін жетілдіру үшін:

жыл сайын балалар мен ұрпақты болу жасындағы әйелдерді диспансерлеу, медициналық тексерулерден, сауықтырудан өткізу;

балалар мен жүкті әйелдерді емдеу-алдын алу ұйымдарын қажетті мамандармен толықтыру;

амбулаториялық емделу кезінде балалардың жекелеген санаттарын тегін дәрілік заттармен қамтамасыз ету;

жүкті әйелдерді халықаралық стандарттарға сәйкес ерте диспансерлік бақылауға алуды қамтамасыз ету;

балалар мен әйелдерді емдеу-алдын алу ұйымдарын бекітілген нормативтерге сәйкес қазіргі заманғы медициналық жабдықтармен жарақтандыру;

балаларға жоғары мамандандырылған медициналық көмек қызметін одан әрі дамыту;

отбасын жоспарлау және салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру көзделіп отыр.

Халық өмірінің сапасы мен ұзақтығын одан әрі жоғарылату мақсатында әлеуметтік маңызды аурулармен ауыратындардың алдын алу, ерте анықтау, тиімді емдеу және оңалту жөніндегі шаралар жүргізілетін болады.

Б ұ л б а ғ ы т т а :

туберкулезбен, АҚТҚ/ЖҚТБ-мен аурушандықтың алдын алу және төмендету; психикасы мен мінез-құлқы бұзылған, ауруларды емдеу мен сауықтырудың кешенді бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;

жүрек-қан тамырлары ауруларымен, қант диабетімен ауыратындарды ерте диагностикалаумен, емдеумен қамтамасыз ету және диспансерлеудің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар жүзеге асырылады.

2006 жылдан бастап амбулаториялық емделу кезінде азаматтардың жекелеген санаттары жеңілдік жағдайында тегін дәрілік заттармен қамтамасыз етіледі.

2006 жылы отандық фармацевтикалық салаға халықаралық стандарттарды енгізу жөніндегі дайындық жұмыстары аяқталады, бұларды енгізуді 2007 жылы бастау ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

2006 жылдан бастап Астана қаласында медициналық кластер құру шеңберінде жаңа медициналық орталықтарды басқаруға көшбасшы шетелдік клиникалар мен госпитальдер тартылатын болады. Бұл бағыттағы пилоттық жоба - Ана мен баланың ұлттық ғылыми орталығы болады.

Параграф 8. Мәдениетті, ақпаратты, мұрағат ісін, туризмді және спортты дамыту

Мәдениет, ақпарат, мұрағат ісі және спорт

2006-2008 жылдары мәдениет, ақпарат, мұрағат ісі және спорт саласындағы негізгі мақсаттар бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістікті нығайту, тарихи-мәдени мұраны, әлеуметтік мәдени инфрақұрылымды сақтау және дамыту, кәсіптік өнерді және халық шығармашылығын дамыту жағдайларын қамтамасыз ету, дене шынықтыру мен спорт құралдары арқылы салауатты өмір салты қағидаттарын орнықтыру бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортын одан әрі дамыту арқылы қоғамның рухани әлеуетін іске асыру болып табылады.

М ы н а л а р :

"Қазақстан - 2030" Стратегиясының, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің негізгі бағдарламалық құжаттарының іске асырылуын ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету;

театр-концерт қызметін, ұлттық фильмдер өндірісін қолдау және дамыту үшін

жағдайлар

жасау;

мәдениетті сақтау және қалпына келтіру, тіл саясатын дамыту үшін бағдарламалық құралдар мен әдістерді әзірлеу және қолдану;

Қазақстанның шетелдегі халықаралық беделін арттыру;

мұрағат ісі саласында мемлекеттік саясат жүргізу;

мемлекеттік жастар саясатын іске асыру;

тарих, археология және сәулет ескерткіштерінің, тарихи орталықтардың сақталуын

қамтамасыз

ету;

Қазақстан Республикасында үйлесімді этносаралық қатынастарды қамтамасыз ету, қоғамдық прогресс пен азаматтық бейбітшілікті сақтау және олар үшін жағдайлар

жасау;

мәдениет, тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану, мұрағат ісі, ақпарат, ішкі саяси тұрақтылық, сондай-ақ дене шынықтыру мен спорт саласындағы нормативтік-құқықтық базаны одан әрі жетілдіру;

ұлттық әдебиет пен жазба әдебиеттің көптеген ғасырлар бойғы тәжірибесін қорыту, әлемдік ғылыми ой-сана, мәдениет және әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде мемлекеттік тілдегі толыққанды қор құру;

жоғары деңгейдегі спортшыларды даярлау үшін қазіргі заманғы базаны, дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыстарының кең желісін құру;

бұқаралық, әсіресе ауылдағы спортты дамыту;

олимпиадалық, ұлттық, техникалық спорт түрлерін және халықтық ойындарды дамыту;

Қазақстан Республикасының спорт резерві мен ұлттық құрама командаларын халықаралық жарыстарға дайындау;

дене шынықтыру мен жоғары жетістіктер спортын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету басым міндеттер болып табылады.

Қойылған мақсаттарға жету және міндеттерді шешу үшін:

бұқаралық ақпарат құралдарында ұйымдастыру-насихаттау іс-шараларын неғұрлым жоғары кәсіби деңгейде жүргізу;

Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірі туралы телерадио компаниялар жасайтын бағдарламалардың сапасын жақсарту, мемлекеттік тілде хабар таратудың жалпы көлемін ұлғайта отырып, ұлттық телеарналардың тарату желісін кеңейту;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 398 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында теле-радио хабарларын таратуды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын одан әрі іске асыруды қамтамасыз ету;

ескерткіштерді қайта жаңарту, тұмшалалау, жөндеу, қалпына келтіру және жаңғырту жолымен тарихи-мәдени мұраның сақталуын және пайдаланылуын

қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жүргізу;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы N 1277 Жарлығымен бекітілген "2004-2006 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ету;

Мәдениет саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді бағдарламасын әзірлеу және қабылдау;

мемлекеттік нышандарды насихаттауды жүргізу;

Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдіру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу және қабылдау;

мұрағат мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсартуға жәрдемдесу, мұрағат ісі саласындағы нормативтік құқықтық және ғылыми-әдістемелік базаны ж е т і л д і р у ;

Шетелде тұратын отандастарды қолдауды мемлекеттік бағдарламасын іске асыру;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын одан әрі іске асыруды қамтамасыз ету;

ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің қазақ тіліндегі толыққанды қорын жасау, кеңінен өрістетілген ғылыми, көркем және ғұмырнамалық сериялар шығару жолымен ұлттық әдебиет пен жазба әдебиеттің көптеген ғасырлар бойғы тәжірибесін қорыту;

мәдениет пен өнер саласындағы менеджментті жетілдіру, өнер саласына білікті м е н е д ж е р л е р д і т а р т у ;

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу және қабылдау, сондай-ақ оны іске асыруды қ а м т а м а с ы з е т у ;

әсіресе ауылдық жерлерде балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, жасөспірімдер клубтары, дене дайындығының балалар-жасөспірімдер клубтары желілерін дамыту;

балалар-жасөспірімдер спорт мектептері мен ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту;

әрқилы спорт түрлері бойынша жоспарланған спорттық іс-шараларды өткізу, спортшылардың дайындалуын және спорт ойындары мен жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету қажет.

Туризм

2006-2008 жылдары туристік кешенді дамытудың басты мақсаттары дәйекті даму және экономиканың кіріс саласына көшу, жоғары рентабельді туризм индустриясын құру, туристік қызметтерді жылжыту және сату, халықтың жұмыспен қамтылуын а р т т ы р у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Алдағы кезеңде мынадай міндеттерді шешу:
мемлекеттік және жеке сектордың қазақстандық туристік өнімді әлемдік туристік қызметтер рыногына жылжыту бойынша одан әрі ынтымақтастығын жалғастыру;
туристік іс-шаралар жүргізу және оларға қатысу арқылы туристік қызметтер
экспортын ұлғайту;

Қазақстан Республикасында туристік саланы дамытуға бағытталған туризм инфрақұрылымына инвестициялар тарту көзделіп отыр.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді шешу үшін:
туризмді дамытудың экономикалық және құқықтық тетіктерін әзірлеу;
"Туризм және КІТҒ саяхаты" қазақстандық халықаралық туристік жәрмеңке өткізу;
Қазақстанның халықаралық туристік көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысуы;
туризм саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған салалық бағдарламасын әзірлеу және қабылдау ұйғарылып отыр.

Параграф 9. Гендерлік даму

2006-2008 жылдары гендерлік дамудың негізгі мақсаттары әйелдердің қоғамдағы жағдайын жақсарту және нақты гендерлік теңдікке қол жеткізу болып табылады.

Алға қойылған мақсаттарды іске асыруға бағытталған негізгі міндеттер:
отбасына, әйелдер мен балаларға қатысты заңнаманы жетілдіру, елдің әлеуметтік-экономикалық саясатына гендерлік тәсілді енгізу;
әйелдер мен балалардың денсаулығын жақсарту;
әйелдердің билік құрылымдарына тең қол жетімділігін қамтамасыз ету, олардың шешімдер қабылдау деңгейіне көтерілуі үшін жағдайлар жасау;
қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік өміріне қатысу үшін әйелдердің мүмкіндіктерін және олардың әлеуетін арттыру болып табылады.

2005-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік стратегиясын, "Тұрмыстық зорлық туралы", "Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы әрекет ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", "Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері туралы" заң жобаларын әзірлеу көзделуде.

Экономикалық белсенді халықтың жұмыспен қамтылуының гендерлік аспектісін үнемі зерттеу жүргізіледі, әйелдер арасындағы жұмыссыздықты азайту жөнінде ұсыныстар
әзірленеді.

Әйелдердің зорлықтан қорғалуға құқықтарының тұрақты мониторингі көзделіп
отыр.

Дағдарыс орталықтарының, сенім телефондарының, зорлық құрбандарына арналған паналар мен үйлер желісін кеңейту ұйғарылып отыр.

Қоғамда және мемлекетті басқаруда әйелдер мен ерлердің іс жүзіндегі теңдігінің

қажеттілігі туралы қоғамдық санада түсінік қалыптастыру жөніндегі жұмыстар үнемі жүргізілетін болады.

Параграф 10. Демография және халықты ұтымды орналастыру

2006-2008 жылдары демография және көші-қон саласындағы негізгі мақсаттар демографиялық және көші-қон процестеріндегі келеңсіз үрдістерді азайтуға, ел халқының санын, ең алдымен отбасы мен ананы қолдаудың нақты тетіктерін жасау жолымен арттыру үшін негіз жасауға бағытталған саясат жүргізу болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу: ұрпақты болу жасындағыларды қоса алғанда, халық денсаулығының жай-күйін ж а қ с а р т у ;

бала тууды тұрақтандыру және болашақта оны ұлғайту; миграциялық процестерді басқару, елдің мемлекеттік қауіпсіздігін нығайту және көшіп келгендердің қазақстандық қоғамға бейімделу шарттарын жетілдіру қажет.

Елде халықты қосу саясатын іске асыру мақсатында демография мәселесіне қатысты нормативтік-құқықтық база жетілдіріледі.

Халықтың көші-қоны саласындағы проблемаларды шешу үшін: басқа мемлекеттерден иммигранттарды кеңінен тартатын елдердің тәжірибесін ескере отырып, көші-қон квотасына қосу үшін үміткерлерді, ең алдымен этникалық қазақтар мен бұрынғы қазақстандықтар арасынан іріктеудің айқын жүйесін құру; перспективасыз өңірлерден перспективалы өңірлерге ішкі көші-қон үшін ы н т а л а н д ы р у л а р ж а с а у ;

перспективаға ауылдық аумақтардың тұрғындарын орналастыру моделі бойынша ұ с ы н ы с т а р д а я р л а у ;

босқындардың өзі шыққан мемлекетке еркін оралуы үшін жағдайлар жасау; заңсыз көші-қонның жолын кесу;

Қазақстан Республикасының аумағында көші-қонды бақылау жүйесін жетілдіру ұйғарылып отыр.

9. Өндірілген капиталды дамыту

Параграф 1. Инвестициялық саясат

2006-2008 жылдары тікелей отандық және шетелдік инвестицияларды экономиканың басым секторларына тартуды ынталандыру, мемлекеттік инвестицияларды пайдалануды оңтайландыру мен оның тиімділігін арттыру және ішкі жинақтарды жұмылдыру саясаты жалғасады.

Осы салада "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" АҚ "J.E. Austin

Associates Inc." консалтингтік компаниясымен бірлесіп жүргізетін жұмыстар шеңберінде Қазақстанда кластерлік бастаманы дамытуды жандандыру көзделуде.

Елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру және инвестициялық ахуалды жақсарту үшін қолданыстағы нормативтік құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі ж ұ м ы с ж а л ғ а с а д ы .

Басым өндірістердің инвестициялық тартымдылығын арттыру шеңберінде мемлекет :

миноритарлық акционерлердің құқықтарын қорғауды күшейтуге;
кәсіпорындарды тіркеудің жеңілдетілген жүйесін енгізуге;
қызмет түрлерін лицензиялаудың ашық жүйесін құруға;
кәсіпорындардың халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ISO-9000, ISO - 14000) көш у і н ж е д е л д е т у г е ;

Ұлттық инновациялық жүйені - экономикалық дамуды басқарудың жаңа жүйесін дамыту жөніндегі жұмыстарды жалғастыруға;
мемлекеттік даму институттарының жұмысын үйлестіру жөніндегі іс-әрекетті жандандыруға, олардың қызметінің ашықтығын арттыруға бағытталған шараларды о д а н ә р і қ а б ы л д а й т ы н б о л а д ы .

Алдағы кезеңде бюджеттік инвестициялардың басымдықтары:
мемлекеттік басқару функцияларын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету;
ә л е у м е т т і к с е к т о р д ы д а м ы т у ;
б а з а л ы қ и н ф р а қ ұ р ы л ы м д ы д а м ы т у ;

аграрлық секторды дамытуға жәрдемдесу; Астана қаласын дамыту болып қалады.
Сондай-ақ шағын бизнес субъектілеріне кредит беру мүмкіндіктерін ұлғайтуға және инновациялық жүйені дамытуға ықпал ететін даму институттары қосымша к а п и т а л д а н д ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Тұтастай алғанда, бюджеттік инвестицияларды бөлу бекітілген Мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың 2006-2008 жылдарға арналған тізбесі шеңберінде жүзеге асырылады.

Тұрғын үй құрылысын дамыту

2006-2008 жылдары тұрғын үй құрылысын дамыту Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) шеңберінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Халықтың қалың бұқарасының тұрғын үйге қол жетімдігін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту проблемаларын кешенді шешу Мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты болып табылады.

Мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу:
ұсыныс тарапынан да, сұраныс тарапынан да толыққанды теңгерімді тұрғын үй
құрылысын рыногын құру;

тұрғын үй салуға жеке инвестицияларды тарту және жеке тұрғын үй құрылысын
дамытуды ынталандыру;

құрылыс индустриясының тиімді рыногын қалыптастыру;
халықтың қалың бұқарасы үшін ипотекалық кредит беру мен тұрғын үй құрылысы
жинақтарының қолжетімділігін көтеру көзделуде.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге
асырылады:

тұрғын үй салу ұсынысын ынталандыру бөлігінде:
жалпы сипаттағы жүйелі шаралар:
тұрғын үй құрылысының бір шаршы метрінің құнын төмендету;
жеке тұрғын үй құрылысын дамыту;
жеке капитал инвестицияларын тарту есебінен тұрғын үй салу;
тиімді, экологиялық таза құрылыс материалдарын өндіруді одан әрі дамыту және
жаңа технологияларды енгізу.

Орта тап пен халықтың әлеуметтік қорғалатын жігі үшін тұрғын үй салуды
ынталандыруға бағытталған шаралар:

коммуналдық тұрғын үй салу;
мемлекеттік қаражат есебінен қолжетімді тұрғын үй салу;
Төлемге қабілетті сұранысты ынталандыру бөлігінде:
ипотекалық кредит беру жүйесін жетілдіру;
құрылыс жинақтары жүйесін дамыту.

Ипотекалық кредиттерге қол жетімділікті ұлғайту мақсатында мемлекет
ипотекалық кредит беру өлшемдерін өзгерту жөніндегі шараларды қабылдады.
Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру ипотекалық кредит берудің мынадай мақсатты
шарттарымен жүзеге асырылады:

сыйлықақы ставкасының мөлшері - 9-10%;
бастапқы жарна мөлшері - 10%;
ипотекалық кредит мерзімі - 20 жыл.

Тұрғын үй құрылысы жинақтары жүйесін жаппай іске қосу мақсатында
Мемлекеттік бағдарламаның қолданысы кезеңінде тұрғын үй құрылысы жинақтары
жүйесінің ықтимал қатысушылары болып табылатын азаматтар үшін барынша
тартымды жағдайлар жасау ұсынылады:

тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі қажетті қорлану мөлшерін сатып
алынатын тұрғын үй құнының 25%-ына дейін төмендету;
қорлану мерзіміне қарай кредит мерзімін 25 жылға дейін ұлғайту;
мемлекет көтермелейтін салым сомасының мөлшерін 200 айлық есептік

мамандарды даярлау мәселелерін кешенді шешуге мүмкіндік береді.

Бұл кезеңде ғылыми-инновациялық инфрақұрылым қалыптастырылады және өнеркәсіпті жаңғыртуға әрі экономиканың құрылымын әртараптандыруға бағытталған көптеген жобалар іске асырыла бастайды.

Бүгінгі күннің басты стратегиялық міндеті - экстенсивтіге негізделмеген, жоғары технологиялы өндіріске және ұлттық экономикалық жүйенің жаңа ұйымдық құрылысының бәсекелі артықшылықтарына шығу есебінен экономиканың өсу сапасына көтерілу.

Орта мерзімді перспективада Стратегияны табысты іске асыру үшін мынадай міндеттер шешілетін болады:

экономиканың басымды салаларында дамудың кластерлік ұстанымын құру және дамыту;

ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру және дамыту;
жеке секторды бәсекелі артықшылықты жасауға және жетілдіруге әрі неғұрлым жоғары қосылған құн салығының элементтеріне қарай жылжи отырып, нақты өндірістерде қосылған құн тізбесіндегі элементтерді игеруге ынталандыратын кәсіпкерлік ахуалды, қоғамдық институттардың құрылымы мен мазмұнын жасау;

ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялы экспортқа бағдарланған өндірістер құруды ынталандыру;

елдің экспорт әлеуетін қосылған құны жоғары тауарлар мен қызметтердің пайдасына әртараптандыру;

әлемдік сапа стандарттарына көшу;
өңдеуші өнеркәсіптің негізгі қорларының өнімділігін арттыру;
әлемдік ғылыми-техникалық және инновациялық процестерге қоса отырып, өңірлік экономикаға және әлемдік шаруашылық жүйесіне бірігуді ұлғайту.

2005 жылы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 633 қаулысымен Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді жасау мен дамыту жөніндегі жоспарлар бекітілді.

Кластерлік ұстанымдар экономиканың жеті: туризм; құрылыс материалдары; тоқыма өнеркәсібі; тағам өнеркәсібі; металлургия; мұнай-газ машиналарын жасау; көліктік логистика секторларында пайдаланылады.

Стратегияға сәйкес инновациялар ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын негізгі фактор ретінде айқындалды. Экономика мен қоғамды одан әрі қарқынды дамыту үшін инновацияларды толыққанды пайдалану мемлекет мақсатты бағытталған инновациялық саясат жүргізген кезде ғана мүмкін болады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 сәуірдегі N 387 қаулысымен Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді.

2007 жылға дейін аталған бағдарламада:

ғылыми әлеуетті дамыту, ғылыми-технологиялық дамудың басымдықтарын айқындау; инновациялық бизнес ортаны дамыту, мемлекеттік ресурстардың шоғырлануын талап ететін, ядро кластерлерді қалыптастыратын жүйелі инновациялық ж о б а л а р д ы і с к е а с ы р у ;

инновациялық инфрақұрылымның негізгі элементтерін құру және дамыту; берілетін гранттардың түрлерін көбейту бөлігінде қаржы инфрақұрылымының негізгі элементтерін құру мен дамыту және отандық инвесторлармен венчурлық қорлар құру және алдыңғы қатарлы шетелдік венчурлық қорларға инвестициялар.

Ұлттық инновациялық жүйенің жұмыс істеуін заңнамалық қамтамасыз ету үшін елдегі инновациялық қызметті ынталандырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін және оны мемлекеттік қолдау шараларын белгілейтін "Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Заңның жобасы әзірленді және Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығымен бекітілген "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру ғарыш саласына инновациялар енгізу бөлігінде стратегияны іске асырудың басым бағыттарының бірі б о л ы п т а б ы л а д ы .

Стратегия шеңберінде "Есіл" авиациялық және зымыран-ғарыштық кешенін құру" жобасы жөніндегі жұмыс жүргізіледі.

Химия өнеркәсібі

Химия өнеркәсібін дамыту үшін Қазақстанда ірі минералдық шикізат қорлары - фосфориттер, табиғи натрий, калий, бор, фтор, алюминий, кремний тұзы бар.

2006-2008 жылдары химия өнеркәсібін дамыту ішкі және сыртқы рыноктардың қажеттілігін қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті және экспортқа бағдарланған өнімдер өндірудің тұрақты өсуі есебінен қамтамасыз етіледі. Фосфор және оның туындыларын (натрий триполифосфатын, фосфорлы тыңайтқыштар), хром тұздарын шығаруды ұлғайту жоспарланып отыр.

Фосфорды және құрамында фосфоры бар өнімдерді 2000-2004 жылдар ішінде тұрақты жеткізу, сондай-ақ "Казфосфат" ЖШС жүргізген жүйелі маркетингтік зерттеулер бұрын айырылып қалған Еуропаның рыноктарын және басқа да мемлекеттердің рыноктарына шығуға мүмкіндік берді.

Хром өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін "АХҚЗ" АҚ калий бихроматын, хромның пигментті қышқылын, малманың жаңа буынын өндірудің жаңа технологияларын игеру жолымен экспортқа бағдарланған өнімдер өндіру көлемін ұлғайту, өндіріс қалдықтарын пайдаланумен хром тұздары өндірісін құру жөнінде

шаралар қабылдайды. 2006-2008 жылдары қазіргі өндірістерді жаңарту және дамыту, "Каустик" ААҚ-та (Павлодар қ.) хлор және каустикалық сода, "Сары-Рас" ААҚ-та (Қаратау қ.) кальциленген сода, химиялық өнімдердің көптеген түрлерін өндіру үшін базалық өнімдер шығару жөніндегі жаңа импорт алмастыратын өндірістер құру жөніндегі жұмыстар жалғасады.

Жеңіл өнеркәсіп

2006-2008 жылдары жеңіл өнеркәсіпті отандық шикізатпен - иірім жіппен, матамен, былғары тауарларымен кейіннен қайта жабдықтауды қамтамасыз ететін тоқыма және былғары өнеркәсібі салаларын дамыту басым бағыт болып табылады.

Қазіргі уақыттың өзінде "Қазақстан Даму Банкі" АҚ қаражатына "Жүнді дайындау және қайта өңдеу" ("ҚазРуно" АҚ, Семей қаласы), бірінші кезегі 2005 жылғы наурыздан бастап қолданысқа енген "Мақта талшығынан иірім жіп өндіру" ("Ютекс" ЖШС, Шымкент қаласы), сондай-ақ "Синтетикалық жіп қосылған жүн және мақта тоқыма жіп пен маталар өндіру" ("Нимекс-Текстиль" ЖШС, Өскемен қ.) сияқты ірі жобалар іске асырылуда. Ауыл шаруашылығы министрлігінің шикізат сатып алу үшін пайдаланылған кредиті есебінен айналым қаражатын толықтыру "Қостанай киіз-байпақ аяқ киім фабрикасы" ЖШС-на өндіріс көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Ұлғаю, негізінен, тігін және былғары-аяқ киім кәсіпорындарын, сондай-ақ мақта-мата бұйымдарын өндіру жөніндегі кәсіпорындарды дамыту есебінен болжанып отыр. 2004 жылы "Русский текстиль" альянсі" ААҚ Оңтүстік Қазақстан облысында тоқыма фабрикасын салуды бастады.

Құрылтайшылары Elekctron technology development Co Ltd (Қытай), "Мақтаарал" ААҚ және "Ақ алтын" ААҚ (Қазақстан) болып табылатын "INADA TEXTILE" ЖШС БК мақта-жіп иіру фабрикасын салу аяқталып келеді. Тоқыма кластерін жедел дамыту мақсатында Оңтүстік Қазақстан облысында АЭА құрылады.

2006-2008 жылдары мақта кластерін дамытуды шешу саланың қосылған құны жоғары дайын өнім өндіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін негізгі міндеті болып табылады.

Ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі

Орман, ағаш өңдеу және жиһаз өндірісін қамтитын технологиялық өзара байланысты өндірістерді кешенді қалпына келтіру және дамыту басым бағыт болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ағаш кесілмейтінін назарға ала отырып және осыған кәсіпорындарда шикізат толтыру қиын, Ресей Федерациясының аумағында ағаш дайындайтын кәсіпорындар құру мәселесі пысықталуда.

Сапасы мен бағасы жағынан бәсекелі жиһаздың кең ассортиментін шығару жиһаз

өнеркәсібіндегі басымдық болып табылады.

Республиканың өз сүрек жоңқаларынан жасалған плиталар өндірісі мүлдем дерлік жоқ. Соңғы уақыттарды құрылыста, сол сияқты жиһаз, өз сүрек жоңқаларынан жасалған плиталар (СЖП), ламинатталған СЖП өндірісінде пайдаланылатын кең ассортимент Германиядан, Польшадан және Ресейден әкелінеді. Сондықтан жиһаз өнеркәсібін дамыту үшін әкелінетін материалдарға және оның құрамдауыштарына кедендік баждарды азайту жөніндегі шаралар қабылданды.

2004 жылдан бастап "Ақтөбеламинат" ЖШС ламинатталған СЖП өндіруді бастады.

Аталған міндеттерді іске асырудың негізгі жолдары:

импорт алмастыратын өнімдер шығаруды ұлғайту;

Ресей Федерациясының аумағында ағаш дайындау жөніндегі бірлескен кәсіпорындар құру;

СЖП және ламинатталған СЖП шығару жөніндегі қосылған құны жоғары кәсіпорындар құру;

корпустық және жұмсақ жиһаздар шығару;

нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жолымен отандық кәсіпорындар үшін бәсекелі ортаны жақсарту;

жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыру болады.

Машина жасау

2005 жылы Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған салалық бағдарламасын қабылдау жоспарланып отыр.

Бұл кезеңде өндірістің негізгі өсу факторлары:

мұнай-газ өндіруші компаниялар сұранысының артуы есебінен мұнай өндірісінің және мұнайды қайта өңдеу жабдықтарын және оған қосалқы бөлшектерін өндіруді өсіру;

аграрлық сектор кәсіпорындарында ауыл шаруашылығы техникасына сұраныстың өсуі;

электр-техникалық (трансформаторлар, конденсаторлар, аккумуляторлар және т.б.) машина жасау кәсіпорындарының өндіріс көлемін өсіруі;

тау-кен-металлургиялық кәсіпорындардан машиналар мен жабдықтар өндірісіне тапсырыстардың өсуі;

ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу және қалпына келтіру жөніндегі қызметтер көрсету есебінен отандық машина жасау кәсіпорындарының сервистік әлеуетін кеңейту;

ауыл шаруашылығы техникасы рыногының нақты қажеттіліктеріне бағдарланған машина жасау кәсіпорындарында ауыл шаруашылығы техникасының жаңа түрлерін

игеруге тапсырыстарды ұлғайту;
"Агромашхолдинг" ААҚ-тың (Қостанай қ.) Қостанай филиалында АМЗ-МАН қозғалтқыштары өндірісін құруы есебінен дизельді қозғалтқыштарды өткізуді ұлғайту;
"Азия Авто" ААҚ зауытында (Өскемен қ.) "Нива" және "SKODA" автомобильдерін шығару;
металлургиялық кәсіпорындардан жабдықтар мен материалдарға тапсырыстардың өсірілуі;
Алматы қаласында "LG Электроникс" компаниясының өнімдерін өндіру көлемін өсірілуі;
машина жасау кәсіпорындарының темір жол саласы үшін өндіріс көлемін ұлғайту;
"Өскемен конденсатор зауыты" ААҚ, "Қайнар" АҚ (Талдықорған қаласы), "Қазтрансформатор" компаниясы" ЖШС (Алматы қаласы), "Степногорск подшипник зауыты" АҚ (Степногорск қ.) өнімдерін өндіру көлемін өсіру;
"Қазақстан-КАМАЗ" автомобиль консорциумының "Көкше" АҚ-та (Көкшетау қаласы) қалалық автобустар жинауды ұйымдастыруы болады.

Құрылыс материалдары өнеркәсібі

Құрылыс материалдары өнеркәсібінің негізгі міндеті ішкі рыноктағы осындай импорттық өнімді ығыстырып шығара алатын және әлемдік рынокта бәсекеге қабілетті болатын жоғары сапалы құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын шығаруды ұйымдастыру болып табылады.

Саланы дамытудың ұзақ мерзімді кезеңге арналған негізгі бағыттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 1305 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған бағдарламасында көзделген.

Бағдарламаны іске асыру мақсатында құрылыс индустриясы саласына әлеуетті инвесторларды тарту үшін басым инвестициялық жобалар тізбесі әзірленді. Аталған тізбеде құрылыс материалдарын, оның ішінде цемент, құрылыстық шыны, керамикалық кірпіш, сырлар, жылу окшаулағыш материал, линолеум, құрғақ құрылыс қоспаларын, көбікбетон блоктарын, құрылыс арматураларын шығару жөніндегі бірлескен өндірістер құру көзделеді.

Параграф 3. Аграрлық азық-түлік саясаты

2005-2008 жылдары Қазақстанның аграрлық өнеркәсіптік кешенін дамытудың негізгі бағыты аграрлық секторды индустрияландыру, ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру және қайта өңдеу саласындағы кластерлік даму әдістері негізінде оны тұрақты

дамытуды қамтамасыз ету болады.

2005 жылы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы мақұлданды.

Тұжырымдамада мынадай міндеттерді шешу:

аграрлық өндіріс пен ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу технологияларын жаңғырту, ғылыми жетістіктер мен инновациялық әзірлемелерді енгізу, тамақ өнеркәсібі, жүзім шаруашылығы-шарап жасау салаларында мамандандырылған өңірлік кластерлерді дамыту арқылы ішкі және сыртқы рыноктардағы АӨК өнімдерінің өнімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

мал шаруашылығы шикізатының сапасын арттыру, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының экологиялық таза өнімдерін өндіру, ауыл шаруашылығы шикізаты мен тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарын жаппай енгізу жөніндегі кешенді шараларды іске асыру жолымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің қазақстандық брэндін қалыптастыру;

ауыл шаруашылығы өніміне баға белгілеуді оңтайландыратын, ішкі азық-түлік рыноктарындағы тұрақтылықты және сыртқы рыноктардағы сату көлемін кеңейтуді қамтамасыз ететін АӨК сауда-сатып алу қызметінің тиімді тетіктерін дамыту;

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді талдамалық материалмен және ақпаратпен қамтамасыз ету жөніндегі ақпараттық-маркетингтік қызметті енгізу;

негізгі және айналым құралдарын сатып алуға жеңілдікті кредит беруді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетудің басымдылығын кеңейту, сондай-ақ экономикалық және ұйымдық шаралар жүйесін іске асыру арқылы ұсақ ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді орта және ірі ауыл шаруашылығы құралымдарына біріктіруді ынталандыру көзделеді.

Азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау мақсатында, сондай-ақ ауылдық аумақтарды кешенді дамыту және ауыл тұрғындарын ұлттық стандарттағы өмір сапасы бар қалыпты өмірмен қамтамасыз ету үшін "Агроөнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Параграф 4. Көлікті және байланысты дамыту

Көлікті дамыту

2006-2008 жылдары Қазақстан Республикасының көліктік-коммуникациялық кешенінің негізгі мақсаттары сыртқы рыноктарға шығуды және коммуникацияның оңтайлы желісін қалыптастыруды қамтамасыз ететін транзиттік дәліздерді дамыту,

қолданыстағы темір жолдардың және автомобиль жолдарының, су жолдарының, порттардың, әуежайлардың, аэронавигациялық кешендердің техникалық жағдайын жақсарту, жылжымалы құрамның отандық өндірістік және жөндеу базасын дамыту
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Көліктік-коммуникациялық кешеннің алдағы үш жылдық кезеңдегі негізгі м і н д е т т е р і :

салалық даму бағдарламаларын іске асыру;
мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру;
негізгі құралдарды жаңғырту және жаңарту, инфрақұрылым объектілерін қайта
ж а ң а р т у ж әне с а л у ;
республиканың транзиттік әлеуетін дамыту;
ұлттық теңіз сауда және көмекші флотты құру;
көлік-логистикалық қызметтер кластерін құру болып табылады.

Автомобиль жолдарын дамыту

Республиканың транзиттік әлеуетін дамыту мақсатында 2006-2008 жылдары: "Астана - Петропавл - Ресей Федерациясының шекарасы" учаскесіндегі "Ақтау - Атырау", "Астана - Қостанай - Челябин", "Алматы - Қарағанды - Астана - Петропавл"; "Ресей Федерациясының шекарасы - Орал - Ақтөбе", "Қарабұтақ - Ырғыз - Қызылорда облысының шекарасы" және "Ақтөбе облысының шекарасы - Арал - Қызылорда - Түркістан - Шымкент" (іріктеліп алынады) учаскелеріндегі "Самара - Шымкент", "Омбы - Павлодар - Майқапшағай" (іріктеліп алынады), "Қордай - Тараз - Шымкент - Өзбекстан шекарасы", "Үшарал - Достық" (іріктеліп алынады), "Қызылорда - Жезқазған - Павлодар - Успен - Ресей Федерациясының шекарасы" (іріктеліп алынады) автомобиль жолдарын қайта жаңарту жөніндегі ірі жобаларды іске асыру жоспарлануда .

2005 жылы "Алматы - Бішкек" автожолын, 2006 жылы Батыс Қазақстанның автожолдарын оңалтуды аяқтау жоспарланып отыр.

Ж о с п а р л а н ы п о т ы р ғ а н к е з е ң д е :

республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу, сондай-ақ ұстау және көгалдандыру жөніндегі жұмыстар жалғасады.

2006-2008 жылдары тиісті үкімет аралық және ведомствоаралық келісімдер жасау арқылы халықаралық автомобиль жолдарын дамыту, халықаралық конвенциялар мен келісімдерге ("Карнет де Пассаж" кедендік келісім, "Жасыл карта" автокөлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру) қосылу басым бағыттар болып қалады.

Жекелеген автокөлік құралдарына салық жүктемелерін және кеден баждарын азайтумен экономикалық ынталандыру - жылжымалы составты жаңартуды жеделдету үшін жағдайлар жасау, автокөлік құралдарына қойылатын техникалық талаптар, жол

қозғалысы, автомобиль көлігі жұмыскерлерінің еңбегін қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саланың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі жұмыстар жалғасады.

Автокөлік құралдарын лизингтеу жолымен "ҚазАвтоКөлік" АҚ-тың жылжымалы құрамды паркін одан әрі жаңарту көзделіп отыр.

Темір жол көлігін дамыту

2006 жылы Темір жол көлігін қайта құрылымдаудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру аяқталады, бұл магистралдық желінің табиғи-монополиялық қызметтерінен темір жол көлігінің бәсекелі секторының бөлінуін қамтамасыз етеді.

Алдағы кезеңде темір жол көлігінің инфрақұрылымын одан әрі дамыту жалғасады. Мынадай жобаларды іске асыру:

КДҰ схемасы бойынша (салу - пайдалану - беру) ұзындығы 149,6 км. "Шар - Өскемен" жаңа темір жол желісін салу; ұзындығы 528,7 км. жаңа "Бейнеу - Сексеуіл" темір жол желісін салу; локомотив және вагон паркін жаңарту, зауыттық жөндеудің, локомотив және вагон жасаудың отандық базасын және жылжымалы құрамды кейіннен қалпына келтіру әрі жаңарту үшін импорт ауыстыратын жаңа өндірістерді құру жоспарлануда.

Тасымалдаудың қазіргі заманғы технологияларына көшу мақсатында темір жолдарды техникалық қайта жарақтандыру, тасымалдау процесін басқарудың қазіргі заманғы жүйелерін енгізу, ресурс үнемдейтін жаңа технологияларды дамыту жалғасады.

Тасымалдаушылардың әлеуметтік маңызы бар бағыттар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асырумен байланысты шығындарын субсидиялау жөніндегі, сондай-ақ жолаушылар вагондарының паркін жаңарту жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Су көлігін дамыту

2006-2008 жылдары Ақтау және Баутино порттарының өндірістік және ауыстырып тиеу қуаттарын жүктерді ауыстырып тиеудің болжамды өсуін қамтамасыз ететін деңгейге дейін дамыту жөніндегі жұмыстар, Маңғыстау облысының Түпқараған шығанағында Кемелердің қозғалысын басқару жүйесін құру аяқталады.

Ұлттық теңіз сауда флотын құрудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде танкерлік және құрғақ жүк флоттарын құру, жүктерді Ақтау портынан қазақстандық туы бар кемелермен халықаралық тасымалдауды жүзеге асыру, Құрық портының инфрақұрылымын дамыту жоспарланып отыр. 2006 жылдың соңына қарай республиканың теңіз сауда флотында 10 кемеге дейін болады деп болжанып отыр.

Өзен көлігін одан әрі дамыту мақсатында 2006-2008 жылдары:

мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойында Ертіс және Орал өзендерінің техникалық көрсеткіштерін навигация барысында тәуекелдердің туындауын және өзен кемелерінің кідіруін болдырмайтын деңгейге дейін жеткізу;

Қазақстанның Каспий маңы өңірлерінің өзен көлін Солтүстік-Оңтүстік халықаралық транзиттік дәліздің жұмысына қосу басым бағыттар болып қалады.

Әуе көлігін дамыту

Азаматтық авиация саласын дамыту әзірленетін 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл Бағдарламаның негізгі мақсаты азаматтардың сапалы авиациялық қызметтерге өсіп келе жатқан қажеттілігін қанағаттандыру үшін мемлекеттің тиімді, бәсекеге қабілетті, халықаралық талаптарға сай келетін авиакөлік жүйесін құру болып табылады.

Оны іске асыру шеңберінде Ақтау қаласының халықаралық әуежайын, Ақтөбе қаласындағы халықаралық әуежай аэровокзалын қайта жаңарту, сондай-ақ Шымкент және Павлодар қалалары әуежайларының ұшу-қону алаңы мен аэровокзалын қайта жаңарту көзделген.

Авиациялық техника мен жер үсті қызмет көрсету құралдарын одан әрі жаңарту үшін қазіргі заманғы әуе кемелерін және аэронавигациялық жабдықтарды сатып алу көзделіп отыр. Елдің аэронавигациялық кешенін навигацияның, әуе қозғалысын қадағалау/басқарудың спутниктік жүйесін енгізуге дайындау жалғасады.

Астана, Алматы және Атырау қалаларындағы жаңғыртылған әуежай кешендері базасында әуе қатынастарын кеңейту жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі.

Әлеуметтік маңызды рейстерді жүзеге асыру үшін жүйелі ішкі әуе тасымалдарын субсидиялауды жалғастыру қажет.

Қызметтер аясын кеңейту және жаңа рыноктарды жаулап алу үшін азаматтық авиацияның ұшақ паркін жаңарту жөніндегі кешенді шараларды іске асыру жалғасады.

Телекоммуникациялар мен байланысты дамыту

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) шеңберінде 2007 жылдың аяғына қарай "электрондық үкіметтің" базалық құрамдас бөліктері құрылатын болады, оған үкіметтің порталы мен шлюзі, "төлем шлюзі", ұлттық сәйкестендіру жүйесі, мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы, жүйекұраушы деректер базасы жатады. Бұл Мемлекеттік бағдарлама бағыттарының бірі мемлекеттік органдардың электрондық қызметтерін

қалыптастыру мен дамыту және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ ақпараттық теңсіздікті жою және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы білім деңгейін көтеру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру болып т а б ы л а д ы .

Ұлттық ақпараттық супермагистраль салуды аяқтау жоспарланып отыр, ол байланыстың, көліктік ортаның жоғары сапалы цифрлы арналарын ұсыну негізінде республикада телекоммуникациялар рыногын дамытуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ әлемдік телекоммуникация рыногында ұлттық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуге м ү м к і н д і к б е р е д і .

"KAZSAT" байланыс және хабар таратудың ұлттық спутнигін 2005 жылғы желтоқсанда ұшыру жоспарланып отыр. Спутниктің пайда болуымен қазіргі спутниктік байланыс операторларының "KAZSAT-қа" көшуі жүзеге асырылады, бұл республикада ақпарат қауіпсіздігіне және спутниктік байланыс қызметтерінің қарқынды дамуына ы қ п а л е т е д і .

Байланыс және хабар таратудың ұлттық геостационарлық спутнигінің қызметтері қазіргі уақыттағы тарифтерден едәуір төмен болады.

Спутниктік байланыс арналарын жалға отандық байланыс операторларына беруден басқа спутниктік байланыс арналарын ТМД елдерінің операторларына жалға беру ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Өңірлік, әсіресе ауылдық жерлердегі инфрақұрылымды техникалық жайластырудың деңгейін арттыруға және қазіргі заманғы банктік өнімдер мен Интернетке бағдарланған қызметтерді енгізу есебінен қызметтер аясын кеңейтуге бағытталған почта-жинақ жүйесін дамыту жалғасады. Халық пен экономиканың нақты секторының субъектілері үшін "электронды үкімет" жүйесіне және Интернеттің ақпараттық ресурстарына ұжымдық қол жеткізу пункттері ұйымдастырылады, почта төлем карточкаларына қызмет көрсету үшін жеке банкомат желісі мен POS-терминалдар құрылады, қалалар мен аудандар деңгейінде почта байланысы бөлімшелері базасында заңды және жеке тұлғалар үшін бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеу жөніндегі трансфер-агенттік пункттер ашылады.

10. Табиғи капиталды дамыту

Параграф 1. Тау-кен өндіру кешенін дамыту және оның ресурстарын пайдалану

Тау-кен-металлургия кешені (бұдан әрі - ТМК) экономиканың базалық салаларының бірі болып табылады және республиканың макроэкономикалық көрсеткіштерін қалыптастыруға айтарлықтай ықпал етеді. Минерал-шикізат базасын толықтыру мақсатында Геологиялық барлау жұмыстарының бағдарламасы әзірленеді,

оны іске асыру республиканың минерал-шикізат базасының едәуір өсуін қамтамасыз етеді. Қазіргі кен орындарының төменгі көкжиектерін ашу республиканың шикізат базасын дамытудағы маңызды бағыт болып табылады, бұл 2006-2008 жылдары металлургиялық руда өндіруді ұлғайтуға ықпал етеді.

2003 жылы "АМӨЗ" АҚ-тағы өңдеу көлемі 2,9 млн. тонна, оның ішінде Компания ресурстарынан 2,1 млн. тонна деңгейінде күтіледі.

Мұнай өнімдерін сатуды Компанияның еншілес ұйымы - "ҚазМұнайГаз Сауда үйі" АҚ жүзеге асырады.

Компания "АМӨЗ" АҚ-ты қайта жаңарту жобасы жөніндегі зауыттың қолданыстағы қуаттарын жаңғырту мен жаңартуға бағытталған жұмыстарды жалғастырады.

Магистральдық құбырлар бойынша ("ҚазТрансОйл" АҚ) мұнай тасымалдаудың жалпы көлемі 38,4 млн. тоннаны құрады, бұл жоспарланған көлемнен (35,5 млн. тонна) 8%-ға артық және 2003 жылмен салыстырғанда (34,2 млн. тонна) 12%-ға артық. Тасымалдау көлемінің өсуі бірқатар мұнай өндіруші компаниялардың магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне мұнай беру көлемінің ұлғаюымен негізделген.

2005 жылы мұнай тасымалдау көлемі 36,6 млн. тонна көлемінде болады деп күтілуде, 2004 жылдың деңгейімен салыстырғанда кему 1,8 млн. тоннаны құрайды.

2004 жылы магистральдық газ құбырларымен ("Интергаз Орталық Азия" АҚ) газ тасымалдаудың жалпы көлемі жоспардағы 113,7 млрд. м³ орнына 121,6 млрд. м³ -ні құрады, жоспарға қарағанда өсу 107%-ды құрады, бұл 2003 жылдың деңгейінен 10,6%-ға (120,1 млрд. текше м.) жоғары.

Бұл ретте 2004 жылы ішкі тасымалдау 5,1 млрд. текше м., халықаралық транзит - 109,5 млрд. текше м., экспортқа газ тасымалдау - 6,97 млрд. текше м. құрады.

2004 жылы тасымалдау көлемінің ұлғаюы ОАО магистральдық газ құбырымен өзбек газын тасымалдау көлемінің ұлғаюымен белгіленеді.

2005 жылы ресей және өзбек газының халықаралық транзиті көлемінің азаюына байланысты көліктік қызметтер көлемінің 4,8 млрд. текше м.-ге (116,7 млрд. текше м.) азаюы күтілуде.

Таратушы газ құбырлары бойынша тасымалданатын газдың Қазақстан бойынша сатылатын газ көлеміндегі үлесі ("ҚазТрансГаз" АҚ Өңірлік газ тарату желілері үлесін көрсетті) 60% - ды құрайды.

2003 жылы негізгі капиталға инвестициялардың барлығы 107 млрд. теңге сомасына бағаланып отыр, оның ішінде меншікті қаражат есебінен - 77,7 млрд. теңге, қарыз қаражаты есебінен - 27,9 млрд. теңге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен - Амангелді кен орнын игеру жобасына жіберілген 4 млрд. теңге, оның ішінде бұрынғы шығындарды өтеуге 3 млрд. теңге.

2004 жылы негізгі капиталға инвестициялардың барлығы 105,6 млрд. теңгені, оның ішінде өндіріске - 59,2 млрд. теңгені немесе капитал салымдарының жалпы көлемінің 78,4 %-ын құрады. 2002 жылғы капитал салымдарының сомасы 2001 жылдың осындай көрсеткішінен 20,4 млрд. теңгеге жоғары.

2005 жылы Компанияның негізгі капиталына инвестициялардың барлығы 142,9 млрд. теңге сомасына бағаланып отыр, оның ішінде меншікті қаражат есебінен - 107,4 млрд. теңге, қарыз қаражаты есебінен - 35,5 млрд. теңге.

2004 жылы өнімді сатудан түскен кіріс 476,9 млрд. теңгені құрады, бұл жоспардан 20%-ға асып түсті және 2003 жылдың деңгейінен 20%-ға жоғары.

Кірістердің өсуі мұнай өндірудің ұлғаюына, 2003 жылмен салыстырғанда мұнайдың экспорттық бағасының өсуіне, мұнайдың жүк айналымының ұлғаюына, мұнай процессингінен және мұнай өнімдерін сатудан түсетін кірістердің, мұнайды сатудан түсетін кірістердің ұлғаюына байланысты.

2004 жылмен салыстырғанда 2005 жылы кірістердің 5%-ға, 452,9 млрд. теңгеге дейін күтіліп отырған азаюы 2004 жылы мұнайдың әлемдік бағасының (Брент сорты) бір баррель үшін 38,3 АҚШ долларынан бір баррель үшін 35 АҚШ долларына дейін бағалық төмендеуімен түсіндіріледі.

2004 жылы 51,2 млрд. теңге жоспарланып, 74,9 млрд. теңге сомасында таза пайда алынды, жоспарға қарағанда өсу 47 %-ды және 2003 жылмен салыстырғанда 28 %-ды құрайды.

2005 жылы таза пайда 54,9 млрд. теңге деңгейінде бағаланып отыр. Магистральдық мұнай құбырларымен мұнай тасымалдау көлемінің азаюы салдарынан, сондай-ақ ресей және өзбек газының халықаралық транзиті көлемінің азаюынан 2004 жылмен салыстырғанда көмірсутектерді тасымалдау секторында таза пайданың азаюы күтілуде.

2004 жылдың қорытындылары бойынша Компания кемінде 2 949 млн. теңге

сомасында, ал 2005 жылы кемінде 2 000 млн. теңге сомасында мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер төлеуді жоспарлап отыр.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ

"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ (бұдан әрі - Компания) Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 шілдедегі N 3593 Жарлығына сәйкес құрылған. Компания уран мен оның қосындыларының, атом энергетикалық станциялары үшін ядролық отынның, арнайы жабдықтар мен технологиялардың, қосарлы пайдалану материалдарының экспорты мен импорты жөніндегі бас оператор болып табылады.

2003 жылы уран өндіру 2 946,36 тоннаны құрады, бұл 2002 жылдың көрсеткіштерінен 8,8%-ға жоғары. 2004 жылы өндіру көлемі 2003 жылдың көрсеткіштерінен 26%-ға асып түсті және 3 712 тоннаны құрады.

2002 жылмен салыстырғанда 2003 жылы тотықша-тотық өндірісі 8,5%-ға ұлғайды және 2802,69 тоннаны, 2004 жылы 3 690,14 тоннаны құрады. 2005 жылы тотықша-тотық өндірісінің жоспарланып отырған көлемі шамамен 3 660,08 тоннаны құрайды.

Табиғи уран өндіру көлемінің тұрақты өсуіне мынадай іс-шараларды іске асыру: жаңа кен орындарын игеру және қолданыстағы кеніштерді дамыту есебінен өндіріс көлемін ұлғайту;

жаңа техника мен озық технологияларды, өндірістерге ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстарды енгізу есебінен өндірісті интенсивтендіру, жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру есебінен қол жеткізілді.

2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы өнімді сатудан түскен шоғырландырылған кіріс 50,6%-ға ұлғайды және 42 664,3 млн. теңгені құрады. Бұл ретте кірістің 44,11%-ын (18818,4 млн. теңге) уран өнімдерін сату, 4,06 %-ын (1 732,3 млн. теңге) бериллий өнімдерін сату, 6,09%-ын (2 596,8 млн. теңге) тантал-ниобий өнімдерін сату, 0,49%-ын (208,7 млн. теңге) плавик қышқылын сату құрады, жалпы сату көлемінің 24,7 %-ын (10 536,3 млн. теңге) энергетикалық кешен өнімдерін сату құрайды, 20,56 %-ы (8 771,7 млн. теңге) өзге де сатудан түскен кіріс.

2004 жылы негізгі қызметтен түсетін кіріс саны 3713,6 млн. теңге болды. Таза табыстың саны 2004 жылы 2647,9 млн. теңге күйінде.

2005 жылы негізгі қызметтен түсетін кіріс саны 5076,0 млн. теңге мөлшерінде жобалануда, таза табыс 10503,8 млн. теңге. Таза табыстың күрт өсуі 2005 жылы "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС-нің мүліктік кешенінің қайта бағалануымен түсіндіріледі.

Компания қазіргі уақытта "Строительство рудника ПВ-19" жобасы бойынша инвестицияларды жүзеге асырады. Инвестициялар 2004 жылы 9162,3 млн. теңге

құрады. 2005 жылдан Компанияның инвестициялық қызметі 2010 жылға қарай 15 мың тоннаға дейін уран қазбасына жетуге мүмкіндік беретін жаңа жобаларды жүзеге асыруға бағытталады.

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" АҚ

"Азық-түлік келісім корпорациясы" АҚ (бұдан әрі - Компания) миссиясы мемлекеттік астық ресурстарының сақталуы мен жаңартылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ астық пен одан жасалған өнімдер бағасының ішкі конъюнктурасын реттеу болып табылады, бұл елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Компания мемлекеттік ресурстар астығы мен одан жасалатын өнімдерді сатып алуды, әзірлеуді, есепке алуды қамтамасыз ету, сақтауды, жаңартуды, оның орнын ауыстыруды, сатуды ұйымдастыру мақсатында әрекет етеді.

Компанияның 2003 жылғы қызметінің қорытындылары бойынша 785,6 млн. теңге сомасында таза пайда алынды, оның ішінде республикалық бюджетке дивидендтер түрінде 386,6 млн. теңге аударылды.

2003 жылы жалпы кіріс 34602,8 млн. теңгені құрады, оның ішінде: мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 9284,9 млн. теңге; жеке қаржы-шаруашылық қызмет бойынша түсетін кіріс - 25317,9 млн. теңге.

2003 жылы жалпы шығыстар 33431,6 млн. теңгені құрады, оның ішінде: мемлекеттік астық ресурстарын басқару шығыстары - 9243,4 млн. теңге; жеке қаржы-шаруашылық қызмет бойынша шығыстар - 24188,3 млн. теңге, оның ішінде әкімшілік шығыстар - 405,8 млн. теңге.

2003 жылы салық салынатын кіріс 1171,2 млн. теңгені құрады.

2004 жылы Корпорация барлық егіннің: астықты мемлекеттік сатып алу бағдарламасы бойынша - 464,2 мың тоннасын; тартылған кредиттік ресурстар есебінен астық сатып алу бағдарламасы бойынша - 1271,1 мың тоннасын сатып алды.

2004 жылы негізгі қызметтен кіріс 31242,9 млн. теңгені құрады, оның ішінде: мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 2730,0 млн. теңге; жеке қаржы-шаруашылық қызмет бойынша кіріс - 28512,9 млн. теңге.

2004 жылы Компанияның жалпы шығыстары 33665,6 млн. теңгені құрады, оның і ш і н д е :

мемлекеттік астық ресурстарын басқару шығыстары - 3421,6 млн. теңге; жеке қаржы-шаруашылық қызмет бойынша шығыстар - 30244 млн. теңге, оның ішінде әкімшілік шығыстар - 521 млн. теңге.

2004 жылғы салық салынатын кіріс 820,3 млн. теңге.

2005 жылғы 1 шілдеде Корпорация 625,74 мың тонна көлемінде мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастырды.

Мемлекеттік астық ресурстары негізінен республиканың 58 ірі астық қабылдау кәсіпорындарына орналастырылады, оларды іріктеуді Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Компания конкурстық негізде жүргізеді.

Астық сатып алу мемлекеттік азық-түліктік астық резервін қалыптастыру және отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді қолдау мақсатында жүргізіледі.

2005 жылы 2005 жылғы егіннен:
мемлекеттік сатып алу бойынша - 6208 млн. теңге сомасына 549,999 мың тонна;
коммерциялық сатып алу бойынша - 23000 млн. теңге сомасына 2 млн. тонна астық с а т ы п а л у к ө з д е л г е н .

Өткен жылдардағыдай, астық сатып алу екі кезеңмен: жеткізу шартының негізінде көктемгі-жазғы кезеңде қаржыландыру арқылы және күзде тікелей сатып алу арқылы жү р г і з і л е т і н б о л а д ы .

Компанияның 2005 жылға негізгі қызметтен алатын кірісі 35268,7 млн. теңге мөлшерінде жоспарланған, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 6469,2 млн. теңге;
жеке қаржы-шаруашылық қызмет бойынша кіріс - 28799,5 млн. теңге.

2005 жылға арналған жалпы шығыстар 35164,6 млн. теңге мөлшерінде ж о с п а р л а н ғ а н , о н ы ң і ш і н д е :

мемлекеттік астық ресурстарын басқару шығыстары - 6464 млн. теңге;
жеке қаржы-шаруашылық қызмет бойынша шығыстар - 28700,6 млн. теңге.

2005 жылға арналған салық салынатын кіріс 805,6 млн. теңге көлемінде ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

2005 жылы бюджетке 275,5 млн. теңге мөлшерінде мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтерді аудару жоспарлануда.

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ (бұдан әрі - Компания) "Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту және "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 492 қаулысына сәйкес құрылды.

Компания қызметінің негізгі нысаны мемлекеттік ақпарат ресурстарының коммуникациялық ортасын және өзара әрекет ету жүйесін құру, жалпы қолданылатын ақпараттық база қалыптастыру, сондай-ақ халықаралық ақпарат жүйелерімен ы н т ы м а қ т а с т ы қ б о л ы п т а б ы л а д ы .

2003 жылғы қызмет қорытындылары бойынша Компания алған кіріс 443,7 млн. теңгені құрады, оның ішінде негізгі қызметтен түсетін кірістер 432 млн. теңгені, негізгі емес қызметтен - 11,7 млн. теңгені құрады.

Тұтастай алғанда, 2003 жылы Компания 95,6 млн. теңге мөлшерінде зиян шекті.

Зиян шегудің негізгі себептері клиенттердің жеке телекоммуникациялық желілер құруына байланысты олардың жаппай кетуі немесе олардың басқа провайдерлерге көшуі салдарынан телекоммуникациялық қызметтердің 3 есе азаюы болып табылады. Компанияның залалды қызметіне байланысты 2003 жылдың қорытындылары бойынша 6,6 млн. теңге мөлшерінде жоспарланған мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер есептеу және төлеу жүзеге асырылған жоқ. 2003 жыл ішінде бюджетке жалпы сомасы 92,6 млн. теңге салық пен басқа да төлемдер төленді.

2004 жылы орындалған жұмыстардың жалпы көлемі 622,7 млн. теңгені құрады, оның ішінде қызметтің негізгі бағыттары бойынша:

Мемлекеттік бағдарлама шеңберіндегі жұмыстарды орындау - 313,8 млн. теңге;
жүйелерді сервистік сүйемелдеу және мемлекеттік органдардың жабдығына техникалық қызмет көрсету - 260,2 млн. теңге;
телекоммуникациялық қызметтер көрсету - 39,9 млн. теңге;
өзге де жұмыстар мен қызметтерден - 8,8 млн. теңге.

2004 жылғы қаржы-шаруашылық қызмет қорытындылары бойынша Компанияның жалпы кірісі жоспарланған 560,8 млн. теңгенің орнына 548,3 млн. теңгені (97,8 %) құрады. 2003 жылмен салыстырғанда (443,7 млн. теңге) өсу 23,6 %-ды құрады. Негізгі қызметтен түсетін кірістер жоспарланған 556,3 млн. теңгенің орнына 541,5 млн. теңгені құрады (жоспардың орындалуы 97,3 %), негізгі емес қызметтен түсетін кіріс жоспарланған 4,5 млн. теңгенің орнына 6,8 млн. теңгені (151%) құрады. Компания бюджетінің кіріс бөлігінің орындалмау себебі телекоммуникациялық қызметтер көлемінің азаюы, мемлекеттік органдардың орталықтандырылған сервистік техникалық қызмет көрсетуге көшу кестесін толық көлемде орындамауы болып табылады.

2005 жылы Компанияның жалпы сомасы 678,6 млн. теңге кіріс алуы күтіліп отыр. Негізгі қызметтен түсетін кірістер 673,6 млн. теңгені құрайды, негізгі емес қызметтен түсетіні 5 млн. теңге сомасында күтілуде.

2005 жылдың қорытындылары бойынша 51,8 млн. теңге сомасында таза пайда алу к ү т і л і п о т ы р .

Инвестициялық саясат Компаниялар қызметінің келесідей негізгі бағыттарын дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған:

Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы шегінде құрылған және әкімшіліктендіру;

Ведомствоаралық ақпараттық жүйелерді қамтамасыз ету мен мемлекеттік органдардың есептеуіш-телекоммуникациялық құрал-жабдықтарына жүйелік-техникалық қызмет көрсету;

әртүрлі деңгейдегі мамандарды оқыту мен біліктілігін жоғарлату, соның ішінде электрондық құжат айналымы жүйесі мен қолданбалы ақпараттық жүйелерді пайдаланушыларды дайындау.

"Қазпочта" АҚ

"Қазпочта" АҚ (бұдан әрі - Компания) "Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнын және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1940 қаулысына сәйкес Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнын қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды.

Компанияның миссиясы Қазақстанның бүкіл аумағында жоғары сапалы деңгейдегі почта-жинақтау қызметтеріне еркін қол жетімділікті қамтамасыз етуден тұрады.

Қазақстан почтасы қаржы жағдайын тұрақтандыру және тұрақты өсу сатысына нық сеніммен көшуде: почта байланысының сапасы біртіндеп жақсаруда, почта-қаржы қызметтерінің аясы кеңеюде, қазіргі заманғы коммерциялық қызметтер дамуда.

2004 жылы Компания 32,8 млн. бірлік жазбаша хат-хабар қабылдады, бұл 2003 жылдың деңгейінен 102,4%-ға артық. Сондай-ақ, мерзімді басылымдар саны 21,2%-ға ұ л ғ а й д ы .

Жалпы ақылы алмасу көлеміндегі ең көп үлес салмақты жазылу мен мерзімді басылымдарды сату - 73,5 %, жазбаша хат-хабар - 15,4 % алады, зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу үлесі 9,8 %-ды құрайды.

2004 жылы аудандық маңызы бар қалалар мен ауылдық өңірлерде зейнетақыларды, жәрдемақылар мен атаулы әлеуметтік көмекті дербес төлеу жөніндегі іс-шараларды і с к е а с ы р у ж а л ғ а с т ы р ы л д ы .

2004 жылы жалпы сомасы 115,1 млрд. теңге болатын барлығы 20,9 млн. зейнетақы мен жәрдемақы және атаулы әлеуметтік көмек төлемі жүргізілді, бұл 2003 жылғы нақты орындаудан 23,6%-ға жоғары. Қалыптасып отырған үрдіс Компанияның қызметін жандандыру жөніндегі міндеттердің осы бағытта іске асырылуына оң с и п а т т а м а б е р е д і .

Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша 2003 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 2004 жылы Компанияның жиынтық кірісі 42,1 %-ға ұлғайып, 7111,0 млн. теңгені құрады. Компанияның негізгі қызметтен кірісі 6456,4 млн. теңге құрады. 2004 жылы шығыстар 2003 жылдың деңгейінен 43,3 %-ға артып, 6952,2 млн. теңгені құрады. 2004 жылы Компанияның таза пайдасы 158,8 млн. теңге сомасын құрады, бұл 2003 жылдың көрсеткішінен 4,7 %-ға немесе 7,1 млн. теңгеге артық.

2005 жылы Компания 2003-2004 жылдары байқалған мерзімді басылымдар бойынша почталық алмасудың, жазбаша хат-хабарлар, зейнетақы, жәрдемақы төлемдері және почталық ақша аударымдары бойынша ақылы алмасулардың өсу үрдісін сақтауды жоспарлап отыр. 2005 жылы шығатын ақылы алмасу көлемін 4,19%-ға ұ л ғ а й т у к ү т і л у д е .

2005 жылдан бастап аудан орталықтары мен селоларда зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу жөніндегі функцияларды біртіндеп Компанияға беру

ж о с п а р л а н у д а .

Тиімді жұмыс істейтін отандық почта-жинақтаушы жүйені қалыптастыруға бағытталған қызметті жандандыру нәтижесінде компанияның қаржылық жай-күйі бір шама жақсарды .

2005 жылы 2003 жылдың деңгейімен салыстырғанда жиынтық табыстың 12,6 %-ға өсуі күтілуде, бұл 894,0 млн. теңгені құрайды, жиынтық шығыстар деңгейі 12,7 %-ға немесе 880,4 млн. теңгеге өседі. Компанияның негізгі қызметтен кірісі 2005 жылы 7421,9 млн. теңге мөлшерінде бағаланады және таза табыс 172,3 млн. теңге сомасында болжанып отыр.

"Қазақтелеком" АҚ

"Қазақтелеком" ҰК" АҚ (бұдан әрі - Компания) Қазақстан Республикасының жалпы қолданыстағы бірыңғай телекоммуникация желісінің ұлттық операторы болып табылады .

"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы N 666 қаулысына сәйкес ұлттық ауқымда құрылатын, мемлекеттік өңірлік және мамандандырылған телекоммуникация кәсіпорындарының мүлкін Республиканың бүкіл аумағында кең ауқымды байланыс қызметтерінің көрсететін акционерлік қоғамның жарғылық қорына беру жолымен құрылды .

2004 жылғы 1 сәуірде "Қазақтелеком" ҰАК-ты Астана қаласының Әділет басқармасы "Қазақтелеком" АҚ етіп қайта тіркеді.

Компания Қазақстанда жұмыс істейтін 3 еншілес және бірлесіп бақыланатын ("Алтел" АҚ (50 %), "Қазақстан GSM" ЖШС (49 %), "Нұрсәт" ЖАҚ (41,25 %)) ұйымға қатысушы немесе акционер болып табылады.

Компания мынадай негізгі қызметтерді көрсетеді:
жергілікті, қалааралық, халықаралық телефон байланысы;
телеграф, телекс, деректер беру;
спутниктік байланыс;
сым арқылы радиохабар тарату;
байланыс арналарын жалға беру.

2003-2004 жылдары Компанияда жоғары өндірістік және қаржылық көрсеткіштер байқалды .

Компанияның бағалауы бойынша 2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы қазақстандық телекоммуникация қызметтері рыногының көлемі 27%-ға өсті және 140000 млн. теңгеден асты. Рынок құрылымының өзгеруі ұялы байланыс рыногы үлесінің өсуі есебінен болды, оның үлес салмағы телекоммуникациялық рынок

көлемінің 37 %-ын құрады. Қалааралық байланыс рыноктың 20%-ын құрайды, оның үлесінің осы деңгейде сақталуына көп жағдайда ұялы желілердің өсіп бара жатқан трафигі ықпал етеді. ТМД-ға халықаралық сөйлесулер үлесі 7 %-ды құрайды. Барлық қызметтер түрі көлемінің өсуі аясында алыс шетелдерге қызметтер үлесі қысқарды және 4%-ды құрады. Жергілікті желі қызметтерінің үлесі 10%-ды құрайды. Деректер беру және Интернет қызметтерінің үлесі жыл сайын өсу үстінде және 2004 жылы 10%-ды құрады. IP-телефония қызметтерінің үлесі 2 %-ды құрайды, алайда бұл сегмент жоғары өсу қарқынымен сипатталады.

Телекоммуникациялар рыногындағы Компанияның үлесі 2004 жылы айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ және орта есеппен 57 %-ды құрады.

Жергілікті байланыс рыногындағы Компанияның үлесі 2004 жылы 94 %, қалааралық - 92 %, ТМД елдерімен халықаралық - 85 %, алыс шетелдермен - 67 % деп бағаланады. Деректер беру рыногындағы Компания үлесінің бағасы 65 %-ды, Интернет жүйесінде 58 %-ды құрайды.

Рыноктың жоғары үлесі көбінесе тарихи қалыптасқан клиенттік қормен түсіндіріледі. Кейбір жергілікті рыноктарда және корпорациялық клиенттер рыногында Компанияның үлесі анағұрлым төмен.

Компанияның тәуекелдері бәсекелестер желілерінің, әсіресе жер үсті желілерінің дамуына, олардың корпорациялық клиенттер және жеке тұлғалар рыногындағы белсенді қызметіне, ұялы байланыстың дамуына, телекоммуникация рыногын ырықтандыру процесімен байланысты реттеуші органдардың іс-шараларына келіп тіреледі.

2004 жылы негізгі қызметтен түсетін кірістер 80096,4 млн. теңгені құрады немесе 2003 жылмен салыстырғанда 82,2 %-ға артық, оның ішінде қалааралық, халықаралық байланыс қызметтерінен түсетін кірістер - 46678,2 млн. теңге, жергілікті байланыс қызметтерінен түсетін кірістер - 13710,5 млн. теңге, деректер беру желісі қызметтерінен түсетін кірістер - 4206,5 млн. теңге.

Бағалау бойынша 2005 жылы негізгі қызметтен түсетін кірістер 83 466,3 млн. теңгені, оның ішінде қалааралық, халықаралық байланыс қызметтерінен түсетін кірістер - 43454,7 млн. теңгені, жергілікті байланыс қызметтерінен түсетін кірістер - 18472,5 млн. теңгені, деректер беру желісі қызметтерінен түсетін кірістер - 5464,9 млн. теңгені құрайды.

Операциялық қызмет шығыстары 2004 жылы 58712,6 млн. теңге немесе 2003 жылмен салыстырғанда 64,6%-ға артық соманы, оның ішінде өндірістік өзіндік құн бойынша - 45567,3 млн. теңгені құрады.

2005 жылы операциялық қызмет шығыстары 63669,4 млн. теңге сомасын, оның ішінде өндірістік өзіндік құн бойынша - 49610,4 млн. теңгені құрайды.

Таза пайда мөлшері 2004 жылы 26917,6 млн. теңге сомасын құрады, бұл 2003 жылдың деңгейінен 66,2 %-ға жоғары. Таза пайда мөлшері 2005 жылы 27823,8 млн.

теңге деңгейінде бағаланып отыр.

2003 жылдың қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу 3438,5 млн. теңге мөлшерін, оның ішінде мемлекеттік акциялар пакетіне - 1910,1 млн. теңгені құрады. 2004 жылдың қорытындылары бойынша 2005 жылы дивидендтер төлеу 4413,06 млн. теңге, оның ішінде мемлекеттік акциялар пакетіне - 2451,7 млн. теңге мөлшерінде бағаланып отыр.

Кірістер бойынша болжамдарды орындау инвестициялық бағдарламаны іске асыру нәтижесінде қамтамасыз етілді, оның көлемі 16894,7 млн. теңгені құрады.

2004 жылы Компанияның меншікті қаражаты есебінен 277 ауылдық елді мекенге телефон жүргізілді.

2005 жылғы 4 мамырда Компания басшылығы 2005 жыл ішінде Қазақстан Республикасы халқына көрсетілетін қызметтің реттелетін түрлеріне тарифтерді көтеруге мораторий жариялады.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде 2005 жылғы 1 сәуірден бастап Компания Интернет желісі қызметтеріне арналған тарифтерді, сондай-ақ халықаралық телефон қосуларының жекелеген бағыттарына, оның ішінде Ресейге, Украинаға және басқа да ТМД елдері мен алыс шетелдерге (бұдан әрі - АШ) арналған тарифтерді азайтты.

Жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру республика ауқымында жеке тұлғаларға арналған MEGA Line-нан бастап корпорациялық VPN-ге дейін көрсетілетін қызметтер аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Компанияның инвестициялық саясаты телекоммуникациялар саласындағы ең жаңа технологияларды дамытуға, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ақпарат ағыны транзитін көбейтуге, жергілікті телекоммуникациялар желілерін дамытуға бағытталған.

Компания "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы қаулысына сәйкес құрылды.

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" АҚ

"Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ-тың (бұдан әрі - Компания) тасымалдау процесінде темір жол саласының функционалдық тұтастығын және ыңғайлы басқарылуын қамтамасыз етуге негізделген холдингтік құрылымы бар. Қазақстанда темір жол саласын реформалау 1997 жылы құрылған "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрамында қазақстандық үш темір жолды біріктірумен және оның құрамында бір мезгілде алты жол басқармасын құрумен басталды.

Компания 17 аффилиирленген ұйымға қатысады, олардың акциялар пакетінің мөлшері/Компанияға қатысу үлесі 33 %-дан 100 %-ға дейінгіні құрайды.

Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен тасымалдауда Компания монополист болып табылады және бәсекелестері жоқ.

Компания жүк тасымалдарының негізгі көлемі өндіруші және өңдеуші өнеркәсіптің (көмір, мұнай және мұнай өнімдері, қара және түсті металдар, кен) үлесіне келеді.

Көмір. Компанияның көмір тасымалдау жөніндегі негізгі клиенттері: "Богатырь Аксес Көмір" ЖШС (компанияның жалпы тасымалдарының 17,3 %-ы), "Еуразиялық энергетикалық корпорация" ААҚ (9,3 %), "Испат Кармет" ААҚ КД (5,6 %), "Қазақмыс" корпорациясы ААҚ-тың "Бөрлі" КД (4,3 %), "Майкубен-Вест" ЖАҚ (1,3 %), " Балапанкөлік" ЖШС (1,1 %), "Шұбаркөл кенін" ААҚ (0,9 %) болып табылады.

Мұнай. Компанияның мұнай жүктерін тасымалдау жөніндегі негізгі клиенттері: " Шмос" ЖШС (3,7 %), "Ақтөбемұнайгаз" ААҚ МӨБ (1,6 %), "АМӨЗ-Көлік" ЖШС (1,3 %), "Теңізшевройл" БК (1,1 %), "Павлодар мұнай-химия зауыты" ЖАҚ (1,0 %) болып табылады.

Темір рудасы . Компанияның темір рудасын тасымалдау жөніндегі негізгі клиенттері: "ССКББ" ААҚ (8,14 %), "Өркен" ЖШС (1,8 %), "Дон ТБК" ААҚ (1,5 %) болып табылады.

Қара металдар . Компанияның қара металдарды тасымалдау жөніндегі негізгі клиенттері: "Испат Кармет" ААҚ (2,4 %), Ақсу ферроқорытпа зауыты (0,5 %), " Феррохром" ААҚ (0,1 %), "Қазақмыс" корпорациясы ААҚ (0,15 %) болып табылады.

Жүк айналымы 2004 жылы 163 420 млн. т-км құрады, бұл жүктерді тиеу көлемінің өсуі есебінен 2003 жылдың деңгейінен 10,7%-ға артық.

Жүк айналымы бағыттардың барлық түрлері бойынша: республикаішілік - 8,8 %-ға, экспорттық - 6,8 %-ға, импорттық - 28,3 %-ға, транзиттік - 28,2 %-ға өсті.

2004 жылы жалпы жүк тиеу 193,8 млн. тоннаны құрады, бұл өткен жылдың деңгейінен 8,3 млн. тоннаға немесе 4,5 %-ға артық. Жалпы жүк тиеудің өсуі жүктердің негізгі түрлері бойынша тиеудің: мұнай жүктерінің - 4,5 %-ға, темір рудасының - 9,6 %-ға, түсті кеннің - 4,7 %-ға, қара металдардың - 7,2 %-ға, химиялық және минералдық тыңайтқыштардың - 28,5 %-ға, құрылыс жүктерінің - 13,5%-ға, астық пен тартылған өнімдердің - 13,5%-ға өсуімен негізделген.

2005 жылы болжамды жүк айналымы жүктерді тиеу көлемінің өсуі есебінен 172 679 млн. т-км (2004 жылға қатысты 5,7 %-ға ұлғайған) құрайды.

2004 жылы Компанияның негізгі қызметінен 224 237 млн. теңге сомасында кіріс алынды, 2003 жылдың деңгейіне қарағанда 17,2 %-ға өсу жүк айналымының өсуіне және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2004 жылғы 25 мамырдағы N 242-ОД бұйрығына сәйкес 2004 жылғы 20 шілдеден бастап магистральдық темір жол торабы қызметтеріне арналған тарифтерді белгілеуге байланысты.

2005 жылы Компанияның негізгі қызметінен түсетін, тұрақты өндірістік-қаржылық қызмет пен Компанияның инвестициялық қажеттіліктерін жабу үшін қажетті кірістер

кемінде 259 267 млн. теңгені құрауға тиіс.

2004 жылғы негізгі қызмет бойынша күтілетін шығыстар 21 612 млн. теңгені құрайды, бұл 2003 жылдың тиісті кезеңінің деңгейінен 11,7%-ға жоғары.

Шығыстардың ұлғаюы:

1) "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы N 505-II Заңына сәйкес ең төменгі жалақыны 6600 теңге мөлшерінде белгілеумен байланысты еңбекақы төлеу қоры бойынша шығыстардың өсуі;

2) материалдар, отын, электр энергиясы бағаларының өсуі;

3) "Қазтеміржолкөлік" АҚ пен "Локомотив" АҚ-тың құрылуына және олардың жүк вагон паркімен және локомотивтік тартқышпен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер үшін шот ұсынуына байланысты жұмыстар мен қызметтерге ақы төлеу; байланыс қызметтері бағаларының өсуі;

4) күзет қызметтері құнының өсуіне байланысты өзге де шығыстар салдарынан болды.

2005 жылы Компанияның негізгі қызметі бойынша шығыстар 21872 млн. теңге мөлшерінде болжанып отыр.

2004 жылдың таза пайдасы 10250 млн. теңгені құрады.

2004 жылы Компания мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер төлеген жоқ, 2005 жылы мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер төленбейді.

2004 жылы Компанияның инвестицияларды игеруі 38816 млн. теңгені, оның ішінде сыртқы қарыздар есебінен 4 586 млн. теңгені, меншікті қаражат есебінен 34 230 млн. теңгені құрады.

2004 жылы компанияның инвестициялық қызметінің негізгі бағыттары магистральдық темір жол торабын оңалту, дамыту және жаңғырту, ақпараттандыру және байланысты дамыту, жол техникасын сатып алу, Достық станциясын дамыту, Екібастұз - Павлодар учаскесін электрлендіру, сондай-ақ Алтынсарин - Хромтау жаңа темір жол желісін салу болды.

"Қазақстан инжиниринг" ҰК" ААҚ

Машина жасау саласындағы қызметті жүзеге асыратын "Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ (бұдан әрі - Компания) "Қазақстан Республикасы қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 244 қаулысының негізінде жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен құрылды.

2003 жылы Компания өндірген өнім көлемі 4500 млн. теңгені, 2004 жылы 7100 млн. теңгені құрады, ұлғаю 55,4%-ды құрады.

Негізгі қызметтен түсетін кіріс 2003 жылы 4000 млн. теңгені, 2004 жылы 6800 млн.

теңгені құрады. Кірістердің ұлғаюы 70 %-ды құрайды.

2003 жылы таза залал 529 млн. теңге сомасында қалыптасты, 2004 жылы таза пайда 2 3 5 , 9 млн. теңгені құрады.

Кірістердің өсуі негізінен дайын өнімді (қызметтерді) сату көлемінің өсуімен негізделген, бұл, өз кезегінде, кәсіпорын шығаратын өнімді өткізу рыноктарын іздеу жөнінде Компания жүргізген жұмыстың нәтижесі болып табылады.

"Астана халықаралық әуежайы" АҚ

Рейстер мен жолаушыларға қызмет көрсету саны бойынша әуежай арқылы қозғалыс көлемі "Астана халықаралық әуежайы" АҚ (бұдан әрі - Компания) өндірістік қызметін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер болып табылады.

2003 жылмен салыстырғанда қызмет көрсетілген рейстер санының даму үрдісі 2004 жылы 15%-ға және 2004 жылы 8 %-ға ұлғаюмен сипатталады. Қызмет көрсетілген жолаушылар саны да тиісінше 25 %-ға және 31 %-ға өсті. 2004 жылы барлығы 13 316 рейс пен 498 686 жолаушыға қызмет көрсетілді. Бағалау бойынша 2005 жылы 14 378 рейс пен 651 606 жолаушыға қызмет көрсету жоспарланып отыр. 2004 жылы аталған көрсеткіштер бойынша орташа тәуліктік деректері әуе кемелерінің 36 ұшу-қонуын және 1366 қызмет көрсетілген жолаушыны, 2005 жылы тиісінше 39 және 1785-ті құрады.

Бар бағыттардағы рейстердің жиілігін ұлғайту және жаңаларын ашу осы үрдістің айқындаушы факторы болып табылады. 2004-2005 жылдары Компания қызмет көрсеткен рейстер мен жолаушылардың жалпы көлемінің негізгі үлесін Қазақстанның барлық ірі қалаларының астанамен байланысын қамтамасыз ету үшін ішкі әуе желілерін кеңейтуге негізделген ішкі әуе тасымалдары құрайтынын (77%) атап өткен жөн.

2004 жылы Компанияның кірісі 3941 млн. теңгені құрады, бұл жоспардағы деңгейден 105%-ға (198 млн. теңге) асып түсті. Компанияның операциялық қызметтен түсетін кірістерінің 22 %-ға немесе 541 млн. теңгеге ұлғаюы кірістер өсуінің айқындаушы факторы болды. 2004 жылы Компания кірістері өсуінің негізгі себептері авиакомпанияның әуе кемелеріне май құю үшін сатып алынатын авиаотын құнының өсуі мен әуежай арқылы әуе тасымалдары көлемінің өсуі болды.

Әуежайлық емес қызметтерден түсетін кірістер құрылымында әуежай алаңдарын жалға беруден, ақылы қызметтерден және басқалардан түсетін кірістердің екі есе дерлік айтарлықтай ұлғайғанын атап өткен жөн, бұл Компанияның негізгі мақсатына қол жеткізумен - кірістілікті, оның ішінде концессиялық қызметтен түсетін кірісті арттырумен негізделген.

2004 жылы Компанияның шығыстары 3 271 млн. теңгені құрады, бұл 2003 жылдың деңгейінен 8 %-ға немесе 237 млн. теңгеге асып түсті және жоспарланған көлемнен 3%-

ға (8 6 млн. теңге) кеміді .

Әуежайдың операциялық емес қызметтен болатын шығыстарының ұлғаюы Компания шығыстарының ұлғаюының негізгі себебі болды, мұндағы негізгі үлесті негізгі құралдарды қайта бағалауға байланысты шығыстар құрайды.

2004 жылдың қорытындылары 670 млн. теңге сомасындағы қаржылық оң нәтижемен сипатталады, бұл жоспар деңгейінен 74 %-ға артық.

Жалпы көлемдегі бағыттар бойынша жолаушылар тасымалы рыноктарының үлесі өткен кезең деңгейінде сақталуда және ішкі желілер үшін 78 %-ды және халықаралық тасымалдар үшін 22 %-ды құрайды .

2005 жылы Компанияның кірістері 5 480 млн. теңге сомасында болжанып отыр, бұл 2004 жылдың деңгейінен 40 %-ға және жоспардан 24%-ға артық (тиісінше 1 539 млн. теңге және 1 048 млн. теңге). Кірістердің өсуінің негізгі факторлары: көлемнің өсуіне байланысты әуежайлық қызметтер көрсетуден түсетін кірістердің ұлғаюы, сондай-ақ " Астана қаласындағы халықаралық әуежайды қайта жаңарту" жобасын іске асыруға байланысты Компанияның операциялық емес қызметтен түсетін кірістерінің ұлғаюы б о л ы п т а б ы л д ы .

2005 жылы Компания шығыстары 5281 млн. теңгені құрайды, бұл 2004 жылдың деңгейінен 61%-ға немесе 2010 млн. теңгеге артық, ал жоспарланатын көлемнен 31%-ға (1208 млн. теңге) кеміді. Алдын ала бағалау бойынша Компания қызметінің 2005 жылғы қорытындылары 199 млн. теңге сомасында қаржылық оң нәтижемен с и п а т т а л а д ы .

2005 жылы Компанияның инвестициялық қызметі екі негізгі бағыт бойынша жүзеге а с ы р ы л а д ы :

1) "Астана қаласының халықаралық әуежайын салу" жобасын іске асыру, оның мақсаты Астана қаласының әуежай объектілерін жетілдіру, оның өткізу қабілетін арттыру, әуе кемелеріне, жолаушыларға қызмет көрсету қауіпсіздігінің және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес багаж өңдеудің деңгейін жоғарылату, астананың әуе қақпаларының инфрақұрылымдық кешенін дамыту болып табылады;

2) меншікті қаражат есебінен негізгі қорларды ауыстыру. Негізгі қорларды жаңғырту шеңберінде әуежайдың меншікті қаражатынан негізгі құралдарды (арнайы техника, жабдық, әуе кемелерінің тұрақ орнын жөндеу және т.б.) жөндеу және а у ы с т ы р у ж ү р г і з і л д і .

Компания Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясында айқындалған міндеттерді орындау және ережелерді іске асыру жөнінде жұмыс жүргізді. Елдің шапшаң экономикалық өсуіне сәйкес жүк-жолаушылар легін кеңейтуді және жетілдіруді қамтамасыз ету м а қ с а т ы н д а :

Астана қаласының әуежайындағы, транзиттік техникалық қонуды жетілдіру үшін,

негізінен әуе жүк кемелері үшін үстеме май құюға клиенттер ретінде бірнеше шетелдік
а в и а к о м п а н и я т а р т ы л д ы ;
жаңа әуежай кешенінің тұсаукесері өткізілді;
құны 1 700 млн. теңге ұшу-қону алаңын қайта жанарту жөніндегі жоба іске
асырылды.

"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" АҚ

"KEGOC" АҚ (бұдан әрі - Компания) желілері бойынша электр энергиясын беру көлемі 2003 жылы 26,9 млрд. кВт.с. құрады, бұл 2002 жылдың көрсеткішінен 13%-ға жоғары. Беру көлемінің өсуі, негізінен, "Екібастұз МАЭС-2" станциясынан Ресейге электр энергиясын экспорттық жеткізудің ұлғаюына, сондай-ақ Қазақстан аумағы арқылы Ресей Федерациясына Тәжікстан мен Қырғызстан электр энергиясының т р а н з и т і н е б а й л а н ы с т ы .

2004 жылы Компания 32,8 млрд. кВт.с. көлемінде электр энергиясын беру жөнінде қызметтер көрсетті, 2003 жылмен салыстырғанда өсу 22 %-ды құрайды. Беру көлемінің айтарлықтай ұлғаюының негізгі себебі "Қырғызстан-Қазақстан-Қырғызстан" қоғамының желілері арқылы электр энергиясының транзитіне шарт жасасу болды.

2005 жылы Компанияның желілері бойынша электр энергиясын беру көлемі 31,5 млрд. кВт. с. мөлшерінде бағаланып отыр, бұл 2004 жылдың көрсеткішінен 4,2 %-ға төмен және негізінен, Екібастұз МАЭС-2-ден электр энергиясын экспорттық жеткізу көлемінің а з а ю ы н а б а й л а н ы с т ы .

2003 жылы Компанияның негізгі қызметтен түскен кірістері 15742,2 млн. теңгені құрады, бұл 2002 жылдың деңгейінен 24,9 %-ға жоғары.

2004 жылы Компанияның негізгі қызметтен түскен кірістері 16835,7 млн. теңгені құрады (2003 жылдың деңгейінен 7,0%-ға жоғары).

2005 жылы негізгі қызметтен түсетін кірістер 18386,6 млн. теңге мөлшерінде б а ғ а л а н ы п о т ы р .

2003 жылы Компанияның негізгі қызмет бойынша шығыстары 13346,1 млн. теңгені құрады, бұл 2002 жылдың шығындарынан 9,7 %-ға жоғары, бұл персоналды оқытуға және қарыз қаражатынан қаржыландырылатын ҰЭЖ-ді жаңғырту жобасы бойынша консультациялық қызметтерге ақы төлеуге арналған ағымдағы шығыстардың ұлғаюына , сондай-ақ инвестициялық бағдарламаға сәйкес негізгі құралдардың енгізілуімен негізделген амортизациялық аударымдардың ұлғаюына байланысты.

2004 жылы Компанияның негізгі қызмет бойынша шығыстары 14536,2 млн. теңге мөлшерінде қалыптасты. 2005 жылы Компанияның негізгі қызмет бойынша шығыстары 17725,4 млн. теңге немесе 2004 жылдың көрсеткішінен 21,9 %-ға жоғары мөлшерде күтіліп отыр. Негізгі қызмет бойынша шығыстардың өсуі, негізінен, негізгі құралдардың қолданысқа енгізілуімен негізделген амортизациялық аударымдардың

және мүлік салығының ұлғаюына, ағымдағы шығыстарға жатқызылатын кредиттер бойынша пайыздардың ұлғаюына байланысты, бұл да ҰЭЖ-ді жаңғырту жобасы бойынша негізгі құралдардың енгізілуіне байланысты. Бұдан басқа, 2005 жылы Қоғам комиссияларды, сондай-ақ кредиттік шарттарға қол қоюға байланысты басқа да шығыстарды соған сәйкес төлейтін "Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі" транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісін салу" жобасын іске асыру шеңберінде Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкісімен (бұдан әрі - ХҚҚДБ), Еуропа Қайта Құру және Даму Банкісімен (бұдан әрі - ЕҚҚДБ) және Қазақстанның Даму Банкімен кредиттік келісімдер жасау жоспарланып отыр.

Компанияның 2003 жылғы таза кірісі 1741,6 млн. теңге құрады. 2000 жылдың көрсеткіштерімен салыстыру бойынша таза кірістің едәуір өсуі негізгі қызметтен алынатын кірістердің, Компанияның электр желілік объектілерін жөндеу және пайдалану бойынша толық игерілмеген шығындардың ұлғаюына негізделген.

2004 жылы Компанияның таза пайдасы 1613,2 млн. теңгені құрады. 2005 жылы Компанияның таза пайдасы 92,9 млн. теңге мөлшерінде бағаланып отыр. 2005 жылы таза пайданың азаюы ағымдағы шығыстарға жатқызылатын жобалар бойынша тартылған кредиттерге қызмет көрсету жөніндегі, сондай-ақ компанияның Астана қаласына көшірілген қызметкерлеріне тұрғын үй сатумен байланысты шығындардың едәуір ұлғаюына байланысты.

Қазақстанның бүкіл энергия жүйесінің жұмыс істеуінің сенімділігі мен тиімділігін арттыру мақсатында Компания ХҚДБ мен ЕҚДБ-ның қарыз қаражатын тарта отырып, "Қазақстан Республикасының Ұлттық энергия желісін жаңғырту" жобасын іске асыруда. Жобаның жалпы құны - 258,4 млн. АҚШ доллары.

2004 жылғы 1 қаңтарда Жаңғырту жобасын іске асыра бастағаннан бері 65,5 млн., соның ішінде 2003 жылы 46,9 млн. АҚШ доллары сомасында қарыз қаражаты жұмсалды. Бірлесіп қаржыландыру желісі бойынша Компания қаражатынан 59,4 млн. АҚШ доллары жұмсалды.

Жоба бойынша капитал салымдарын игеру 10517,21 млн. теңгені (ҚҚС-мен бірге), соның ішінде ХҚДБ мен ЕҚДБ-ның қарыз қаражаты бойынша 6168,2 млн. теңгені, бірлесіп қаржыландыру желісі бойынша Компанияның меншікті қаражатынан 4348,9 млн. теңгені құрады.

Сондай-ақ, 2004 жылы Компания "Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі" транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісін салу" жобасын іске асыру жөніндегі жұмысты бастады. Жобаның техника-экономикалық негіздемесін әзірлеуге, сондай-ақ желінің бірінші учаскесінің трассасын таңдау және келісу жөніндегі жұмысты жүргізуге арналған шарттар жасалды.

2004 жылы Компания инвестициялық қызметке 10967 млн. теңге, соның ішінде қарыз қаражатынан 6218,7 млн. теңге, Компанияның меншікті қаражатынан 4748,2 млн. теңге мөлшерінде қаражат жұмсады.

2005 жылы Компания негізгі үш бағыт бойынша инвестициялық қызметке 16200 млн. теңге жіберуді жоспарлап отыр:

1. Ұлттық энергетикалық желіні жаңғырту жобасын одан әрі іске асыру, атап айтқанда, 3 903 млн. теңге, соның ішінде қарыз қаражатынан 2 533 млн. теңге мөлшерінде ақшалай қаражат.

2. "Қазақстанның Солтүстігі - Оңтүстігі" транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісін салу". Мұнда 5 640 млн. теңге, соның ішінде қарыз қаражатынан 5 490 млн. теңге сомасында қаражат игеріледі.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық электр желісінің авариясыз, сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған өзге де инвестициялар.

"Қазақ ақпарат агенттігі" ҰК" АҚ

"Қазақпарат" ҰК" АҚ (бұдан әрі - Компания) "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Қазақ ақпарат агенттігі (ҚазААГ)" республикалық қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 қарашадағы N 1186 қаулысына сәйкес құрылды.

2003 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 2004 жылы кірістердің 131,724 млн. теңгеге дейін, яғни, 30,817 млн. теңгеге немесе 31 %-ға, соның ішінде негізгі қызмет түрі бойынша 29,841 млн. теңгеге немесе 30%-ға ұлғаюы байқалды. Бұл өсу, бірінші кезекте, өндірілетін өнім көлемінің ұлғаюымен және оның сапасының жоғарылауымен, өткізу рыноктарының кеңеюімен, өнім желісінің жаңғыруымен негізделген. 2005 жылы компания кірістері 201,696 млн. теңгені құрайды, бұл ретте мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің веб-сайтын ақпараттық сүйемелдеу шеңберінде бөлінетін республикалық бюджет қаражаты негізгі кіріс көздері болып табылатынын атап өткен жөн.

Шығыстар құрылымында өндірілетін өнімнің 2003 жылы 70,569 млн. теңге және 2004 жылы 79,526 млн. теңге құраған өзіндік құны басым. Өткізілген қызметтердің өзіндік құнының үлес салмағы 60%-дан астам. 2003 жылы шығыстар 32,176 млн. теңгені және 2004 жылы 49,724 млн. теңгені құрады. 2005 жылы Компания шығыстары 201,207 млн. теңгеге жоспарланып отыр, ағымдағы жылы Компанияны жаңа әкімшілік ғимаратқа көшіру жүзеге асырылды. Осыған байланысты Компания үй-жайларды қайта жаңартуды және жөндеуді жүргізді, жаңа жергілікті есептеу желісі салынды, телекоммуникациялық және есептеу жабдығы орнатылды.

2003 жылы өндірістік-қаржылық қызмет нәтижесінде Компания 1838 мың теңге сомасында зиян шекті. Компания 2004 жылы 59,536 млн. теңге мөлшерінде зиян шекті. Бұл ретте, 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелмеген зиян 29,118 млн. теңгені құрады. Зиянның ұлғаюы 2003-2004 жылдары құралған дебиторлық берешекті өтеу үшін күмәнді борыштар бойынша 61,500 млн. теңге мөлшерінде резерв құрумен

байланысты. 2005 жылдың қорытындылары бойынша 0,488 млн. теңге мөлшерінде таза п а й д а а л у к ө з д е л і п о т ы р .

2003 жылы салықтық аударымдар 15,653 млн. теңгені, 2004 жылы 11,247 млн. теңгені құрады. 2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы салық пен бюджетке төленетін төлемдердің барлық сомасы 4,405 млн. теңгеге қысқарды. Көп жағдайда бұл ҚҚС төлеуден босатумен, сондай-ақ жеке еңбек шарттары бойынша тартылатын жұмыскерлер санының азаюына байланысты жеке табыс салығы мен әлеуметтік салықтың азаюымен түсіндіріледі.

2006-2008 жылдарға арналған перспективалар

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ (бұдан әрі - Компания) өз алдына мынадай ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарды қояды:

- 1) қаржы-экономикалық көрсеткіштерді жақсарту;
- 2) запастарды өсіру;
- 3) өндірісті өсіру;
- 4) ірі мұнай-газ жобаларының экономикалық тиімділігін арттыру;
- 5) көлік мүмкіндіктерін дамыту;
- 6) мұнай-химияны дамытуға жәрдемдесу;
- 7) басқару жүйесін жетілдіру.

2006-2008 жылдар кезеңінде Компанияның мұнай өндіруші кәсіпорындарының өндірістік қуаттарын дамыту жер үсті объектілерін салуға, қайта жаңартуға және жаңғыртуға, сенімді әрі өнімділігі жоғары жер асты жабдығын қолдануға, компьютерлік геологиялық модельдер негізінде кен орындарын игеруді бақылаудың тиімділігі жоғары жүйесін құруға келіп тіреледі.

2006-2008 жылдар кезеңінде мұнай өндірудің жыл сайынғы көлемі 9,4 - 9,5 млн. тонна деңгейінде сақталады. 2006-2008 жылдар кезеңінде мұнай өндірудің есепті өсу қарқыны геологиялық-кәсіпшілік зерттеу деректері мен Өзен кен орнын игерудің ағымдағы жай-күйіне негізделеді.

Магистральдық мұнай құбырларымен 2006 жылы 44,6 млн. тонна, 2007 жылы - 44,8 , 2008 жылы - 44,2 млн. тонна деңгейінде мұнай тасымалдау жоспарланып отыр. Мұнай тасымалдаудың жоспарланып отырған көлемі рыноктық жағдайлар конъюнктурасы мен көлік жүйелерінің өткізу қабілетін есепке ала отырып, Республикада мұнай өндірудің болжамды деңгейі негізінде айқындалған.

Магистральдық газ құбырлары арқылы 2006 жылы 120,9 млрд. текше м., 2007 жылы 2,6 млрд. текше м., 2008 жылы - 131,1 млрд. текше м. деңгейінде табиғи газ тасымалдау ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Ішкі рынокта газ өткізу көлемі 2006 жылы - 2,6 млрд. текше м., 2007 жылы - 2,4 млрд. текше м., 2008 жылы - 2,6 млрд. текше м. деңгейін құрайды.

2006-2008 жылдар кезеңінде мұнай өңдеу жиынтығы 10,2 млн. тоннаны құрайды.

Өнімді өткізуден түсетін болжамды кірістер 2006 жылы 455 млрд. теңгені құрайды. Макроэкономикалық көрсеткіштердің ұсынылған болжамына сәйкес мұнай бағасы болжамының 2006 жылы бір баррель үшін 34,4 АҚШ долларынан 2008 жылы бір баррель үшін 28,5 АҚШ долларына дейін (17 %-ға азаю) төмендеуіне байланысты кірістер болжамының 2%-ға азаюы күтілуде.

Магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдаудан түсетін кірістердің болжамды өсуі ішкі рынокқа мұнай тасымалдау көлемінің күтіліп отырған өсуімен негізделген, сондай-ақ өндірістік бағдарламаның ұлғаюына байланысты мұнайды танкер флотымен тасымалдаудан, газ тасымалдаудан түсетін кірістерді ұлғайту жоспарланып отыр.

Компанияның таза пайдасы 2006 жылы 55,4 млрд. теңге, 2007 жылы - 53,9 млрд. теңге және 2008 жылы 42,5 млрд. теңге деңгейінде болжанып отыр.

Таза пайданың 23%-ға (2008 жылға қатысты 2007 жылы) болжамды азаюы мынадай факторларға негізделген:

- 1) мұнай бағасының 17 %-ға, бір баррель үшін 34,4 АҚШ долларынан бір баррель үшін 28,5 АҚШ долларына дейін болжамды төмендеуі;
- 2) КТК құбырларына мұнай жеткізудің 53 %-ға, 2006 жылы 1 500 млн. тоннадан 2008 жылы 2 300 млн. тонна мұнайға дейін өсуіне байланысты көліктік шығыстарының ұлғаюы;
- 3) 2006 жылдан бастап өндіру көлемін 9,45 млн. тонна деңгейінде тұрақтандыру.

Компанияның дивидендтік саясаты Компанияның 2004-2006 жылдарға арналған даму жоспарының құрамында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 шілдедегі N 784-қпү қаулысымен бекітілген. Еншілес ұйымдарға үлестік қатысудан түсетін кірістерді есепке ала отырып, Компанияның таза пайдасы дивиденд есептеу объектісі болып табылады. Компания 2006-2008 жылдары 2 млрд. теңге дивиденд төлеуді жоспарлап отыр.

Перспективалы 15 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр, оның ішінде 1 жобада құрлықтағы кен орнын игеру көзделеді, 8 жоба Каспий қайраңының құрылымын геологиялық барлауға және игеруге қатысты, 3 жобада көмірсутек шикізатын өндіруге қызмет көрсету, сақтау және тасымалдау жөніндегі инфрақұрылымдық объектілерді салу, жаңғырту көзделеді, 3 жоба сервистік қосалқы қызметтер саласына қатысты және басқаларына қарағанда Компанияның негізгі бизнесі үшін бейінді емес.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ (бұдан әрі - Компания) Компанияның негізгі мақсаты уран өнеркәсібі кәсіпорындарын басқару функцияларын қамтамасыз ету болып табылады.

Мақсаттарға орай, болжамды кезеңде шешілуі қажет мынадай міндеттер қалыптасты:

Табиғи уран өндірісінде:
қолданыстағы кен орындарында ("Шығыс Мыңқұдық", "Қанжуған", "Ақдала") уран өндіру көлемдерін өсіру;
"Ыңғай", "Мойынқұм", "Төртқұдық", "Заречное", "Иіркөл", "Қарасан", "Орталық Мыңқұдық", "Оңтүстік Ыңғай", "Батыс Мыңқұдық", "Буденовское" кен орындарында жаңа рудниктер салу;
табиғи уранның химиялық концентратын тотықша-тотыққа дейін қайта өңдеу жөніндегі қуаттарды дамыту;
Степногорск кен-химия комбинатында қуаты 80 мың тонна Күкірт қышқылы зауытын іске қосу.

Уран өндірісін дамыту бойынша:
құрамында уран бар материалдар мен қалпына келтірілген уранды ресейлік дизайндағы реакторларға арналған отын таблеткаларына дейін қайта өңдеу қызметтері бар ресейлік рыноктағы өз позициясын сақтау;
құрамында уран бар ашылуы қиын қайталама балқымаларды қайта өңдеудің әлемдік рыногындағы монополист позициясын сақтау;
табиғи байытылған, төмен байытылған, "әлсіз байытылған" уран диоксидінің ұнтақтарымен сыртқы рыноктарға шығу;
батыстық дизайндағы реакторларға арналған таблеткалармен әлемдік рынокқа шығу.

Бериллий өндірісін дамыту бойынша:
Қытай рыногына бастапқы бериллий өнімдерін жеткізуде жетекші позицияларға шығу;

АҚШ рыногындағы позицияны кеңейту;
Ресей рыногындағы монополиялық мәртебені сақтау;
Еуропа рыногындағы позицияларды нығайту және кеңейту.
Тантал-ниобий өндірісін дамыту бойынша:
өндірісті шикізатпен қамтамасыз ету;
жоғары технологиялық өнімдерді:
- сыйымдылығы жоғары тантал конденсаторлық ұнтақтарын;
- танталдан жасалған өнімнің жетілдірілген түрлерін шығару жөніндегі өндірістерді ұйымдастыру есебінен тантал өндірісі өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
сыйымдылығы жоғары ұнтақтарды, конденсаторлық сымды және тантал өндірісінде шығарылатын тантал жабдықтарын шикізат ретінде пайдалана отырып, тантал электр

конденсаторларын шығару жөніндегі конденсатор зауытын салу.

М ы н а д а й :

2006 жылы - 3 735,2 млн. теңге;

2007 жылы - 6 332,9 млн. теңге;

2008 жылы - 11 482,0 млн. теңге таза пайда алу жоспарланып отыр.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары:

бәсекеге қабілетті ядролық отын өндіру;

уран өнімдерінің барлық түрлері бойынша маркетингтік зерттеулердің тиімділігін арттыру;

ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және жартылай үзбей құю технологиясын енгізу;

конденсаторлар үшін сыйымдылығы жоғары тантал ұнтақтарын және сым өндіру технологиясын құру;

жұмыс істеп тұрған өндірісті техникалық қайта жарақтандыру.

Инвестициялық жобалар:

Уран, бериллий және тантал өндірісінің жобаларын іске асыру өңірі - Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы.

Инвестициялық бағдарламалар:

уран өндірісі - жалпы сомасы 2 139 597 мың теңге 8 жоба;

бериллий өндірісі - жалпы сомасы 1 462 918 мың теңге 4 жоба;

тантал өндірісі - жалпы сомасы 1 375 455 мың теңге 5 жоба;

"Экология" бөлімі бойынша - жалпы сомасы 1 362 203 мың теңге 5 жоба.

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" АҚ

2006-2008 жылдары елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, астық бағасы демпингінің алдын алу, астық өткізу рыноктарын кеңейту компанияның негізгі мақсатына жатады.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" АҚ (бұдан әрі - Компания) алдында мынадай міндеттер тұр:

мемлекеттік астық ресурстарын сақтауды және жанартуды қамтамасыз ету; отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден жыл сайын астық сатып алуды жүзеге асыру;

қазақстандық астықты әлемдік рыноктарға жылжыту және дәстүрлі рыноктардағы позицияларды нығайту.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары:

2006-2008 жылдары мынадай шаралар көзделеді:

тұқымдық материал сапасын жақсарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

ішкі рыноктағы астық бағасын реттеу;

мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің сақталу сенімділігін арттыру;
қазақстандық астықты, оның ішінде оны тасымалдау жөніндегі проблемаларды
шешу жолымен өткізудің тиімділігін жоғарылату;
астық өңдеуші ұйымдарға астық өткізудің тәртібін, оның уақтылы және тиімді
өткізілуін қамтамасыз ету мақсатында жетілдіру;
қазақстандық астықты халықаралық рыноктарға жылжыту.

2006 жылға арналған негізгі қызметтен кірісі 32347,2 млн. теңге мөлшерінде
жоспарланған, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 4765,6 млн. теңге;
меншікті қаржы-шаруашылық қызмет бойынша кіріс - 27581,6 млн. теңге.

2006 жылы бюджетке мемлекеттік акциялар пакетіне 294,3 млн. теңге мөлшерінде
дивидендтер аудару жоспарланады.

2007 жылға арналған негізгі қызметтен кірісі 34288 млн. теңге мөлшерінде
жоспарланды, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 5051,2 млн. теңге;
меншікті қаржы-шаруашылық қызмет бойынша кіріс - 29236,5 млн. теңге.

2007 жылы бюджетке мемлекеттік акциялар пакетіне 323,8 млн. теңге мөлшерінде
дивидендтер аудару жоспарланады.

2008 жылға арналған негізгі қызметтен кірісі 36002,4 млн. теңге мөлшерінде
жоспарланды, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 5304,1 млн. теңге;
меншікті қаржы-шаруашылық қызмет бойынша кіріс - 30698,3 млн. теңге.

2008 жылы бюджетке мемлекеттік акциялар пакетіне 349,6 млн. теңге мөлшерінде
дивидендтер аудару жоспарланады.

Корпорацияның ортамерзімді кезеңдегі инвестициялық саясатының негізгі
басымдықты бағыттары болып қазақстандық өнім өткізу нарықтарын кеңейту, оның
экспорты көлемін арттыру, мақта өндірушілерге қолдау көрсету, сондай-ақ
Компанияның одан әрі қозғалысты дамуы үшін капиталдандыру деңгейін жоғарлату
табылады.

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ

2006-2008 жылдары "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ (бұдан әрі - Компания)
негізгі мақсаты электрондық үкімет құру үшін базалық инфрақұрылым қалыптастыру
және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің қалыптасуына жәрдемдесу
болып қала береді.

Осыған байланысты жоспарланып отырған кезеңде Компанияның негізгі міндеттері
:

нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз етуді жетілдіру;

"электрондық" үкімет қызметтеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету;
мемлекеттік органдардың электрондық қызметтерін қалыптастыру және дамыту;

"электрондық үкімет" инфрақұрылымының базалық құрамдауыштарын
қ а л ы п т а с т ы р у ;

ведомствоаралық және типтік ведомстволық ақпараттық жүйелерді құру және
д а м ы т у ;

жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін құру;
"электрондық үкіметтің" ақпараттық инфрақұрылымын қорғауды қамтамасыз ету;

"Электрондық үкімет" инфрақұрылымын қалыптастырудың мемлекеттік
бағдарламасының орындалуын қоғамдық қолдауды қамтамасыз ету болып табылады.

Компания 2006 жылы 859,7 млн. теңге, 2007 жылы 959,7 млн. теңге, 2008 жылы 1058,3 млн. теңге негізгі қызметтен кіріс алуға жоспарлануда. 2006 жылы 47,9 млн. теңге, 2007 жылы - 48,1 млн. теңге, 2008 жылы - 52,6 млн. теңге мөлшерінде таза пайда алуға жоспарлап отыр, оның ішінде бюджетке мемлекеттік акциялар пакетіне 2006 жылы 14,5 млн. теңге, 2007 жылы 15,0 млн. теңге және 2008 жылы 15,8 млн. теңге мөлшерінде дивидендтер аудару жоспарланып отыр.

"Қазпочта" АҚ

"Қазпочта" АҚ (бұдан әрі - Компания) таяу перспективада дамуының негізгі мақсаты жоғары сапалы деңгейде ұсынылатын почта-жинақтау қызметтерге еркін қол жетімділікті қамтамасыз ете алатын өңірлік инфрақұрылымды дамыту және жаңғырту
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

Компанияның материалдық-техникалық базасын жетілдіру және қазіргі заманғы
т е х н о л о г и я л а р д ы е н г і з у ;

почта-жинақтау қызметтерін ұсыну сапасын арттыру;
көрсетілетін қызметтер аясын кеңейту және қазіргі заманғы банктік өнімдер мен Интернетке бағдарланған қызметтерді енгізу үшін технологиялық база құру;
почта-жинақтау қызметтерін дамыту үшін қаржы тетіктерін қалыптастыру;
басқарудың қазіргі заманғы технологияларын енгізу.

Қойылған міндеттерге қол жеткізу мынадай іс-шараларды жүзеге асыруды
б о л ж а й д ы :

қалалық, аудандық және ауылдық деңгейлерде өңірлік желіні дамыту;
прогрессивтік технологиялар базасында почта-жинақтау қызметтерінің жаңа
т ү р л е р і н е н г і з у ;

почта-жинақтау қызметтерін көрсету сапасын арттыру.

Шетелдік ұйымдармен және почта әкімшіліктерімен халықаралық
ы н т ы м а қ т а с т ы қ т ы дамыту саласында Компания:

біртұтас почта аумағын сақтау және дамыту үшін Дүниежүзілік почта одағының органдарымен, өңірлік почта одақтарымен, шетелдік почта әкімшіліктерімен ынтымақтастықты;

почта жөнелтілімдерін жіберудің бақылау мерзімдерін сақтауды жалғастырады.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары:

Инвестицияларды өңірлік инфрақұрылымды дамытуға жіберу капиталдық және ақпараттық-технологиялық жайластыру деңгейі бойынша почта-жинақтау қызметтерінің стандартты тізбесін сапалы негізде көрсетуге мүмкіндік береді. Мынадай іс-шаралар басым болып айқындалған: өңірлік желіні және магистральдық бағыттарды оңтайландыру мақсатында почта жөнелтілімдерін жеткізу жиілігін және оларды жеткізу мерзімдерін қоса алғанда, почта байланысын пайдалану көрсеткіштерін жақсарту.

Алға қойылған мақсаттарға табысты қол жеткізу үшін таяу перспективада көрсетілетін қызметтер аясын кеңейтуге, олардың жаңа түрлерін енгізуге көп назар аударылады, оның ішінде:

EMS Kazpost курьерлік қызметін дамыту және халықаралық жедел почта саласында әлемнің аса ірі почта әкімшіліктерімен ынтымақтастық;

тапсырыстар бойынша сәлемдемелік сауда жүйесінің шегінде сервистік қызмет көрсету арқылы "Тауар-Почтамен" каталогтары бойынша, оның ішінде Интернет арқылы почталық сауданы ұйымдастыру және дамыту;

халықтың тұрғын үй жинақтарын және тұтыну кредиттерін беруді тарту жөніндегі агенттік қызметтерді дамыту;

кеңейтілген функционалдық мүмкіндіктері бар банкоматтарды пайдалану және POS терминалдарды орнату арқылы пластикалық карточкалар қызметтерін енгізу;

сақтандыру ұйымдары мен зейнетақы қорларына шарттар жасасу, зейнетақы жинақтары туралы хабарламаларды жеткізіп беру жөнінде агенттік қызметтер көрсету саласын кеңейту.

Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық дамуына, жәрдемдесу үшін Компания 2006-2008 жылдары біртұтас ақпараттық кеңістікке қол жетімділікті қамтамасыз ететін және технологиялық дамудың базалық тұғыры болатын технологиялық процестерді жаңғырту және автоматтандыру процесін жалғастыруды жоспарланып отыр. Негізгі іс-шаралар ретінде мыналар айқындалды:

корпорациялық ақпараттық жүйені енгізуді аяқтау;

Компанияның ауылдық өңірлік желісін компьютерлендіру;

Компанияның материалдық-техникалық базасын жаңғыртуды жүзеге асыру және қазіргі заманғы технологияларды енгізу;

жоғары технологиялық қызметтерді енгізу үшін техникалық негіз құру.

2006-2008 жылдары шығатын жазбаша хат-хабардың көлемін 36,5 млн. бірлікке дейін немесе 2004 жылға қатысты 11,3 %-ға ұлғайтуды қамтамасыз ету, 2006-2008

жылдары сәлемдемелерді қабылдау деңгейін 1,57 млн. бірлікке дейін немесе 2004 жылмен салыстырғанда 4,7 %-ға арттыру жоспарланып отыр, мерзімді баспа басылымдарының көлемін 2004 жылға қатысты 23,7 %-ға өсіруді қамтамасыз ете отырып, 194,0 млн. бірлікке дейін жеткізу ұйғарылған. 2008 жылы қабылданған жеделдетілген почта жөнелтілімдерінің санын 370 мың бірлікке немесе 2004 жылмен салыстырғанда 5,7%-ға арттыру жоспарланады.

Компания 2006 жылы 8470,2 млн. теңге, 2007 жылы 9528,9 млн. теңге, 2008 жылы 10624,5 млн. теңге негізгі қызметтен кіріс алуда жоспарлануда. 2006 жылы 174,2 млн. теңге, 2007 жылы - 175,7 млн. теңге, 2008 жылы - 177,5 млн. теңге мөлшерінде таза пайда алуды жоспарлап отыр, оның ішінде бюджетке мемлекеттік акциялар пакетіне 2007 жылы 50 млн. теңге және 2008 жылы 55 млн. теңге мөлшерінде дивидендтер аудару жоспарланып отыр.

"Қазақтелеком" АҚ

Экономиканың өрлеуімен, іскерлік белсенділіктің жандануымен, халық табысының біршама өсуімен сипатталатын қолайлы макроэкономикалық факторлар болжанып отырған кезеңде телекоммуникация қызметтерін көрсетуге деген көтеріңкі сұранысты қалыптастырады және телекоммуникациялар рыногының серпінді дамуына септігін т и г і з е д і .

"Қазақтелеком" АҚ (бұдан әрі - Компания) жоспарланып отырған кезеңге арналған м а қ с а т ы :

- 1) мемлекеттік басқару органдары мен қоғамның телекоммуникациялық қызметтердің барлық түрлерін алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- 2) рыноктық құнды тұрақты ұзақ мерзімді өсіру болып табылады.

Компанияның алдағы кезеңге арналған міндеттері:

- 1) өзінің рыноктағы позициясын нығайту;
- 2) бизнеске бағдарланған ішкі және сыртқы саясатты қалыптастыру;
- 3) бәсекеге қабілетті әрі қазіргі заманғы телекоммуникациялық инфрақұрылымды қ а л ы п т а с т ы р у .

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары:

- 1) қазіргі заманғы телекоммуникациялық инфрақұрылымды қалыптастыруды аяқтау ;
- 2) жоғары табысты сегменттерде бизнесті жандандыру;
- 3) қызметтер мен клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру.

Негізгі телефон аппараттарының саны 2006 жылы 2004 жылмен салыстырғанда 5,9%-ға өседі және 2,4 млн. бірлікті құрайды. Қалааралық, халықаралық телефон трафигі 13%-ға өседі және 1,8 млрд. минутты құрайды.

Дивидендтер төлеу заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Өткен жылдың

қорытындылары бойынша дивидендтер болжамы 2006 жылы 4600 млн. теңгені, 2007 жылы 4500 млн. теңгені, 2008 жылы 4500 млрд. теңгені, оның ішінде мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер бойынша тиісінше 2600 млн. теңгені, 2500 млн. теңгені және 2500 млн. теңгені құрайды.

Компанияның тәуелді ұйымдарға қатысты 2006 - 2008 жылдарға арналған дивидендтік саясатында Компания дивидендтер төлеуге таза кірістің шамамен 20%-ын жұмсайтын болады деп ұйғарылып отыр. Компания алатын дивидендтер тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталындағы оның үлесі негізінде есептелетін болады.

2006 - 2008 жылдары тәуелді ұйымдардан дивидендтердің жиынтық түсімдер болжамы жыл сайын 2500 млн. теңгені құрайтын болады.

Болжам бойынша негізгі қызметтен түсетін кірістер 2006 жылы 85400 млн. теңгені, 2007 жылы 87200 млн. теңгені, 2008 жылы 89300 млн. теңгені құрайды. Компанияның эксклюзивтік құқығын алып тастау және бәсекелестікті дамыту нәтижесінде қалааралық, халықаралық байланыс кірістері 2005 жылдың деңгейінде қалады деп болжанып отыр. Тарифтерді қайта теңгерімдеу және желіні кеңейту нәтижесінде жергілікті байланыс бойынша кірістер 2005 жылғы 18500 млн. теңгеден 2007 жылы 19000 млн. теңгеге дейін өседі.

Телекоммуникациялар саласын ырықтандыру жағдайларында бәсекелі ортаның дамуы рентабельділіктің 2005 жылғы 33,3 %-дан 2008 жылы 30,3 %-ға дейін төмендеуіне түрткі болды.

Болжам бойынша таза пайда 2006 жылы 27100 млн. теңгені, 2007 жылы 27000 млн. теңгені, 2008 жылы 27100 млн. теңгені құрайтын болады.

Инвестициялық бағдарлама мынадай басым жобаларды іске асыруға бағытталады:

- 1) Ұлттық ақпараттық супермагистраль (МАСМ) салуды жалғастыру;
- 2) жергілікті телекоммуникациялар желісін жаңғырту және дамыту;
- 3) деректер беру желісін дамыту;
- 4) коммерциялық жобаларды дамыту.

2007 жылы ҰАСМ-ның құрылысы аяқталады, жергілікті желілерді цифрландыру деңгейін құрастырылған сыйымдылықтың 60%-ына дейін қамтамасыз ету көзделіп отыр. Қазіргі заманғы цифрлық жабдықтар базасында жергілікті телекоммуникациялар желілерін жаңғырту және дамыту, желіні оңтайландыру мен оны пайдалану жөніндегі жұмыстар жалғасады. Компания алдағы уақыттағы қызметінде озық технологияларды пайдалану негізінде телекоммуникациялық қызметтер аясын кеңейтуге басым мән беретін болады.

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" АҚ

Жоспарланып отырған кезеңде "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" АҚ (бұдан әрі - Компания) дамыту сыртқы және ішкі факторлардың ықпалымен

жүргізілетін

болады.

Компанияны дамытудың негізгі мақсаттары:

- 1) жолаушыларды, жүктерді, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау кезінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 2) саланың сапалы, одан әрі тұрақты дамуды қамтамасыз ететін жаңа ақпараттық және техникалық деңгейге көшуі;
- 3) Қазақстанның транзиттік әлеуетін дамыту жолымен транзиттік тасымалдар көлемін арттыру;
- 4) жүктемесі көп учаскелерді электрлендіруді жүргізу;
- 5) темір жол көлігін одан әрі қайта құрылымдау;
- 6) қаржылық тұрақтылықты нығайту болып табылады.

Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Компания мынадай міндеттерді шешуді көздей отыр:

- 1) негізгі құралдарды жаңарту және жаңғырту;
- 2) барлық ақпарат ағындарын біріктіретін және тасымалдау процесі туралы барлық деректерді шоғырландыратын бірыңғай ақпараттық желі құру;
- 3) өндірістік процестерді автоматтандыру және механикаландыру;
- 4) жүктерді шекаралас елдердің темір жол учаскелерін пайдаланбай ел аумағымен барынша қысқа бағыттар бойынша тасымалдауға мүмкіндік беретін, сондай-ақ табиғи ресурстардың перспективалы кен орындары мен жаңа өндірістік орталықтарды игеру, ұлттық экономиканың ауданаралық көлік байланыстарын ұтымды ету, жаңа көліктік бағыттар мен транзиттік дәліздер құру сияқты маңызды міндеттерін шешу үшін жаңа темір жол желілерін салу;
- 5) қабылдау-өткізу пункттерін жақсарту және дамыту;
- 6) темір жол көлігі саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
- 7) ресурстарды ұтымды пайдалана отырып, шығыстарды оңтайландыру.

Жоспарланып отырған кезеңде әлеуметтік-экономикалық дамудың жалпы бағыты сақталады және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары мен Темір жол көлігін қайта құрылымдау бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін болады.

Жолдың жоғарғы құрылысын оңалту, барлық тасымалдау бөлімшелерін бірыңғай диспетчерлік орталыққа біріктіре отырып, толық автоматтандырылған диспетчерлік басқару жүйелерін енгізу, электрмен жабдықтау, белгі беру және байланыс құрылғыларын жаңғырту, инженерлік құрылыстарды қайта жаңғырту, бағыттамалы бұрмаларды ауыстыру және т.б. сияқты жолаушыларды, жүктерді, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау кезінде қозғалыс қауіпсіздігін арттыру жөніндегі іс-шаралар бір мезгілде бірнеше бағыт бойынша жүргізілетін болады.

Темір жол көлігінде өндірістік процестің барлық кезеңдерін қадағалауға мүмкіндік

беретін ықпалдастырылған ақпараттық жүйе құру жоспарлануда.

Транзиттік тасымалдар көлемін арттыру, бұл үшін МТЖ құрылымын халықаралық стандарттарға сәйкес дамыту, қызмет көрсету сапасын жақсарту қажет.

Осы бағыт шеңберінде орта мерзімді кезеңде мынадай іс-шараларды іске асыру:

1) Алтынсарин - Хромтау жаңа темір жол желісін салуды аяқтау;
2) шекарадағы Достық станциясының өткізу қабілетін жылына 10 млн. тоннаға
д е й і н ұ л ғ а й т у ;

3) жаңа темір жол желілерін салу жөніндегі, оның ішінде Трансқазақстандық темір жол магистралын салу жобасы жөніндегі жұмысты жалғастыру жоспарланып отыр.

Экологиялық ахуалды жақсарту және темір жол көлігінің экономикалық тиімділігін арттыру мақсатында жоспарланып отырған кезеңде Екібастұз - Павлодар учаскесін
э л е к т р л е н д і р у д і а я қ т а у .

Темір жол көлігі саласын дамыту Қайта құрылымдау бағдарламасына сәйкес жүргізілетін болады. Темір жол көлігін қайта құрылымдаудың негізгі бағыттары саланы біртіндеп, экономикалық негізді түрде монополиясыздандыру және нормативтік құқықтық база тиісінше қамтамасыз етілген жағдайда тасымалдау және қамтамасыз ету қызметінде бәсекелі ортаны қалыптастыру болып табылады.

Жүк тиеу көлемінің өсуі есебінен болжамды жүк айналымы 2006 жылы 183 040 млн
т-км (2005 жылға қатысты 6,0%-ға ұлғаю) құрайды.

Жүк тиеу көлемінің өсуі есебінен болжамды жүк айналымы 2007 жылы 194 022 млн
т-км (2006 жылға қатысты 6,0%-ға ұлғаю) құрайды.

Жүк тиеу көлемінің өсуі есебінен болжамды жүк айналымы 2008 жылы 205 663 млн
т-км (2007 жылға қатысты 6,0%-ға ұлғаю) құрайды.

2006 жылы "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың негізгі қызметінен түсетін, тұрақты өндірістік-қаржылық қызмет пен Компанияның инвестициялық қажеттіліктерін жабу үшін қажетті кірістер кемінде 291 123 млн. теңгені құрауға тиіс, 2007 жылы кемінде 155 166 млн. теңгені құрауға тиіс, 2008 жылы кемінде 167 082 млн. теңгені құрауға тиіс

Компанияның негізгі қызметі бойынша шығыстар (өткізілген өнімнің өзіндік құны) 29637 млн. теңге мөлшерінде болжанып отыр. 2005 жылдың деңгейіне қатысты 2006 жылы шығыстардың өсуі 12,3 %-ды құрайды, 2007 жылы 20318 млн. теңге мөлшерінде, 2008 жылы 21361 млн. теңге мөлшерінде болжанып отыр.

2006 жылдың қорытындылары бойынша таза табыс 666 млн. теңге, 2007 жылы тиісінше - 7044 млн. теңге, 2008 жылы - 9225 млн. теңге мөлшерінде қаржылық оң нәтиже болжануда.

"Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ

"Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ (бұдан әрі - Компания) қызметінің мақсаты шығарылатын өнімді әртараптандыру, станок паркін жаңарту, ішкі рынокты өз өндірісінің өнімдерімен толтыру, инвестициялық және инновациялық жобаларды іске асыру, Компания кәсіпорындарының инвестициялық тартымдылығын арттыруға және стратегиялық инвесторларды іздеуге бағытталған іс-шаралар кешенін жүргізу, экспортқа бағдарланған (соның ішінде әскери) өнімді игеру және шығару, сондай-ақ әскери өнімдер шығаруды және қазақстандық армияға көрсетілетін қызметтерді ұлғайту болып табылады.

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу: кәсіпорындардың өндірістік әлеуетін тиімді пайдалану; менеджменттің, маркетингтің, қаржылық есепке алудың прогрессивтік әдістерін енгізу;

мемлекеттік, шетелдік, отандық инвестицияларды тарту; ИСО 9000 халықаралық стандарты бойынша сапа менеджменті жүйесін енгізу; франчайзинг және мемлекетаралық кооперация жүйесі арқылы технологиялар трансферті мақсатында әлемдік машина жасау өнімдерін шығарушыларды тарту; ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар жүргізу және өнім өткізудің жаңа рыноктарын игере отырып, жаңа жоғары технологиялық өнім түрлерін шығару көзделіп отыр.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары: Алға қойылған 2006-2008 жылдарға арналған міндеттерді шешу үшін мынадай іс-шараларды іске асыру:

қосарлы қолданылатын базалық технологияларды кеңінен пайдалану негізінде әскери және азаматтық өндірістерді ықпалдастыру;

техникалық, технологиялық және кадрлық жағынан барынша жарақтандырылған кәсіпорындарда қажетті жұмылдыру қуаттарын сақтау және әскери өнімнің өндірісін оқшауландыру;

қолданыстағы және жоспарланатын мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде жұмыс істеп тұрған өндірістер мен технологияларды жаңғыртуға және жаңаларын енгізуге белсенді жәрдем көрсету;

өндірістік алаңдар бойынша да, жабдықтар бойынша да өндірістік қуаттарды оңтайландыру;

Компания ішінде кәсіпорындардың ықтимал кооперациясы бойынша зерттеулер жүргізу және машина жасау кластерін құру;

мемлекеттік қорғаныс тапсырысының Компания кәсіпорындарына орналастырылуын қамтамасыз ету;

меншікті және қарыз қаражаты есебінен ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру көлемін ұлғайту; шығарылатын өнімнің өзіндік құнын төмендету;

материалдар мен құрамдауыштарды орталықтан сатып алуды қалыптастыру, сондай-ақ оларды Компания кәсіпорындарында өндіруді ұйымдастырудың орындылығына талдау жүргізу;

бірыңғай маркетингтік саясатты әзірлеу қажет.

2006 жылы өндірілетін өнімнің көлемін 9700 млрд. теңгеге дейін, 2005 жылдың деңгейінен 119,5% ұлғайту жоспарланып отыр.

2007 жылы өнім өндіру 11100 млн. теңгеге дейін ұлғаяды, бұл 2006 жылға 114%-ды құрайды.

2008 жылы 12900 млн. теңге көлемінде өнім өндіру жоспарланып отыр, бұл 2007 жылдың деңгейіне 116,6 %-ды құрайды.

2006 жылы Компания 11000 млн. теңгеге дейін, 2006 жылы 12600 млн. теңге кіріс алуды жоспарлап отыр, 2008 жылы Компанияның кіріс бөлігі 14300 млн. теңгені құрайды.

Компания кәсіпорындарының инвестициялық жобалары.

1. "Мұнаймаш" АҚ-тың инвестициялық бағдарламасы. Мұнай өндіретін кәсіпорындарға штангалы тереңдік сорғыларды жасау үшін "Мұнаймаш" АҚ-тың технологиялық базасын жаңарту. Құны - 468,5 млн.теңге;

2. "Семей машина жасау зауыты" АҚ-тың инвестициялық бағдарламасы. Тракторларға трансмиссияларды, қосалқы бөлшектерді жасауды, "КАМАЗ" автомобильдеріне демультипликаторларды жасауды көздейді. Құны - 2255,0 млн.теңге;

3. "Тыныс" АҚ-та композиттік баллондарды (956,8 млн.теңге) және полиэтилен құбырларын (199,0 млн.теңге) өндіру;

4. "Киров атындағы зауыт" АҚ-ты жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру бағдарламасы, жобаның құны - 123,5 млн. теңге;

5. Қазақстан Республикасының байланыс желілеріне арналған қазіргі заманғы цифрлық телекоммуникациялық жабдық жасау үшін "Омега" прибор жасау зауыты" АҚ-тың инвестициялық бағдарламасы (жобаның құны - 379,9 млн. теңге);

6. "Қазақстан патроны" инвестициялық бағдарламасында жауынгерлік және спорттық-аңшылық патрондарды өндіру көзделеді (2470 млн. теңге);

7. "КамАЗ" шассиі базасында автобустарды, самосвалдарды, арнайы автотехниканы, тіркемелер мен жартылай тіркемелерді автожинау өндірісін ұйымдастыруды көздейтін "Қазақстан - КамАЗ" автомобиль консорциумы.

"Астана халықаралық әуежайы" АҚ

"Астана халықаралық әуежайы" АҚ (бұдан әрі - Компания) болжанып отырған кезеңдегі басты мақсаты әуежайдың кірістілігін ұлғайту, тұрақты өсуді, әуе кемелері мен жолаушыларға қауіпсіз және жүйелі қызмет көрсетуді қамтамасыз ету болып

т а б ы л а д ы .

Жоспарланатын кезеңге арналған негізгі міндеттер:
авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету деңгейін арттыру;
транзиттік әлеуетті дамыту және пайдалану;
халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес әуежай инфрақұрылымын құру және техникалық жарақтандыруды жоғарылату;
әуе кемелері мен жолаушыларға қызмет көрсетудегі сапаның жоғары стандарттарына қол жеткізу болып табылады.

Қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында негізгі бағыттар болып:
Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы бағытта ұшатын шетелдік авиакомпанияларды Астанаға тарту;

әуежайдың инфрақұрылымын құру және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес оның техникалық жарақтандырылуын жоғарылату. Астаналық әуежайдың жаңа қуаттарын барынша пайдалануды қамтамасыз ету. Әуежайдың жаңа объектілерін 2005 жылы толық пайдалануға енгізу оның өткізу қабілетін екі есе ұлғайтты, бұл авиатасымалдар көлемін тиісінше ұлғайтуды талап етеді;

көрсетілетін авиациялық, сондай-ақ авиациялық емес қызметтерді үнемі жетілдіру жолымен қолайлы жағдайлар жасау жөнінде қажетті шараларды қабылдау, қосымша кіріс түсіретін жоғары технологиялық қызметтердің жаңа түрлерін әзірлеу және к ө р с е т у ;

әуежайды пайдаланып жүрген, сондай-ақ әлеуетті клиенттерге қатысты белсенді маркетингтік стратегия жүргізу жолымен өңірдегі бәсекелік позицияны күшейту а й қ ы н д а л д ы .

Компания 2006 жылы 5193,0 млн. теңге, 2007 жылы 5556,5 млн. теңге, 2008 жылы 5889,9 млн. теңге таза табыс алуын жоспарлауда.

"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" АҚ

"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" АҚ (бұдан әрі - Компания) негізгі мақсаты Ұлттық электр желісінің жұмыс істеу сенімділігін одан әрі арттыру және көрсетілетін қызметтер сапасын жоғарылату болып табылады.

Осыған байланысты 2006-2008 жылдар кезеңінде мынадай міндеттерді шешу:

"KEGOC" АҚ-тың көліктік жүйесін оңалтуға бағытталған "Қазақстан Республикасының Ұлттық электр желісін жаңғырту" жобасын аяқтау және энергия жүйесін диспетчерлік басқаруды жетілдіру;

қолданыстағы транзиттің сенімділігін арттыруға, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстандағы электр энергиясының тапшылығы мен қуатын жабуға мүмкіндік беретін "Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстік" жобасын іске асыруды қоса алғанда, Ұлттық электр желісін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету;

Ұлттық электр желісін жаңғырту жобасын және "Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі" жобасын іске асыру үшін тартылған қарыз қаражаты бойынша Компания міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету;

Компания теңгеріміндегі электр желілері объектілерін жөндеу және пайдалану жөніндегі қажетті жұмыстарды жүргізу, сондай-ақ жабдықтардың ескіргендерін жаңартуға және жаңа жабдық орнатуға қажетті инвестицияларды жүзеге асыру.

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін Компания:

Компанияның және Қазақстан Республикасының Біртұтас энергетикалық жүйесінің басқару құрылымын жетілдіру, Ұлттық электр желісінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының Біртұтас электр желісі көрсететін қызметтердің сапасы мен жұмыс істеу сенімділігін арттыру үшін электр желілерін дамыту, осы заманғы жаңа технологияларды енгізу жөнінде жұмыстар жүргізуді;

"Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі" транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісін с а л у д ы жү з е г е а с ы р у д ы ;

Компанияның қызметіне байланысты негіздемелі шығындарды ұлғайту кезінде, сондай-ақ қарыз қаражаты бойынша міндеттемелерді төлеуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігіне тарифтер деңгейін өзгертуге арналған өтінімдер ұсынуды;

2006 жылы электр энергиясын техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көлемі 65,8 млрд. кВт.с., 2007 жылы 67,1 млрд. кВт.с., 2008 жылы 69,5 млрд. кВт.с. деңгейінде ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Компания желілері бойынша электр энергиясын беру көлемі 2006 жылы 34,1 млрд. кВт.с. мөлшерінде жоспарлануда. 2007 жылы көлем 1,19 млрд. кВт.с.-ға ұлғаяды және 35,3 млрд. кВт.с. құрайды, ал 2008 жылы электр энергиясын беру көлемі 36,5 млрд. кВт.с. көлемінде жоспарланып отыр.

Компания негізгі қызметтен:

2006 жылы 19500 млн. теңге (2005 жылға қатысты 6,2 %-ға ұлғаю), 2007 жылы 21000 млн. теңге және 2008 жылы 23800 млн. теңге кіріс алуды жоспарлап отыр.

"Қазақ ақпарат агенттігі" ҰК" АҚ

2006-2008 жылдар кезеңінде "Қазақпарат" ҰК" АҚ (бұдан әрі - Компания) мақсаты мықты корреспонденттік жүйесі бар, Қазақстан Республикасы мен Орталық Азия және Каспий жағалауы елдерінің ақпараттық қажеттілігін қамтамасыз ететін, ақпарат алу, беру және өңдеу саласындағы жоғары мемлекетаралық ақпараттық технологияларды қолдана отырып жұмыс істейтін ақпараттық-талдамалық агенттікті қалыптастыру б о л ы п т а б ы л а д ы .

Компанияның алдағы кезеңге арналған негізгі міндеті ақпараттық сипаттағы хабарларды қалыптастыру мен таратудың сапалық және сандық көрсеткіштерін

жақсарту, сондай-ақ Компанияның өндірістік-шаруашылық қызметін жақсарту болып табылады.

Компанияның міндеттері:

бизнеске бағдарланған даму стратегиясын қалыптастыру және дамыту;
ақпарат өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату;
ақпараттық және техникалық инфрақұрылымды жетілдіру;
ақпараттық материалдардың сапасын жақсарту;

Қазақстан мен шетелдік тұтынушылар резиденттеріне ақпарат жаңалықтарын беру жөніндегі жедел және толық ауқымды сервисті қамтамасыз ету;
корреспонденттік желіні кеңейту, сондай-ақ республика ішіндегі және шетелдердегі корреспонденттік пункттердің қызметін жақсарту үшін жағдайлар жасау;

Компания қызметінің қаржы-экономикалық көрсеткіштерін жетілдіру болып табылады.

Компанияның инвестициялық бағдарламасы шеңберінде 2006-2008 жылдары шетелдік корреспонденттік пункттерді құру және материалдық-техникалық жарақтандыру жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыруды жүзеге асыру көзделіп отыр. Осы жоба шеңберінде 10-нан астам алыс және жақын шет елдерде компанияның корреспонденттік пункттерін ашу көзделуде. Аталған проблемаларды шешу үшін қажетті компьютерлік, коммуникациялық және басқа да техникалық жабдық сатып алуды жүзеге асыру ұйғарылып отыр. Бұл жобаны іске асыруға арналған болжамды шығыстар 55000 мың теңгені құрайды. Жобаны іске асыру мерзімі - 2006-2008 жылдар. Инвестициялық жобаны қаржыландыру көзі компанияның меншікті қаражаты болып табылады.

Ұлттық компанияларды дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған негізгі көрсеткіштері

Орташа айлық жалақының көрсеткіштері

мың теңге)

Компаниялардың атауы	2004 ж. факт	2005 ж. бағалау	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам	2008 ж. болжам
"KEGOC" АҚ	52,1	58,6	60,5	62,2	63,9
"ҚазМұнайГаз" АҚ	108,3	124,9	127,9	130,6	133,6
"Қазатомөнеркәсіп" АҚ"	48,8	48,9	49,1	51,2	53,4
"Астана халықаралық әуежайы" АҚ	40,5	52,3	42,1	44,2	46,4
"Қазақтелеком" АҚ	43,1	47,8	50,9	54,6	56,7
"Қазпочта" АҚ	19,1	24,6	28,9	31,9	35,8
"Қазақстан темір жолы" АҚ	37,5	45,9	48,9	48,2	50,3
"ҰАТ" АҚ	59,1	56,6	81,3	81,3	88,8

"Азық-түлік корпорациясы" АҚ	74	111,48	136,4	139,8	143,4
"Қазақпарат" АҚ	43,7	66,5	66,1	76,3	91,1
"Қазақстан инжиниринг ҰК" АҚ	22,4	27,9	31,1	34,1	37,9
"Қазғарыш" ҰК" АҚ*					

* - "Қазғарыш" Ұлттық Компания" АҚ даму жоспарын табыс еткен жоқ, өйткені Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 242 қаулысымен құрылған

Қызметкерлердің саны (адам)

Компаниялардың атауы	2004 ж. факт	2005 ж. бағалау	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам	2008 ж. болжам
"KEGOC" АҚ	3835	3951	4110	4308	4350
"ҚазМұнайГаз" АҚ	32751	34856	35947	36104	36275
"Қазатомөнеркәсіп" АҚ	16446	17143	18222	18382	18761
"Астана халықаралық әуежайы" АҚ	804	1100	1436	1436	1436
"Қазақтелеком" АҚ	33220	32720	32220	31720	31220
"Қазпочта" АҚ	13720	14376	14400	14700	14700
"Қазақстан темір жолы" АҚ	78872	79293	80369	75089	76109
"ҰАТ" АҚ	274	381	460	550	600
"Азық-түлік корпорациясы" АҚ	310	320	340	350	360
"Қазақпарат" АҚ	102	154	155	155	155
"Қазақстан инжиниринг ҰК" АҚ	7082	6601	6953	7099	7174
"Қазғарыш" ҰК" АҚ*					
Барлығы	187416	190895	194612	189893	191140

* - "Қазғарыш" Ұлттық Компания" АҚ даму жоспарын табыс еткен жоқ, өйткені Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 242 қаулысымен құрылған

Ж а л а қ ы қ о р ы

(млн.теңге)

Компаниялардың атауы	2004 ж. факт	2005 ж. бағалау	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам	2008 ж. болжам
"KEGOC" АҚ	2398,9	2776,1	2984,6	3213,8	3333,8
"ҚазМұнайГаз" АҚ	42254,8	52032,1	54963,4	56379,1	57950,1
"Қазатомөнеркәсіп" АҚ	9241,6	10056,5	10729,3	11285,9	12019,6

"Астана халықаралық әуежайы" АҚ	390,6	690,1	724,6	760,8	798,9
"Қазақтелеком" АҚ	17200,9	19492,9	19713,6	20768,9	21259,3
"Қазпочта" АҚ	3292,6	4242,1	4995,3	5641,9	6318,9
"Қазақстан темір жолы" АҚ	35529	43700	47195	43418	45906
"ҰАТ" АҚ	194,2	258,8	448,9	536,3	639,5
"Азық-түлік корпорациясы" ЖАҚ	275,3	428,1	556,5	587,1	619,4
"Қазақпарат" АҚ	53,5	123	123	141,9	169,4
"Қазақстан инжиниринг ҰК" АҚ	1903,9	2209,9	2597,6	2906,7	3261,7
"Қазғарыш" ҰК" АҚ*					
Барлығы	112735,3	136009,6	145031,8	145640,4	152276,6

* - "Қазғарыш" Ұлттық Компания" АҚ даму жоспарын табыс еткен жоқ, өйткені Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 242 қаулысымен құрылған

Негізгі қызметтен түсетін кіріс (млн.теңге)

Компаниялардың атауы	2004 ж. факт	2005 ж. бағалау	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам	2008 ж. болжам
"КЕГОС" АҚ	16835,7	18386,6	19520,8	20978,2	23813,1
"ҚазМұнайГаз" АҚ	461372,9	449141,9	454885,6	457110,9	445956,3
"Қазатомөнеркәсіп" АҚ	3713,6	5076,0	4737,8	6776,1	13593,6
"Астана халықаралық әуежайы" АҚ	2981,3	4852,9	5193,0	5556,5	5889,9
"Қазақтелеком" АҚ	80096,4	83466,3	85452,3	87255,0	89351,2
"Қазпочта" АҚ	6456,4	7421,9	8470,2	9528,9	10624,5
"Қазақстан темір жолы" АҚ*	224237	259267	291123	155166	167082
"ҰАТ" АҚ	541,5	673,6	859,7	959,7	1058,3
"Азық-түлік корпорациясы" АҚ	28512,9	28799,5	27581,6	29236,5	30698,3
"Қазақпарат" АҚ	129,5	201,7	227,8	259,1	282,5
"Қазақстан инжиниринг ҰК" АҚ	6850,8	9611,8	10896,9	12467,5	14210,2
"Қазғарыш" ҰК" АҚ*					
Барлығы	831728	866899,2	908948,7	785294,4	802559,9

* - "Қазғарыш" Ұлттық Компания" АҚ даму жоспарын табыс еткен жоқ, өйткені Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 242 қаулысымен құрылған

Т а з а п а й д а

(млн.теңге)

Компаниялардың атауы	2004 ж. факт	2005 ж. бағалау	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам	2008 ж. болжам
"KEGOC" АҚ	1613,2	92,9	126,9	350,0	2252,5
"ҚазМұнайГаз" АҚ	74936,4	54874,8	55420,8	53874,9	42491,7
"Қазатомөнер-кәсіп" АҚ	2647,9	10503,8	3735,2	6332,9	11482,0
"Астана халықаралық әуежайы" АҚ	587,9	139,6	-1452,3	-1481,3	-1553,7
"Қазақтелеком" АҚ	26917,6	27823,8	27143,6	27012,7	27058,7
"Қазпочта" АҚ	158,8	172,3	174,2	175,7	177,5
"Қазақстан Темір жолы" АҚ*	10250	0	666	7044	9225
"ҰАТ" АҚ	50,4	51,9	47,9	48,1	52,6
"Азық-түлік корпорациясы" АҚ	549,0	550,9	588,6	647,5	699,2
"Қазақпарат" АҚ*	-59,5	0,5	15	27,6	35,0
"Қазақстан инжиниринг ҰК" АҚ	235,9	366,9	549,9	643,6	1048,2
"Қазғарыш" ҰК" АҚ*					
Барлығы	116274,4	94577,4	87015,8	94575,7	92968,7

* - "Қазғарыш" Ұлттық Компания" АҚ даму жоспарын табыс еткен жоқ, өйткені Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 242 қаулысымен құрылған

Мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер (млн.теңге)

Компаниялардың атауы	2004 ж. факт	2005 ж. бағалау	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам	2008 ж. болжам
"KEGOC" АҚ	191,0	161,3	9,3	12,7	35,0
"ҚазМұнайГаз" АҚ	2949,2	2000	2000	2000	2000
"Қазатомөнер-кәсіп" АҚ					
"Астана халықаралық әуежайы" АҚ					
"Қазақтелеком" АҚ	1910,1	2451,7	2560,3	2496,1	2483,7
"Қазпочта" АҚ				50,00	55,00
"Қазақстан темір жолы" АҚ			67	704	923
"ҰАТ" АҚ			14,5	15,0	15,8
"Азық-түлік корпорациясы" АҚ	274,5	275,5	294,3	323,8	349,6
"Қазақпарат" АҚ					

"Қазақстан инжиниринг ҰК" АҚ	31,8	32,1	38,2	45,7	64,1
"Қазғарыш" ҰК" АҚ*					
Барлығы	5356,6	4920,6	4983,6	5647,3	5926,2

* - "Қазғарыш" Ұлттық Компания" АҚ даму жоспарын табыс еткен жоқ, өйткені Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 242 қаулысымен құрылған

И н в е с т и ц и я л а р

(млн.теңге)

Компаниялардың атауы	2004 ж. факт	2005 ж. бағалау	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам	2008 ж. болжам
"КЕГОС" АҚ	10966,9	14837,5	11043,0	19754,0	19465,4
"ҚазМұнайГаз" АҚ	105616,4	142896,2	125483,2	87195,5	80541,7
"Қазатомөнеркәсіп" АҚ	9162,3	33987,0	36160,9	36572,5	36600,8
"Астана халықаралық әуежайы" АҚ	15339	2905	901	0	0
"Қазақтелеком" АҚ	16894,7	30712,1	26986,0	23763,0	20860,0
"Қазпочта" ЖАҚ	875,7	3032,6	4359,6	7174,7	292,0
"Қазақстан темір жолы" АҚ	38816	-	34987	38675	36499
"ҰАТ" ЖАҚ	18,3	36,0	93,0	74,00	125,0
"Азық-түлік корпорациясы" АҚ		1292,8	258,1	259,9	278
"Қазақпарат" АҚ			10	15	30
"Қазақстан инжиниринг ҰК" АҚ	147,4	3791,4	89,9	94,9	46,2
"Қазғарыш" ҰК" АҚ*					
Барлығы	197836,7	233490,6	240371,7	213578,5	194738,1

* - "Қазғарыш" Ұлттық Компания" АҚ даму жоспарын табыс еткен жоқ, өйткені Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 242 қаулысымен құрылған